

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

«ТАРИХ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ» КАФЕДРАСЫ

ҚАМИЕВА Г.Б.

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ ТАРИХЫНАН
(XVIII – XIX ғ.ғ.)**

(Оқу құралы)

050114 – «Тарих»

Ақтау – 2010

ӨӘЖ 397/395 (075.8)

ББК63.5 қаз я 73

Қ31

Пікір жазғандар: ф.ғ.д. Өтелбаев К.Т.,

т.ғ.к. «Болашақ» институтының доценті Бекешов С.С.,

ф.ғ.к. доцент Демеуова А.А.

Қамиева Г. Б. Қазақ халқының этнографиялық зерттелуі тарихынан (XVIII – XIX ғ.ғ.): Оқу құралы. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010. – 75 бет.

ISBN 978-601-7276-09-6

Оқу құралында қазақ халқының XVIII ғасырдың екінші ширегінен бастап – XIX ғасырдың аяғына дейінгі этнографиялық зерттелуінің тарихы зерделенген.

Патша үкіметінің XVIII – XIX ғ.ғ. Қазақстанды этнографиялық тұрғыда зерттеуді қолға алуы мен зерттеу экспедицияларын ұйымдастырудағы мақсаты, Ресей ғылыми қоғамдарының, ғалымдары мен этнографтарының қазақ халқының этнографиясын зерттеу барысында жүргізген жұмыстары мен атқарған іс-шаралары, ұстанған бағыттары, қазақ этнограф-ғалымдарының қызметі туралы жүйелі, нақты қарастырылған.

Оқу құралы екі тараудан тұрады. Маңызды оқиғалардың тізбегі және студенттердің өзін-өзі бақылауы үшін тесттік тапсырмалар келтірілген.

Оқу құралы қазақ тілінде жазылған және «Тарих» мамандығы студенттері үшін «Этнология», «Қазақстан тарихының тарихнамасы», «Қазақстан тарихы» пәндерін меңгеруі барысында тиімді көмекші құрал болып табылады.

Жоғары оқу орындарының студенттері мен көпшілік оқырманға арналады.

ББК63.5 қаз я 73

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

ISBN 978-601-7276-09-6

©Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010 ж.

КІРІСПЕ

Бірде-бір ғылымның өзінің тарихын терең зерттемейінше дами алмайтындығы баршаға аян. Мұндай зерттеулер қол жеткен жетістіктерді жақсы игеруге және ғылымның ілгері жылжуына көмектеседі. Қазақ халқының қоғамдық құрылысын, арғы тегін, тұрмысы мен заттай және рухани мәдениетінің түбегейлі тарихын жақсы білу үшін этнографиялық деректер мен зерттеулердің алатын орны ерекше. Салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрпымызды, жалпы ұлттық ерекшелігімізді өзгелерге танытып, танылғымыз келсе, этнографиялық зерделеу жұмыстарының барысында жиналған бай мағлұматтарға ғылыми мән беріп, ғылыми еңбектер, оқу құралдарын жазып, қалың жұрттың игілігіне пайдалануға беруіміз керек. Егер орыс этнографиясының зерттелу тарихы біраз табыстарға қол жеткізсе, ХХ ғасырдың 50-жылдарының ортасына дейін қазақ халқының этнографиялық зерттелу тарихы бірнеше мақалалардан әрі аспады, солардың ішінде И.В.Захарованың тек бір мақаласы Кеңестік дәуірді қамтыды.

1917 жылға дейінгі қазақтарға арналған орыс еңбектерінде тарихнамалық шолулар жасалмады. Көптеген ғылыми жарияланымдардың суреттеушілік сипаты мен жанамалылығы қате тұжырымдар мен баға берулердің сыналмайтындығына алып келді.

Тек қазақ халқының көрнекті ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің еңбектерінде ғана орыс әдебиетін сынау басталады. Ш.Уәлиханов ХІХ ғасырдың ортасының өзінде қазақтарға арналған барлық орыс әдебиетін өткір сынға алады. Ол осы әдебиеттің оң және теріс жақтарына әділ бағасын береді. Бірақ оның сынаулары, объективті, әділетті болғандықтан және мақсатты көздегендіктен, белгілі бір дәрежеде эпизодтық сипатқа ие болды. Ол арнайы тарихнамалық жұмыс жазған жоқ. Ш.Уәлихановтың құнды сыни пікірлері оның көптеген жұмыстарында келтіріледі.

ХІХ ғасырдың ортасында қазақтардың тарихнамасын өзге зерттеген авторлардың қатарында П.С.Савельев және Я.В.Ханыковтар танымал. Әсіресе, Савельевтің «Орта Азия» (1848 ж.) деп аталатын жұмысы ерекше мазмұнды болып табылады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы орыс тарихнамасында демократиялық бағыттың реакциялық бағытпен күресінің жандануымен ғылыми сынның одан әрі дамуы байқалады. Қазақтар туралы ашық реакциялық пікірлер ғалымдардың көпшілігінің тарапынан тойтарыстарға ұшырай бастайды. Ғылыми сынның және қазақтарды объективті зерттеудің дамуына Г.Н.Потаниннің және А.Е.Алекторовтың, сондай-ақ Қазақ даласына жер аударылған бірқатар саяси қайраткерлердің еңбектері елеулі әсерін тигізеді. Өзінің «Нұсқаулығында» Алекторов алғаш рет қазақтарға арналған орыс тіліндегі этнографиялық әдебиеттің мол байлығын көрсетеді және оның негізгі кемшіліктерін анықтауға әрекет жасайды.

Бірақ сол кезде арнайы тарихнамалық әдебиеттер жазылмады. Тек А.Н.Пыпин (1833 – 1904 ж.ж.) ғана өзінің «Орыс этнографиясының тарихы» деген кітабының төртінші бөлімінде өзінің алдына осы міндетті қояды, бірақ оны жүзеге асырудан бас тартады.

Қазақтар туралы әдебиеттерге тарихи талдау жасау әрекеттері ХХ ғасырдың басында да жасалады. Бірақ қазақ халқының ғылыми зерттелу тарихын буржуазиялық авторлар Қазақ даласының Ресейге қосылуымен және патша әскерлерінің Орта Азияға қарай жылжуымен байланыста қарастырады. Осы тұрғыда екінші мәселе бірінші орынға қойылып, бірінші мәселе тұншықтырылып тасталады. Тіпті Бартольдтың өзі де, орыс ғылымының қазақтарды зерттеу саласындағы жетістіктерін нақты көрсеткісі келсе де, осы дәстүрден ауытқып кете алмайды. 1911 жылы бірінші рет жарияланған өзінің «Еуропа және Ресейдегі Шығысты зерттеудің тарихы» деген дәрісінде ол қазақтар туралы тарихи-этнографиялық әдебиеттердің азды-кем толық тізімін келтіре алмайды, басты назарды царизмнің Қазақ даласына әскери, саяси және экономикалық басып-енуіне аударып, нақты ғылыми баға да бермейді.

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында жекелеген ғалымдар қазақтар туралы революцияға дейінгі әдебиеттерге дұрыс баға беруге талпынады, бірақ міндетті атқара алмайды. Алғашқы, бірақ 1920 жылдардағы баспасөзде нәтижесіз деп бағаланған осындай әрекетті А.П.Чулошников «Өзге түркі халықтарының жалпы тарихи тағдырларымен байланыстағы қазақ-қырғыз халықтарының тарихы бойынша очерктерінде» (1924 ж.) жасайды. Чулошниковтың сәтсіздіктері оның Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиеттерге немқұрайлы көзқарасынан туындайды.

Ғылыми баспасөздерде қазақ халқының тарихнамасының ғылымдағы шешімін таппаған мәселелердің қатарында екендігі жиі көтеріліп отырды.

ХХ ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында тарихнамалық зерттеулерде елеулі өзгерістер байқала бастайды. Жекелеген тарихнамалық мақалалар мен брошюралар баспа беттерін көріп, республика ғалымдары қазақтың атақты ағартушы-ғалымдары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің этнографиялық мұраларын талдауға кіріседі.

1956 жылы қарашада өткен Қазақстан халықтарының этнографиясын зерттеудің жай-күйі мен міндеттерін талдауға арналған Қазақ КСР-і ҒА қоғамдық ғылымдар Бөлімінің жалпы жиналысында Қазақстандағы этнографиялық ғылымның дамуы мәселелеріне үлкен назар аударылады. Жиналыста Қазақстандағы этнографиялық зерттеу жұмыстарының кемшіліктері мен олқылықтары терең және толық ашылған Қазақ КСР-і ҒА тарих, археология және этнография Институтының директоры А.Н.Нүсіпбековтың «Қазақстан халықтарының этнографиясын зерттеудің жай-күйі және міндеттері туралы» деген баяндамасы, В.В.Востровтың «Орта Азия және Қазақстан халықтарының тарихи-этнографиялық Атласын құрастыру жұмысы туралы» және И.В.Захарованың «1955 – 1956 ж.ж. этнографиялық жұмыстардың қорытындылары туралы» деген қосалқы баяндамалары тыңдалады, кемшіліктерді жоюдың жолдары мен нысандары қарастырылады. Баяндамашылар мен республиканың жетекші ғалымдары Георги, Кирилов, Рычков, Паллас, Левшин, Мейер, Красовский, Харузин, Аристов, Радлов, Бартольд, Диваев, т.б. этнографтардың бай мұраларының негізсіз қаралуға ұшырағанын әділетті түрде атап өтеді.

Жиналыстың қаулысы бойынша, этнография Бөлімінің кадрларын нығайту, Қазақстан халықтарының тұрмысы мен мәдениетін зерделеу саласының ғылыми зерттелуін кеңейтуді нығайту қарастырылады.

Бірақ көптеген маңызды шешімдер жүзеге асырылусыз қалады. Оның басты себептерінің қатарында қазақ халқының этнографиялық зерттелу дәрежесінің нақты еместігі аталады. Ең алдымен, қазақ этнографиясын зерттеуді қарастырған көптеген орыс және қазақ авторлардың көбінің есімдері мен өмірбаяны мүлдем белгісіз немесе аз танымал.

Тарихнамашылардың алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі ғылымның және ғылыми зерттеулердің тарихының дәуірленуі болды. Е.А.Масанов 1959 жылы қазақ халқының этнографиялық зерттелуінің барлық тарихын төмендегі үш кезеңдерге бөліп қарастырады:

- Орыс әдебиетінде қазақтар туралы алғашқы этнографиялық мәліметтердің пайда болуынан бастап, XIX ғасырдың ортасына дейін, бірнеше ғасырларды қамтитын Ресейдегі феодализм дәуіріне сәйкес келетін бірінші кезең;
- Ресейдегі капитализм және оның жоғарғы сатысы империализммен сәйкес келетін, XIX ғасырдың ортасынан – 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі аралықты қамтитын екінші кезең;
- 1917 жылдан бастап 1959 жылға дейінгі үшінші кезең.

Бұл дәуірленулер баспа беттерінде ешқандай қарсылыққа кездеспеді және автордың 1959 жылы жарық көрген «Ресейде 1845 жылға дейінгі Қазақстанның этнографиялық зерттелуі» деп аталатын еңбегінің негізгі құрылымын құрады.

Қазіргі кезде Қазақ халқының этнографиялық зерттелуі мол әдебиеттердің тізімін бере алады. Қазақтар жөніндегі орыс және батыс еуропалық деректерді бір жүйеге келтіріп, қазақтың этникалық тарихын, тұрмыс салтын ашып көрсетуге тырысқан, үш бөлімнен тұратын А.Левшиннің еңбегі болды. Еңбегінің соңғы бөлімі қазақ этнографиясы жөнінде өзіне дейін айтылған пікірлерді талқыдан өткізіп, жан-жақты зерттей отырып, ғылыми тұжырымдар жасалған алғашқы еңбектердің бірі болып табылады.

Қазақ халқының этнографиясын зерттеудің дамыған кезеңі XX ғасырдың 60-жылдарынан басталады. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеуде А.Х.Марғұланның, Е.А.Масановтың, В.Востровтың, И.Захарованың, М.С.Мұқановтың, т.б. еңбектерінің маңызы зор. Бірақ қалай болғанда да этнографиялық зерттелудің тарихы немесе тарихнамасы әлі де жан-жақты қарастыра түсуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі. Қазақ халқының этнографиялық зерттелуінің тарихы жөнінде жазылған құнды туындылардың ішінде Е.А.Масановтың еңбектерінің орны ерекше. Оның еңбектерінде қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, үй тұрмысындағы қолөнер бұйымдары жөнінде, сонымен қатар қазақ халқының этнографиялық зерттелуінің тарихына жан-жақты тоқталынады.

I ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ДАМУЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ШИРЕГІ – XIX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ).

1.1. Қазақ этнографиясы мәселелерінің И.К.Кирилов, В.Н.Татищев, Г.Ф.Миллер еңбектерінде талдануы.

XVIII ғасырдың екінші ширегінде қазақ-орыс қатынастырының нығайған жағдайында орыс этнографиясы мен жалпы қазақ этнографиясы біраз жетістіктерге қол жеткізеді. Біраз қызғылықты ашылулар жасалады. Бұл жетістіктер орыс этнографиясының көп жылдық тарихымен, құнды және көлемді материалдардың жинақталуымен, бірқатар теориялық мәселелердің талдануымен (рудың қоғамдық нысан ретінде ашылуы, әрбір халықтың өзіндік тарихы мен мәдениетінің мойындалуы), этнографиялық мәліметтердің шынайылығымен байланысты болды. Сонымен қатар Ресейдегі этнографияның дамуы, барлық ғылымдар тәрізді, елдің өмірімен тығыз байланыста жүріп отырды. Петрдің қайта құрулары, саяси өмірдің жандануы, дворяндардың топтасуы мен мемлекеттегі оның басшылық ролінің нығаюы тарих ғылымына терең ықпалын тигізеді және дворяндық тарихнаманың дамуына қолайлы жағдай туғызады.

Бұл дәуірде мемлекет білім беру мен ағарту саласына ерекше мән берді. Ғылым Академиясы ашылып, геодезистер, шығыстанушылар, шығыс тілдерінің білгірлері – аудармашылар дайындалады, ғылыми экспедицияларға барынша қолдау көрсетіледі. «Алғаш құрылған күнінен бастап этнографияға ерекше көңіл бөлген» ғылым Академиясы 1725 жылы құрылды. Оның алғашқы ірі шараларының бірі елді географиялық-этнографиялық тұрғыда зерттеу үшін 1733 жылы Академиялық экспедицияны ұйымдастыруы болды. Бұл шара Кіші Жүздің Ресей бодандығын қабылдауына сәйкес келді.

Қазақ этнографиясы үшін, әсіресе, патша үкіметінің 1731 жылы қазақтардан ант қабылдауға жіберген М.Тевкелев елшілігінің айтарлықтай әсері болды.

Өз іс-әрекетінде Тевкелев Сыртқы істер алқасы берген ерекше нұсқауды басшылыққа алады. Бұл нұсқаудың бірқатар пункттерінде этнографиялық мәселелерді кеңінен қарастыру көзделеді. Бұл қазақ халқының этнографиясын орыстардың зерттеуінің ең ерте бағдарламаларының бірі болды.

Қазақ ауылдарынан этнографиялық материалдарды Тевкелев тікелей және қазақтардың өмірін күн сайын қадағалау арқылы, сондай-ақ тұрғындармен әңгімелесу және пікіртерім жүргізу жолдарымен жинастырады. Ол XVIII ғасырда ру аралық қақтығыстарға, барымталарға, сонымен қатар қазақтардың әскери қару-жарақтарына, олардың қару мен оқ-дәрілерді жасау әдістеріне барынша назар аударады. Бұларға қоса, оның журналына феодалдық әдет-ғұрыптарды, құқықты, қыстаулар мен жайлаулардың орналасуын, көші-қон жолдарын, халықтың тұрмысын, мәдениетін, діни нанымдарын бейнелейтін көптеген деректер түсіріледі.

Тевкелев өзінің негізгі миссиясын Ресей бодандығын қабылдауда қобалжуда болып тұрған шонжарлардың бұқарасына арнайды, оларды Ресей бодандығын қабылдау үшін астанаға өкілетті елшілік жіберуге көндіреді.

1734 жылдың басында Ресейге «адалдыққа» ант беру үшін Петербургқа бір мезгілде қазақ және башқұрт елшіліктері келеді. Олар орыс халқының мәдени жетістіктеріне үлкен қызығушылықпен қарайды. Елшілік астананың көрікті орындарымен танысады, кітапханаларда және сол кездегі әлемдегі ең ірі мұражайлардың бірі кунсткамерада болады.

Өз кезегінде, астананың халқы да елшілерге де, олардың халқына да ерекше қызығушылықпен қарайды. Сол кезде астананың баспасөзі бірқатар шетелдік, сондай-ақ жергілікті адамдардың тарапынан да «жақында келіп қайтқан қырғыз (қазақ) және башқұрт халықтарының тұрғын-жайлары және басқа да жайлары туралы деректі және сенімді мәліметтер алуға» талпыныстар білдіріп жатқандарын жаза бастайды.

1734 жылы Ресей царизмінің отаршылдық мүдделерін көздеген И.К.Кириловтың жоспарын жүзеге асыруға кіріседі. Бұл жоспар бойынша, Әбілқайыр хан және оның айналасындағылардың тілектерін ескере отыра, біреуі орыс-қазақ шекарасында, екіншісі Сырдарияның сағасында болатын жаңа екі орыс қаласын тұрғызу, оларды царизмінің Шығыстағы экономикалық және саяси үстемдігінің одан әрі таралуында қуатты тірек пункттеріне айналдыру көзделеді.

Бұл жоспарды жүзеге асыру Орынбор экспедициясы, кейін Орынбор комиссиясы деп аталған «Танымал экспедицияға» жүктеледі. 1744 жылы комиссияға бағындырылған аумақ Орынбор губерниясына бөлінеді. Экспедицияның басына Кириловтың өзі қойылды.

И.К.Кирилов (1689 – 1737 ж.ж.) ХУІІІ ғасырдың бірінші жартысындағы орыс ғылымына елеулі үлес қосқан мемлекет қайраткерлерінің озық буынына жатты. Ол картография және географияға ерте көңіл бөлді және 1721 жылы Ресейде тұңғыш рет ғылыми мақсатта жүргізілген астрономиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарға басшылық етті.

1727 жылы Кирилов «Бүкілресейлік мемлекеттің гүлденген жай-күйі...» (1831 жылы ғана жарық көреді) деген елдің алғашқы географиялық-статистикалық сипаттамасын құрастырады, ол мұнда этнографиялық материалдарды да пайдаланады. Ал келесі жылдары Ресейдің атласы үшін отызға жуық карталар дайындайды, олар 1734 жылы жарық көреді. Атлас карталарда Қазақ даласы да белгіленеді.

Орынбор экспедициясына қатысу үшін Кирилов жан-жақты дайындалады. Ол Қазақ даласының және Орта Азиялық Қосөзен аралығының халықтары туралы тарихи-этнографиялық және мұрағат материалдарын жақсы білді. Этнографияның мәнін жақсы түсіне отыра, ол царизмінің отаршылдық саясатының мүдделері үшін этнографиялық материалдарды пайдалану өте қажет деп санады: орыс емес халықтарды оның этнографиясын жақсы білу арқылы табысты басқаруға болады, - деген қағиданы ұстанды.

Тевкелев елшілігінің материалдарын мұқият талдағаннан кейін Кирилов 1734 жылдың басында патша үкіметіне өз жоспарын екі жоба түрінде тапсырады. Этнографиялық тұрғыда Кириловтың «Қырғыз-қайсақ және қарақалпақ ордалары

туралы түсіндірулер» деген екінші жобасы неғұрлым қызықты болды, онда автордың мұрағат және әдеби деректемелерден алған қазақ және қарақалпақ халықтары туралы орыс этнографиялық мәліметтері қысқаша келтірілген.

Кирилов Орынбор экспедициясын үш жылдай ғана басқарады. Башқұртстандағы көтеріліс және ерте өлімі (1737 жылы өкпе ауруынан қайтыс болды) оның жүктелген міндетті аяғына дейін апаруына кедергі келтіреді.

Дәл Кириловтың арқасында Петербургқа Орынбордан Қазақ даласы мен Орта Азиялық Қосөзен аралығы туралы мәліметтер жүйелі түсіп отырады. Олардың жартысы астаналық баспасөзде жарияланады.

Кириловтың жобаларында Қазақ Жүздерінің саяси орналасуы және олардың көршілерімен қарым-қатынастары туралы жан-жақты сипатталған, бұл автордың қазақ халқының өмірі мен тарихы туралы жақсы хабардар болғанын дәлелдейді.

Кириловтың кезінде жанадан ұйымдастырылған Орынбор өлкесін картаға түсіру қолға алынады. Кіші және Орта Жүздердің жерлері енген өлкенің алғашқы картасын 1737 жылы геодезист Алексей Норов құрастырды. Осы кезден бастап қазақ жерлері барлық орыс карталарында белгілене бастайды.

Кирилов қайтыс болғаннан кейін Орынбор экспедициясының бастығы болып ғалым және мемлекет қайраткері В.Н.Татищев (1688 – 1750 ж.ж.) тағайындалады. Бұл қызметте екі жылдай болған ол қазақ халқымен жақынырақ танысады және оның өмірін жеке қадағалайды. Өз саясатын табысты жүргізу үшін ол шенеуніктерден, әсіресе, қазақ тілін білуді талап етеді.

1734 және 1737 жылдары Татищев географиялық-этнографиялық зерттеулердің әлемдегі тұңғыш сауалнамасының екі нұсқасын дайындайды. «Тарихтың шығармалары мен орыс географиясы туралы ұсыныстар» деп аталатын екінші сауалнаманың 198 сұрағы оның авторын елдің барлық халықтарының атаулары, шығу тегі, кәсібі, әдет-ғұрыптары, салттары мен дәстүрлері, халық медицинасы, наным-сенімдері, тілі, фольклоры қызықтырғаны дәлелдейді. Сауалнамада автор этнографиялық материалдарды маңызды тарихи түп-дерек ретінде қарастыратындығын танытады. Ол сауалнамада қарастырылған сұрақтарды зерделеудің әдістерін де көрсетеді: жазбаша түп-деректерді қолға түсіру, этнографиялық заттардың суретін салу, бақылау және «ескертусіз, бірақ сыпайы және кез-келген сұрақтардың күшін білетін әртүрлі адамдар арқылы...» пікіртерім жүргізу.

В.Н.Татищев этнографиялық материалдарды жинақтаудың өзге құралдарын да пайдаланады. Ол көпестерден, елшілерден және саяхатшылардан жиі сұрастырып отырады, Әбілқайыр ханмен, П.И.Рычковпен, Г.Ф.Миллермен және отаршыл әкімшіліктің шенеуніктерімен хат алысады, Москва, Петербург, Поволжья, Орал, Сібірдің мұрағаттарында жұмыс жасайды.

Қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қызығушылық Татищевте ерте пайда болады. 1736 жылдың өзінде-ақ ол өзінің «Бүкіл Сібірдің жалпы географиялық сипаттамасы» деген, өкінішке орай аяқталмай қалған, еңбегінің үлкен бөлімін арнауды ойластырады.

Татищевті қызықтырған этнографиялық маңызды мәселелердің бірі қазақ халқының этногенезі болды. Алайда Татищевтің де, ХҮІІІ ғасырдағы өзге орыс

авторлары тәрізді, жекелеген дұрыс пайымдауларына қарамастан, қазақ халқының шығу тегі туралы ғылыми түсінігі болмады.

Қазақ этногенезінің (қазақтардың өзін-өзі атауы, олардың этникалық аумағы, көші-қоныстары және рулық құрамы) бірқатар мәселелері Татищевтің «Ресей тарихы» (1739 – 1750 ж.ж.) деп аталатын, алғашқы екі томы 1768 – 1769 жылдары жарық көрген, негізгі еңбегінде қарастырылады. Онда автор қазақтарды түрікмендер, башқұрттар, қарақалпақтар, татарлар және өзге халықтармен бірге «скифтер» деп аталатын топқа жатқыза отыра, Ресей халықтарының лингвистикалық-этнографиялық жіктелуін берді.

Осы еңбекте автор алғашқылардың бірі болып еуропалық ғалымдардың Азияның көптеген халықтарын, соның ішінде қазақтарды да, жай татарлар деп, ал олардың ұлан-ғайыр елдерін «Ұлы Татария» деген ортақ атаумен қате атап жүргенін көрсетеді.

Түркі халықтарының шығу тегімен айналыса отыра, Татищев қазақтардың ру-тайпалық құрамын зерттейді. Бұл салада оның танығандары көлемді болды. Қазақ руларының ішінен оны қыпшақтар ерекше қызықтырады.

Қазақтар туралы этнографиялық мәліметтер Татищевтің барлық еңбектерінің мазмұнында болды. Мәселен, «Ұлы Ресей империясының тарихи және географиялық сипаттамасына кіріспесінде» (1744 – 1745 ж.ж.): «Сырдария Қырғыз иелігінің Орынбор губерниясында. Онда Кіші Орданың қырғыз-қайсақтарының жақсы қыстағы болады». Одан әрі қазақтардың үш жүзге бөлінетіндігі, қазақтардың атауы туралы айтылып, авторға танымал *қазақ* және *қырғыз* сөздерінің этимологиясы келтіріледі.

Ресейдегі алғашқы, бірақ аяқталмаған, энциклопедиялық сөздіктің бастамасы болып табылатын «Ресейдің тарихи, географиялық және саяси лексиконында» (1745 ж.) қазақтарға бірнеше мақалалар арналады. «Қайсақтар және қырғыздар» және «Қырғыз және қайсақ» деп аталатын екі мақалада автор қазақтардың этникалық аумағының шекараларын, олардың Үш Жүзге бөлінуін және Жүздердің Ресей және Жоңғариямен қарым-қатынасын жазды. «Лексиконның» өзге, неғұрлым кіші «Күймелі арба» деген мақаласында қазақтың киіз үйі сипатталады.

Татищевтің қазақтардың этнографиясына ерекше қызығушылығын оның Орынбор ғалымы П.И.Рычковпен жазысқан хаттары да дәлелдейді. Өзінің хаттарында ол Рычковқа тарихи-этнографиялық және лингвистикалық тұрғыдағы сұрақтарды жиі қойып немесе қазақ халқы туралы өзінің пікірлерін білдіріп отырады.

Кошелев және Норов тәрізді геодезистер Татищевтің тапсырмасы бойынша қазақ ауылдарынан қажетті этнографиялық материалдарды жинайды.

Этнография ғылымының тарихы үшін В.Н.Татищевтің қазақ-орыс байланыстарын нығайту мақсатында жүргізген мемлекеттік шараларының да маңызы зор болды. Оған қатысқан қазақ ауылдарындағы орыс елшілері, сонымен қатар сауда керуендері, мәселен, 1738 жылғы Карл Миллердің, орыс адамдарының қазақ халқымен неғұрлым жақынырақ танысуына мүмкіндік береді.

Ресейді елдің экономикалық, саяси және мәдени қажеттіліктеріне орай зерттеу үшін құрылған жоғарыда аталған Бірінші академиялық экспедиция 1733 жылдан 1743 жылға дейін арнайы бағдарлама-нұсқау бойынша жұмыс жасайды.

Бірінші академиялық экспедицияның ең көрнекті қатысушысы С.П.Крашенинников (1711 – 1755 ж.ж.) болды. Ол өзінің «Камчатка жерінің сипаттамасы» (1755 ж.) деген еңбегі арқылы орыс емес халықтардың этнографиясын қалай зерттеу қажет екенін көрсетіп береді.

Экспедицияның келесі бір қатысушысы Г.Ф.Миллер (1705 – 1783 ж.ж.) өзінің ғылыми қызметінде қазақ халқының этнографиялық тұрғыда зерттелуіне ерекше мән береді.

Бірінші академиялық экспедицияның жұмыстарына Миллер белсене қатысады. Ол экспедиция үшін «Халықтардың тарихы туралы» деп аталатын нұсқау жазады.

Сібір және Қазақ даласының халықтарының тарихын және этнографиясын зерттеуге Миллер ерте назар аударады. Өзінің Шығыстанумен шұғылдануларын Миллер, ең алдымен, шығыс халықтары туралы орыс түп-деректерін және Петербург пен Москвада сақтаулы мұрағат материалдарын меңгеруден бастайды.

Экспедицияның құрамында жүріп Миллер көптеген қалаларды және Сібірдің бекіністерін, соның ішінде Омбы, Железинск, Ямышевский, Семей және қазақ халқымен тығыз байланысы бар Тобыл қаласын аралайды. Мұнда ол жергілікті мұрағаттарды мұқият зерделейді және неғұрлым қызықты құжаттардың көшірмесін жасап, Сібірдің тарихы мен этнографиясын зерттеушілер үшін үлкен ғылыми құндылығы бар «Миллер портфельдері» деп аталатындарға енгізеді.

Академиялық экспедициядағы Миллер жұмыстарының қорытындысы оның төрт томдық «Сібір тарихы» деп аталатын еңбегі болды. 1750 және 1787 жылдары еңбектің тек алғашқы екі тарауы ғана, ал 1937 және 1941 жылдары алғашқы екі томы жарық көреді.

Г.Ф.Миллер тек тарихшы ғана емес, этнограф та болды. «Сібір тарихында» ол өзін қызықтырған Сібір халықтарының этногенезі және этникалық туыстығы туралы мәселелер бойынша ауқымды материалдар берді. Оның осы халықтардың тілдік ұқсастық принципі бойынша жіктеулері де қызықты. Мәселен, ол Енисей қырғыздарының «Бұхара шекарасында және Жайық өзенінен шығысқа таман тұрып жатырған қырғыз-қайсақтармен қателесіп араластырылып көрсетіліп» жүргендігін дер кезінде және дұрыс көрсете біледі.

Г.Ф.Миллер – 1287 сұрақтан тұратын, оның ішінде 923-і этнография бойынша, тарихи-этнографиялық бағдарламаның авторы. Бірақ Татищевтің сауалнамасынан өзгешелігі, Миллердің бағдарламасы кең таныла қойған жоқ.

XVIII ғасырда Ресейдегі қазақ халқының этнографиясын зерттеудегі жетістіктер міндеттерін алғаш рет Кирилов, Татищев, Миллер өз еңбектерінде бастап берген орыс шығыстануының елеулі түрде дамуына байланысты болды. 30-жылдары И.К.Кирилов, В.Н.Татищев, Г.Ф.Миллер орыс ғалымдарының шығыс халықтарын, ең алдымен, бүкіл түркілерді кеңінен зерттеудің қажет екенін негіздеп берді. Олардың ісін С.П.Крашенинников, П.И.Рычков және өзге де ғалымдар одан әрі жалғастырды.

1.2. Орыс адамдарының Қазақ даласына барған сапарлары туралы хабарламалары және есептері. П.И.Рычковтың еңбектері.

Кіші және Орта жүздер Ресей бодандығын қабылдағаннан және Орынбор салынғаннан кейін, Татищевтің ойластыруымен Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан орыс балалары үшін «татар оқушыларының» мектебі ашылады, онда отарлаушы мекемелер үшін аудармашылар мен өзге де ұсақ шенеуніктер дайындай бастады. Бұл мектеп 1740 жылдан 1820 жылға дейін жұмыс жасайды және үкіметтің қазақ ауылдарында әртүрлі елшілік тапсырмалар орындау үшін пайдаланған шенеуніктерінің көп мөлшерін дайындап шығарады. Солардың арасында неғұрлым танымалдары К.Миллер, Д.В.Гладышев, И.Муравин, И.Ураков, Р.Уразин, М.Арапов, Я.Гуляев, А.Яковлевтер болды, олар қазақ ауылдарын аралай жүріп, сол жерлерді суретке түсірген, географиялық және тарихи-этнографиялық мәліметтер жинаған. Бұлардың барлығы олардың рапорттарында, хабарламаларында, басшылары мен отарлаушы әкімшілікке жазған хаттарында көрініс табады.

1738 – 1739 жылдары Кіші және Орта Жүздердің ауылдарында Орскіден Ташкентке бара жатырған жолында Татищевтің арнайы тапсырмасымен қарулы керуенмен офицер Карл Миллер болып қайтады. Ол қазақ халқы туралы әртүрлі мәліметтер жазылған арнайы журнал жүргізеді, ал оның қасында еріп жүрген геодезист А.Кушелев өздері жүріп өткен бағыттың картасын жасайды.

Бірнеше жылдан кейін, 1742 – 1743 жылдары Карл Миллер бұл жолы Орскіден оңтүстікке Сарысу өзеніне, одан әрі оңтүстік-шығысқа Жетісу арқылы Жоңғарияға қарай бара жатырған жолында тағы да қазақ ауылдарында болады. Бұл жолмен бұдан кейін бірде-бір саяхатшы жүрмеген. Өкінішке орай, 1850 жылы Я.В.Ханыков жариялаған картадан басқа, осы саяхатқа байланысты құжаттардың бірде-біреуі сақталмаған. К.Миллер қазақ ауылдарын келесі жылдары да аралайды. Оның жинаған құжаттарын В.Н.Татищев пен П.И.Рычков мұқият зерттейді.

Қазақ этнографиясын зерттеуге зор үлесін қосқан 1740 – 1741 жылдары Д.В.Гладышев пен И.Муравиннің экспедициялары болды. Оның ұйымдастырылуына Әбілқайыр ханның Сырдарияның сағасында бұрын уәде етілген орыс қаласының салынуы сылтау болды. Үкімет бұл өтінішіті қанағаттандыруды шешеді және Гладышев пен Муравиннің экспедициясына Сырдарияның сағасын зерттеуді тапсырады. Оның құрамында, сонымен қатар, инженер Назимов, аудармашы У.Арсланов және бірнеше казактар да болады.

Гладышев пен Муравиннің экспедициясы 1740 жылдың қыркүйегінен 1741 жылдың сәуіріне дейін жалғасады және Орынбордан Хиуаға дейін және одан кері қайтатын жолмен жүреді. Нәтижесінде Қазақ даласы және оның халқы туралы өте маңызды тарихи-этнографиялық және географиялық материалдар жиналады. Олар «Д.В.Гладышев пен И.Муравиннің көрсеткіштерінде», трактаттар журналында, өздерінің жүріп өткен жолдары туралы картада және басқа да құжаттарда беріледі.

Экспедицияның құжаттарын тұңғыш рет қолжазба күйінде өз еңбектерінде П.И.Рычков пайдаланып, зерттейді. Бірақ оларды Я.В.Ханыков 1850 жылы ғана

жарыққа шығарады. Құжаттардың арасында мазмұны бойынша таза этнографиялық материалдар да кездеседі, оларда қазақтардың ер және әйел адамдарының киімдерін қарақалпақтардың киімдерімен салыстыру, сонымен қатар қазақ әйелдерінің әшекей бұйымдарының және шаш үлгілерінің сипаттамасы берілген. Бұл құжатта орыс әдебиетінде тұңғыш рет қазақтардың ұлттық киімдері жан-жақты сипатталады. «Трактаттар журналының» авторы Муравин қазақтардың шаруашылығы мен саудасы туралы да өзінің этнографиялық мәліметтерін келтіреді.

ХҮІІІ ғасырдың 40 – 50-жылдарында қазақ ауылдарында бірнеше орыс адамдары болып қайтады. Бұл жылдары қазақ-орыс қатынастары айтарлықтай кеңейе түседі: Қазақ даласындағы ықпалының күшеюіне мүдделі болған патша үкіметі жыл сайын қазақ ауылдарына өзінің көптеген агенттерін жіберіп отырады. Оларға қазақ ауылдарының ішкі және халықаралық жағдайын меңгеру, сауданың мүмкіндіктерін кеңейту, қазақтардың санын білу, олардың шаруашылықты жүргізу әдістерімен, салт-дәстүрлерімен танысу жүктелді. Бұл агенттер қазақ ауылдарына сауда керуендерімен бірге енді. Бұған қоса қазақ халқы туралы этнографиялық және өзге де материалдарды жинау қазақ ауылдарын патша үкіметінің отаршылдық мүддесіне орай аралаған барлық орыс адамдарына жүктеледі. Орыс шекаралық қалалары мен бекіністерінде, әсіресе, Орынбор, Омбы және Тобылда, жинақталған материалдардың негізінде патша үкіметіне кең көлемде баяндамалар мен есептер жасалады.

Ресей халықтарын этнографиялық зерттеу туралы бастамалар ХҮІІІ ғасырда тек орталықтан ғана болып қойған жоқ. Орыс ғылымының жетістіктері мен табыстары жергілікті жаратылыстанушы, географ, тарихшы мамандардың өсуіне жағдай жасады. Өздерінің ғылыми еңбектерінде олар этнографияға да ерекше мән берді. Олардың қызметін Ғылым Академиясы да қолдайды.

Осындай жергілікті ғалымдардың бірі Ресей Ғылым Академиясының алғашқы тілші-мүшесі, Орынбор экспедициясында құрылған кезден бастап қызмет еткен П.И.Рычков (1712 – 1777 ж.ж.) болды.

И.К.Кирилов және оны үш жылдан кейін алмастырған В.Н.Татищев Рычковқа зор ықпалын тигізеді және оған өздерінің қамқорлықтарын көрсетеді. Орынбордағы қызметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Рычков Еділ бойы, Оңтүстік Орал, Сібір, Қазақ даласы және Орта Азия туралы әдеби және мұрағат материалдарын мұқият зерделейді.

Рычковтың ғылыми өрлеуі оның Татищевпен жазысқан хаттарынан көрініс береді. 1740 – 1741 жылдары Рычков теология және астрология бойынша еңбектерді орыс тіліне аударумен айналысады, сонымен қатар татар-қалмақ мектебін ұйымдастыруға басшылық жасайды. Бұл кездері оған Арал теңізіне әскери-ғылыми экспедиция ұйымдастыру тапсырылады. Бұларға қоса, ол Татищевтің Қазақ даласы мен Орта Азияның экономикасы, географиясы, тарихы және этнографиясы жөнінде мәліметтер жинауға берген тапсырмаларын орындайды, сонымен қатар шығыс деректемелерін мұқият зерттейді.

Өзінің қызметтік міндеттеріне байланысты Рычков қазақ халқы мен Орынбор өлкесінің өзге де жергілікті халықтарының өмірін зерттеуге баса назар аударады. Бұл туралы оның көптеген хаттары, хабарламалары дәлелдейді. Оларда қазақ-

орыс қарым-қатынастарының тарихы ғана емес, 1740 – 1750 жылдары қазақ халқының жалпы тарихы, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі, кәсібі, тіршілігі көрініс береді.

Рычковтың алғашқы ғылыми еңбектерінің бірі «Орынбор қаласының сипаттамасы» (1744 ж.) деп аталады. Бұл оның осы тақырыптағы жұмысының одан әрі жалғасуына жақсы бастама болады. Келесі жылдары ол «Татарлар туралы қысқаша хабарлар» деп аталатын тарихи-этнографиялық еңбегін жазады, оны Татищевтан сыни пікір алғаннан кейін 1750 жылы толық аяқтайды.

«Татарлар туралы қысқаша хабарлардың» қолжазбасы, жарық көрмесе де, оның замандастарының тарапынан үлкен қызығушылықпен оқылады. Ал оның өзі түркі халықтарының неғұрлым жақсы білгірі ретінде танылады.

Оңтүстік Орал, Қазақ даласы және Орта Азияның географиясын, тарихын, этнографиясын және экономикасын көп жылдық зерттеулері Рычковқа 1752 жылы «Орынбор топографиясы» күрделі еңбегін жазуға мүмкіндік берді. Дәл сол кезде ол Орынбор губерниясы және Орта Азияның жаңа басты картасын жасауды қолға алуды ұйымдастырады. Карталар ондаған жеке карталар – «партикулярлардан» құралуы тиіс болды. Кейін олар әлдеқайда кеңейтіліп, «Орынбор топографиясы» деген атпен жеке кітап болып жарық көреді.

Рычковтың ұсынысы патша үкіметінің мүдделеріне толық сай келді, ұланғайыр Орынбор өлкесінің шаруашылық жағынан игерілуіне жағдай жасады. А.Д.Красильников бастаған геодезистер жоспарланған барлық карталарды құрастыру туралы тапсырма алады.

1755 жылдың ортасында карталар және «Орынбор топографиясының» бірінші бөлімі Ғылым Академиясының қарауына ұсынылады. Алайда Красильниковтың карталары тек 1880 жылы ғана жарық көреді. Ал «Орынбор топографиясы» автордың тірі кезінде, әрине жеті жыл кешігіп, 1762 жылы екі рет жарық көреді. Еңбекте ХҮІІІ ғасырдың ортасындағы орыс ғылымындағы Оңтүстік Орал, Қазақ даласы және Орта Азия халықтары туралы географиялық, тарихи-этнографиялық мәліметтер жинақталған. Қазақ жерлері де құрамында болған алыс Орынбор өлкесі бұл кітап шыққанға дейін Ресейде аз танымал болған еді. «Орынбор топографиясы» орыс оқырмандарын өлкенің табиғи байлықтарымен, этникалық құрамымен, шаруашылығы және халықтың тұрмысымен жан-жақты таныстырып, осы ұланғайыр аумақты шаруашылық игеруге қызығушылықты тудырады.

Рычковтың келесі еңбегі 1759 жылы жарық көрген «Орынбор тарихы» болды, онда үш жүздің рулық құрамы және орналасуы, қазақ халқының шығу тегі және кәсібі, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, діни нанымдары және қазақтардың қарулары туралы мәліметтер берілген.

Рычков та, Татищев тәрізді, Қазақ даласы мен Орта Азияның тарихын және этнографиясын зерттеу үшін шығыс деректемелерінің маңызына баса назар аударады. Ол Әбілғазының, Қадырғали Хошым Жалаиридің және өзге де авторлардың еңбектерін мұқият зерделейді, сонымен қатар, орыс және Орта Азиялық көпестер мен елшілерден өзіне шығыс кітаптарын, қолжазбаларын әкеліп берулерін сұрап, әрдайым жаңа деректемелердің қолына көптеп түсуіне мән беріп отырады.

Қазақ халқының этнографиясы туралы маңызды мәліметтер Рычковтың шағын еңбектерінде де кездеседі. Қазақтардың шаруашылығы, мал шаруашылығының мәні, малды қарау тәсілдері туралы оның «Орынбор губерниясындағы егін шаруашылығын көбейтудің тәсілдері», «Әртүрлі провинциялардағы егін шаруашылығына қатысты мәселелердің қысқаша жауаптары және Орынбор губерниясындағы талдауларда мүмкіндігінше анықталғандар бойынша» (1867 ж.) деген мақалаларында суреттеледі.

Қазақ халқының этнографиялық ерекшеліктерінің сипаттамасын Рычков башқұрт халқымен салыстыра отырып, жасады. Себебі башқұрттар да, қазақтар тәрізді, Орынбор өлкесінің неғұрлым саны көп халықтарының бірі еді. Әрине, Рычков қазақ халқының әдет-ғұрыптарының теріс жақтарын көбірек көрсетіп, қателіктер жібереді және қазақтарда егін шаруашылығының дамығандығына күмән келтіреді. Бұл оның қазақ халқы туралы толық хабардар болмағандығының көрінісі еді.

Отарлаушы әкімшіліктің жауапты шенеунігі бола және консервативті саяси көзқарастарымен ерекшелене отыра, Рычков этнографиялық материалдарды тек ғылымның мүддесі үшін ғана емес, отарлаушылық саясатты негіздеу үшін де пайдаланады. Бұл туралы оның Тевкелевпен бірлесіп жазған «Сыртқы Істер Алқасының Кіші және Орта Жүздердегі жағдайлар туралы ұсыныстарында» ерекше байқалады. Рычковтың этнографиялық зерттеу әдістерін айтқан кезде, мәселен, қазақтардың рулық құрамын зерттегенде, оның сұлтандар мен ағамандардың, мәліметтерімен ғана шектеліп қалғандығына тоқталмай кетуге болмайды. Соған қарамастан, Рычковтың еңбектері Ресейдегі қазақ халқының этнографиясын зерттеу тарихындағы маңызды қадамдар болды.

1.3. Екінші академиялық экспедицияның этнографиялық жұмыстары (XVIII ғасырдың үшінші ширегі).

XVIII ғасырдың үшінші ширегі қазақ халқының этнографиясын Ресейде зерттеудегі маңызды кезең болды. Бұл кезде материалдардың мол қоры жинақталып қана қоймай, бірқатар тарихи-этнографиялық мәселелер дұрыс шешімін табады. Орыс ғалымдары қазақ этногенезінің мәселелерін шешуден әлі алыс жатса да, өздерінің көптеген мәлімдеулерінде түркі халықтарының шығу тегінің бір екендігіне тоқтайды. Орыс ғалымдары қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы мен рулық бөліністері туралы негізінен дұрыс хабардар болды және бірқатар этнографиялық ерекшеліктерін, қырғыздар немесе қырғыз-қайсақтар деп атауларын жалғастыра берсе де, халықтың дұрыс аталуын білді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі өзінің Қазақ даласындағы үстемдігін нығайтуға және отаршылдық саясатты күшейтуге бағытталған шараларды қолға алады. Ресей қазақ-орыс және Орта Азиямен транзиттік сауданың кеңейтілуіне және Қазақ даласының табиғи байлықтарын игеруге мүдделі болды. Алайда 50-жылдардағы Башқұртстандағы көтеріліс және оның қаталдықпен басып-жаншылуы, Жоңғарияның құлауы және Абылай сұлтанның билігінің елеулі түрде өсуі, феодалдық алауыздықтар, патша үкіметінің

Қазақстандағы позициясының әлсіздігі және көшпенді қазақтардың қозғалғыштығының кеңдігі Ресейдің елдің шығысындағы экономикалық және саяси мүдделеріне қауіп туғызады. Мұны жақсы сезінген патша үкіметі қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын қарастыра бастайды.

Ең алдымен, қазақ жүздерінің ішкі жағдайы мен хан-сұлтандардың саясатын мұқият зерттеу шаралары қолға алынады. 1755 – 1759 жылдары қазақтарға қарай М.Арапов, Я.Гуляев, И.Ураков бастаған бірнеше елшіліктер бағыт алады. Олар Абылай сұлтанның саясаты патша үкіметі үшін қауіпті деп жеткізеді. Мұндай пікірді Орынбор өлкесінің басшылары И.И.Неплюев, М.Тевкелев және сыртқы істер Алқасы да ұстанады. Бұл жолы патша үкіметі Сібір шекараларын және Шығыстағы өзінің беделін нығайту үшін әскери-әкімшілік және саяси шаралар жүргізіледі. Жаңадан бекініс желілері жүргізіледі.

Одан әрі патша үкіметі Ресейдің Қазақ даласындағы саясатының принциптерін және «қырғыз-қайсақ» істері бойынша өз пікірін байқатқан бірқатар жарлықтар шығарады. Дін саласында царизмнің даладағы өкіметін нығайтуға бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асырылады. 1785 жылы дінге сенушілік туралы жарлық шығарылады, ал 1782 – 1786 жылдары үкімет Игельстромға Қазақ даласында мешіттер мен медреселер салуға және осымен бір мезгілде мұсылман дінінің өкілдерін қаржыландыру туралы тапсырма береді. Осылайша мұсылман діндарларын отаршылдық саясаттың мүддесіне пайдалану көзделеді. Бірақ Орынборда бір ғана медресе тұрғызылады және онда қазақ балалары оқымайды, ал мешіттерге қазақтар мүлдем бармайды.

1789 жылы Омбыда Азиялық мектеп ашылады, ол 1836 жылға дейін ғана өмір сүрді. Мектеп отаршылдық мекемелер үшін аудармашылар дайындауы керек болды. Мектепте орыс балаларымен қатар татарлар мен қазақтардың балалары да оқиды.

Қазақ-орыс қатынастарының барлық мәселелері бойынша үкімет пен отаршылдық әкімшілік ауқымды хабар алмасулар жүргізіп отырады. Мәселен, генерал А.И.Апухтин өзінің II Екатеринаға жазған 1783 жылғы «Қырғыз істері туралы» деген хабарламасында Кіші және Орта Жүз қазақтарының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, діни нанымдары, қазақтардың тіршілігі, қазақ әйелдерінің жай-күйі туралы мәлімдейді, қазақ ауылдарының орналасқан жерлерін, халықтың санын көрсетеді.

Мұрағаттағы құжаттарда қазақ халқының үйлену тойлары, жерлеуі, рулық құрамы және рулардың таралуы, қазақтардың тұрғын-жайлары туралы көптеген мәліметтер кездеседі.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресейде қазақ халқының этнографиясын зерттеу тарихындағы ең ірі оқиға 1768 жылы бүкіл елді географиялық-этнографиялық зерттеу үшін ұйымдастырылған Екінші академиялық экспедицияның жұмысы болды. Елдің экономикалық, саяси және мәдени дамуының күн санап өсіп келе жатырған қажеттіліктеріне және царизмнің отаршылдық мүдделеріне тиімді болғандықтан экспедицияға үкіметтің өзі қолдау көрсетеді.

Құрамына И.И.Лепехин, П.С.Паллас, В.Ф.Зуев, И.Г.Георги, П.Б.Иноходцев, И.П.Фальк, Н.П.Рычков тәрізді және өзге де танымал ғалымдар кірген Екінші

академиялық экспедиция Ресейдің табиғаты, шаруашылығы, халқы туралы жаңадан көлемді материалдар жинақтайды.

Қазақ халқының этнографиясы үшін П.С.Палластың, И.Г.Георгидің, И.П.Фальктың, Н.П.Рычковтың қазақ ауылдарына келуінің және олардың еңбектерінің зор маңызы болды.

П.С.Паллас (1741 – 1811 ж.ж.) экспедицияның жалпы жұмысының жартысына басшылық жасайды. Оның экспедиция жұмысының нәтижесінде жазылған негізгі еңбегі «Ресей империясының әртүрлі провинцияларына саяхат» (1773 ж.) деп аталады, оның «Қырғыздар туралы хабарлар» деп аталатын бір тарауы толықтай қазақ халқына арналған.

Қазақтармен Паллас алғаш рет 1769 жылы Орынборға келгеннен кейін танысады, бұдан ол қазақ ауылдарына бірнеше рет барып қайтады. Орынбордан ол орыс шекаралық желілерінің бойымен Сібірге бағыт алады және қазақтармен неғұрлым тығыз байланыстағы қалалар мен бекіністерде – Троицк, Петропавл, Омбы, Семейде болып қайтады. Бірнеше рет ол Гурьев және Оралда да болады.

П.С.Паллас қазақтардың көшпелі тұрмысын және күнделікті кәсібін, көшпелі шаруашылықты жүргізу тәсілдерін және оның өнімділігін, малды қарауын және қазақтардың жылдың маусымдарына сәйкес жайылымдарды тиімді пайдалануын айтарлықтай толық сипаттап жазады.

Әсіресе, Паллас қазақтардың үй кәсіпшілігі мен қолөнер (тоқымашылық, киіз басу, тері өңдеу, бояу, ұсталық, ағаш өңдеу) бұйымдары және техникасы туралы толық мәліметтер қалдырады. Бұл мәселелерге бұлайша баса назар аударған автор тек ХУІІІ ғасырда ғана емес, ХІХ ғасырда да болмаған.

Саяхатшы қазақтардың ұлттық киімдерін де салыстырмалы түрде жақсы сипаттайды. Ол ерлердің киімдерін әйелдердің киімдерінен бөлек суреттейді, қазақ ауылдарындағы әртүрлі әлеуметтік топтардың киімдеріндегі ерекшеліктерді көрсетеді.

Палластың кітабында қазақ ауылдарындағы исламның таралуы туралы да біраз мәліметтер келтіріледі, пұтқа табынушылықтың бірқатар сарқыншақтары туралы мұқият айтылады. Бірақ автор қазақтарда ежелден келе жатырған тәңіріге табыну туралы еш нәрсе айтпайды.

Паллас қазақтардың әдет-ғұрыптары, жанұялық қатынастары, салт-дәстүрлері, қазақтардың қарулары және саздық аспаптары туралы да сипаттап жазады.

Алайда бұл жұмыстардың барлығы автордың қазақ ауылдарындағы қысқа мерзімдік сапарының қорытындысы ғана еді. Сондықтан олар кең тарихи-этнографиялық материалдардың деңгейінде зерттелмеген, көп жағдайда жанама сипатқа ие болады.

1768 – 1774 жылдардағы экспедицияның келесі мүшесі Швециядан шыққан И.Г.Георги (1729 – 1802 ж.ж.) болды. Алғашында ол И.П.Фальктың, кейін П.С.Палластың қасында жүріп, Орал, Сібірді аралайды. Ол сонымен қатар қазақ ауылдарында және Орынборда, Томскіде, Тобылда да болып қайтады. Оның экспедициядағы жұмыстарының нәтижесі Петербургта жоғары бағаға ие болған ғылыми және этнографиялық материалдары болды.

1776 – 1777 жылдары Георги «Ресей мемлекетінде өмір сүріп жатырған барлық халықтардың, сонымен қатар олардың тұрмыстық ғұрыптарының, нанымдарының, тұрғын жайларының, киімдері және өзге де көрікті заттарының сипаттамасы» деген кітабы орыс тілінде үш бөлімде жарық көреді. Палластың кітабына қарама-қарсы, Георгидің еңбегі үлкен дәрежедегі зерттеу болып табылады. Еңбек әртүрлі деректемелерді зерттеудің және салыстырудың негізінде жазылады. Қазақтардың этнографиялық сипаттамасы Георгидің кітабының «Қырғыздар туралы» деген тарауында беріледі.

Қазақ халқының тарихи-этнографиялық сипаттамасын Георги өзінің Ресей халықтарына жасаған жіктемесі сәйкес тарихи-лингвистикалық принцип бойынша берді. Қазақтарды ол «татар» деп аталатын топқа енгізеді. Бірақ ол бұл топқа өзіне танымал түркі халықтарынан басқа, грузиндерді, осетиндерді және сол кезде Ресейде жинақтаушы «татар» деген терминмен қате аталып жүрген басқа да кавказ халықтарын жатқызады.

Георги қазақтардың шынайы атауын жақсы білді және Кіші және Орта Жүздердегі халықтың орналасуы, саны, рулық құрамы туралы неғұрлым дұрыс мәліметтер берді, сондай-ақ қазақтардың мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарын және оның өнімділігін, үй кәсіпшіліктерін, қолөнерін, ер және әйел адамдардың еңбек әрекеттерін жан-жақты сипаттап жазады.

Бұдан әрі ол қазақ халқының заттай мәдениетіне, тұрғын-жайларына, киімдеріне, тамағына сипаттама береді. Бұдан сонымен қатар қазақтардың сот ісі және жай құқықтары, діни нанымдары, әдет-ғұрыптары мен жанұялық жағдайы, қонақ қабылдау кезіндегі салт-дәстүрлері, тойлары, жерлеу салттары, халық медицинасы мен мал дәрігерлігі туралы да құнды мәліметтер табуға болады.

Георгиге дейін бірде-бір автор қазақ халқының сан қырлы және толық этнографиялық сипаттамасын бермеген еді. Бірақ Георги де этнографиялық материалдарды баяндау жоспарында біраз қателіктерге жол береді. Талдаулары мен қорытындыларында ол жиі қателесіп, дұрыс емес ойларды айтады. Ол қазақ фольклорының мәліметтері, мәселен, шежірелер, этногенетикалық сипаттағы аңыздар қазақ халқының неғұрлым ерте тарихын, әсіресе, қазақ халқының қалыптасу кезеңінің тарихын зерттеу үшін жарамсыз деп есептейді. Бұған қоса, орыс мұрағаттарының материалдарын білмегендіктен, ол ХҮІІ ғасырға дейін қазақтардың өзіндік тарихы болғандығына күмән келтіреді.

Швед натуралисі И.П.Фальк (1727 – 1774 ж.ж.) 1763 жылы Ресей Ғылым Академиясына Линнейдің ұсынысы бойынша шақырылады. Ол Астрахань, Орынбор, Петропавл, Омбы, Семей және Батыс Сібірдің өзге де қалаларында, сондай-ақ қазақ ауылдарында да болып қайтады және олардан қазақ халқының этнографиясы бойынша елеулі материалдар жинайды.

Экспедицияның өзге де мүшелері тәрізді И.П.Фальк этнографиялық бақылауларды Ғылым Академиясының арнайы нұсқауымен жүргізеді. Алайда, Фальк экспедицияның өзге мүшелеріне қарағанда этнографиялық материалдарды жинауға үлкен мән берген тәрізді, себебі, қазақтардың этнографиясы бойынша мәліметтер әлдеқайда толық болды. Қазақ халқының заттай мәдениетінің кейбір ұсақ сәттері де Фалькта неғұрлым толық қаралады. Ол қазақтың этнографиялық терминдері мен сөздерінің неғұрлым мол қорын жазып алады және оларды

этнографиялық көріністердің текстерінде, сонымен қатар «Қазан-татарлық, қырғыздық, бұхарлық және қалмақтық тілдердің салыстырмалы глоссарийлерін» құрастыруға да кеңінен қолданады. Ол өзінің қазақ халқына неғұрлым объективті тұрғыда қарауымен, ХҮІІ ғасырдың кейбір авторларында кездесетін қазақтарды төмендетушілік қасиеттерінің болмауымен де ерекшеленеді.

Фальк орыс тарихи-этнографиялық әдебиетін білді және өзіне ғылымға қазақ этнографиясы бойынша тың мәліметтер беру немесе өзге авторлардың қате мәліметтерін анықтап, толықтыру жөніндегі міндеттерді қояды.

Экспедицияның келесі бір мүшесі П.И.Рычковтың ұлы Н.П.Рычков (1746 – 1784 ж.ж.) болды. Ол Еділ бойы, Оңтүстік Орал және Қазақ даласында экспедициямен бірге және өзі бөлек аралайды. 1772 жылы ол «Капитан Николай Рычковтың 1771 жылғы қырғыз-қайсақ даласына саяхатының күнделікті жазбалары» деген кітабын жариялайды.

1771 жылы Орскіден Ресейден қашқан қалмақтардың ізіне түсу үшін әскери отряд шығарылады. Палластың бұйрығы бойынша Рычков осы отрядқа ілестіріліп жіберіледі. Оған із кесу жолында жаратылыстанушылық-географиялық және этнографиялық мәліметтер жинау туралы ерекше тапсырма беріледі.

Рычков өзінің кітабында әскери экспедицияның жолын, өздері көрген табиғи байлықтарды және қазақ халқы туралы өзінің бақылауларын суреттеп жазды. Әрине, қазақ ауылдарында ол аз болады, бірақ орыс отрядтарымен бірге қазақ жасақтары да еріп жүргендіктен ол күн сайын қазақтармен әңгімелесіп, олар туралы жаңа мәліметтерді жазып ала береді. Алайда, қазақ халқы туралы жарық көргендерді қайталамау үшін, оқырмандарға Палластың жоғарыда аталған кітабына сілтеме жасап, Рычков қазақтардың көптеген әдет-ғұрыптары туралы жазудан бас тартады.

Н.П.Рычков, әсіресе, қазақтардың әскери өнері мен әскери қару-жарақтарын, олардың кәсібін, әдет-ғұрпын, жай құқықтың жекелеген нормаларын ерекше мұқият жазады. Оның кітабында қазақтардың үш жүзге бөлінуі, олардың саны және этникалық аумағы туралы да айтылады, қазақ этногенетикалық аңыздарының жазбасы келтіріледі, қазақтардың бейіттері суреттеледі, мүлдем өзгеше мәліметтер беріледі.

Екінші Академиялық экспедицияның жұмысымен Ресейде қазақ тілін зерттеу мен орыс-қазақ сөздігін құрастыруға алғашқы талпыныстардың жасалуы да байланысты.

Бұның ұйымдастырушысы Петербург академиялық гимназиясының инспекторы Г.Л.Бакмейстер болды. Ол экспедиция үшін арнайы бағдарлама және лингвистикалық материалдарды жинау үшін ерекше нұсқаулар дайындап береді. Нәтижесінде Бакмейстер 1770 – 1780 жылдары сөздікті құрастыру үшін пайдаланылған айтарлықтай лингвистикалық материалдарды жинайды. Олар сонымен қатар «Барлық тілдер мен үстеулердің салыстырмалы сөздігін» (1787 ж.) құрастыруда да, оның мазмұнына қазақ тілі де енгізіледі, пайдаланылады.

Алғашқы орыс-қазақ сөздіктерінің авторларының бірі генерал-майор Скалон болды. Ол орыс алфавитінің негізінде «әріптік-әліппе» құрастыру және қазақ тіліндегі кітаптар шығару туралы ұсыныстар айтады.

Екінші академиялық экспедицияның жұмыстарына Ресейде ерекше мән беріледі. Паллас пен Георгидің еңбектері қысқа мерзімнің ішінде қайта басылып шығарылады. Бұл еңбектердің тарихнамаға ықпалы зор болды. Қазақ халқының этнографиясын зерттеуге кіріскен әрбір ғалым оған маңызды деректеме деп қарайды.

Бірақ ХҮІІІ ғасырдағы саяхатшылардың жинаған мәліметтері қазақ халқын жекелеген топтарын да, заттай және рухани мәдениетінің кейбір элементтерін де біркелкі сипаттамайды. Қазақ халқының дамуын артта қалған деп идеалдандыруға тырысушылық басым түсіп отырады.

1.4. ХҮІІІ ғасырдың соңғы ширегінде орыс адамдарының Қазақ даласына сапарлары. И.Г.Андреевтің еңбектері.

ХҮІІІ ғасырдың соңғы ширегінде Ресейде қазақ халқының этнографиялық тарихын зерттеуде ғылыми экспедициялармен қатар, орыс адамдарының Қазақ даласы мен Орта Азияға әскери-барлаушылық және сауда мақсаттарымен сапарлары үлкен роль атқара бастады, болмаса, бұл сапарлар қазақ халқы туралы этнографиялық материалдардың жинақталуына жанамалай әсерін тигізеді.

Бұл дәуірде орыс адамдары, әсіресе, Шығыс Қазақстан жерлерін аралады. Патша үкіметі Жоңғарияның құлауының Ресей үшін жағымсыз салдарынан арылып, Шығыс Түркістанмен сауда байланыстарын қалпына келтіру және кеңейту, өзінің Кіші және Орта Жүздердегі ықпалын нығайту міндеттерін қойды.

Алтайды әскери және шаруалық отарлауға да үлкен мән беріледі. ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында әскери және жартылай әскери экспедициялар, сондай-ақ жекелеген орыс агенттері Семейден, Өскеменнен және басқа да бекіністерден Қазақ даласына, Алтайдың таулы аймақтарына, Тарбағатай мен Шығыс Түркістанға осы аумақтарды жаратылыстанушылық-географиялық, тарихи-этнографиялық, ең бастысы, әскери қатынастар тұрғысында зерттеуге жиі аттандырылып отырады. Алайда бұл экспедициялардың мәліметтері толық сақталмаған.

Осындай экспедициялардың бірі 1771 жылы казак атаманы Г.Н.Волошаниннің (1793 жылы қайтыс болған) Өскеменнен Балқаш көліне дейін және одан шығысқа, Іле өзенінің жоғары ағысы бойымен жүріп өтуі болды. Өскеменге қайтып келгеннен кейін ол өз саяхатының толық сипаттамасы мен қазақ ауылдарының көші-қондары мен өзінің жолы көрсетілген картаны басшылыққа тапсырады, бірақ бұл мәліметтер кейін жоғалып кетеді.

1771 жылы Оңтүстік Алтайда поручик А.Незнаев, ал 1784 жылы майорлар Зеленов пен Богдановтар болып қайтады. Олардың жеткізген географиялық және этнографиялық мәліметтері ХҮІІІ ғасырдың аяғында Орта Азияның, Қазақ далаларының және олармен көршілес елдердің картасын құрастыруға пайдаланылды. Картада барлық төрт офицердің жүрген жолдары мен саяхатының уақыттары, қазақтың үш жүзінің көші-қондары мен олардың шекаралары, Қазақ даласындағы бейіттер мен молалар, сауда тұрақтары, қазақ ауылдарымен шекаралас орыс елді-мекендері және әскери бекіністері толық келтіріледі. Бұл

картаның авторы Орынбор корпусында 1766 жылдан бастап обер-квартирмейстер қызметін атқарған Иван Лютов болды.

Біраз өзге орыс экспедициялары Қазақ даласына оның табиғи байлықтарын зерттеу үшін жіберілді. Мәселен, ХҮІІІ ғасырдың 80-жылдарында мұнда инженерлер Чулков, Литвинов, Бейдам, Телятников, Стрижков, Снегиревтар саяхат жасайды.

Қазақ халқы туралы маңызды мәліметтерді қазақтарда тұтқында болған орыстар да қалдырады. Олар қазақ тілін үйренеді, қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салттарын, кәсібін және тұрмысын таниды.

Осындай тұтқындардың бірі унтер-офицер Ф.С.Ефремов (1750 – 1811 ж.ж.) болды. 1774 жылы оны Орынборға жақын жерде Пугачев көтерілісіне қатысушылар, ал одан қашып шыққаннан кейін қазақтар ұстап алады. Соңғылары оны Бұхараға апарып, сонда құлдыққа сатады. Орта Азиядағы, Тибеттегі, Үндістандағы және Шығыс Түркістандағы көптеген шытырман оқиғалардан кейін Ефремов 1782 жылы Англия арқылы Ресейге оралады.

Петербургта ол өзінің жат жердегі тіршілігі туралы ғана емес, болған елдері туралы да біраз мәліметтер айтылатын кітап жазады. 1786 жылы бірінші рет жарық көрген бұл кітаптың «Қырғыз жері несімен мол, ауасы мен тұрғындары қандай» деген тарауы қазақ халқына арналған. Мұнда автор қазақтардың қысқы және жазға уақыттарда, сонымен қатар жолдарда немен тамақтанатындығы өте қысқа айтып шығады, мал шаруашылығы мен аңшылықтың олардың негізгі кәсібі екенін баса көрсетеді.

Қазақ халқы туралы өте құнды мәліметтерді қазақ ауылдарын аралаған Орта Азия хандықтарындағы елшілер де қалдырды. Солардың бірі 1780 – 1781 жылдары Бұхараға барған М.Бекчурин (өзге мәліметтерде – Бещерин) болды. Солдат ұлы болған Мендиар Бекчуринді (1740 – 1821 ж.ж.) қазақ ауылдарына жиі жіберетін болған. Оның Бұхараға сапары негізінен қазақ көші-қондарының үстімен өтеді. Ол өзінің жолаушылық журналында бірқатар қазақ ауылдарының және ирригациялық құрылыстарының орналасқан жерлерін көрсетеді, қазақтардың қарақалпақтардан салықты нанмен алатындығын атап өтеді. Келесі жылдары да Бекчурин қазақ ауылдарында жиі болып қайтады. 1790 жылы ол Орынбор губернаторының тапсырмасы бойынша Сырым батырға бара жатырған муфти М.Хұсайыновтың қасына еріп жүреді. Оның жазбаларында қазақтың «Барса келмес» (1817 ж.) деген аңызы да кездеседі.

1785 – 1790 жылдары капитан И.Г.Андреев қазақ халқының этнографиясы бойынша тұңғыш арнайы еңбек жазады. Бірақ автордың фамилиясынсыз және өте сирек шығатын журналда жарияланған бұл еңбек ұзақ уақыт бойы ғылымда белгісіз болып қала береді.

Н.Г.Потанин Андреев еңбегінің қазақ халқының тарихи этнографиясын зерттеудегі өте құнды екенін пайымдап, 1875 жылы Орыс географиялық қоғамының Кеңесінен қолжазбаны жариялауды сұрайды.

Өзінің мамандығы бойынша инженер болған Андреев қазақ даласындағы Семей, Өскемен, Бұқтырма, Ямышевск бекіністерін қайта тұрғызуға қатысады.

И.Г.Андреев (1743 – 1801 жылдан кейін қайтыс болған) қазақ халқын жақсы білген. 1766 – 1770 жылдары оның қызметі Ямышевскіде, 1770 – 1776 жылдары –

Железинскіде, 1776 – 1793 жылдары – Семейде, 1793 – 1796 жылдары – Омбыда өтеді. 1796 жылдың аяғында ол Семейге қайта оралады, онда өмірінің соңғы жылдарын өткізеді. Жалпы өмірінің барлық кездері Қазақ даласының солтүстік бөлігімен байланысты болады.

Андреев қазақ тілін, өмірін мұқият зерттейді, қарттар және танымал адамдармен әңгімелесіп, көпестердің, шенеуніктердің, Қазақ даласы мен Орта Азияда болып қайтқан саяхатшылардың айтқандарын жазып алады. Сібірдегі орыс деревнялары мен қазақ ауылдарының экономикалық дамуы, сауданың, егіншіліктің, мал шаруашылығының, үй және қолөнер кәсіпшіліктерінің жай-күйі туралы да мәліметтер жинайды.

Андреевтің қаламынан бірнеше ғылыми еңбектер шыққан. 1777 жылы ол Семей шіркеуінің жылнамасын, ал 1787 жылы – «Бір азаматтың өзінің адал досына хаты» деп аталатын Семейдің топографиялық сипаттамасын жазады. Бұл еңбекте Сібірді жаулап алудың және Ертіс бойында орыс бекіністерінің пайда болуының қысқаша тарихы, одан кейін Семейдің тарихы, жергілікті табиғат жағдайы, бұл бекіністің әскери-саяси және экономикалық мәнінің толық тарихы баяндалады.

Андреевті әсіресе, Сібір мен Қазақ даласындағы егіншілік пен нан өсіру ерекше қызықтырады. Өзінің бұл мәселе төңірегіндегі көзқарастарын ол «Астық өсіру мен өзге де экономикалық бұйымдар және өсімдіктер туралы физикалық ескертпелер» және «Астық өсіру туралы үйдегі ойлар» деген екі жазбаларында көрсетеді.

Андреевтің ең ірі жұмысы соңғы нұсқасында «Қырғыз-қайсақтардың Орта ордасының, оған қатысты халықтардың, Колыван және Тобыл губернияларының бөлігінде Ресей шекарасына жақын жатқан бекіністердің толықтырулармен сипаттамасы» деп аталатын қазақ халқы туралы этнографиялық еңбегі болып табылады. Алғашында бұл еңбек үкіметтің жарлығы бойынша дайындалады. Ал еңбек аяқталған кезде генерал Н.Г.Огарев оны жарамсыз деп тауып, қысқа нұсқасын, царизмге тиімді мәселелерді ғана жариялауды талап етеді.

Андреевтің аталған еңбегі алты тараудан тұрады, оның негізгі – бірінші, екінші, бесінші және алтыншы тараулары автордың Орта Жүз қазақтарының тарихи қысқаша очеркін және этнографиялық сипаттамасын толық және жан-жақты беруге тырысқан талпыныстарын көрсетеді. Автордың бұл басты ойлары еңбектің барлық мазмұнын құрайды және оның тарауларында айқын баяндалған. Бірінші тарау «Қырғыз-қайсақ халықтарының шығу тегінің көнелілігі туралы»; екіншісі – «Қырғыз-қайсақтардың шегі немесе шекаралары туралы»; үшінші және төртіншілері өте қысқа тараулар, олар Тянь-Шань қырғыздары мен Орта азиялық кураминдерге арналған. Бесінші, неғұрлым ауқымды тарауы – қазақтардың «Салт-дәстүрлері» төмендегі бөлімдерге бөлінеді:

1. Құдайға сыйынушылық, дұға және оразалар туралы.
2. Әдет-ғұрыптары және тәртібі туралы;
3. Нәрестенің дүниеге келуі туралы;
4. Сүндеттеу туралы;
5. Үйлену салты;
6. Қайтыс болғандар туралы;

7. Ер адамдар туралы;
8. Әйелдер туралы;
9. Қыздар туралы;
10. Қол шеберлігі және қолөнері туралы;
11. Кәсіпшіліктері туралы;
12. Қарулары туралы;
13. Сауда, қайда және қандай халықтармен жасалатындығы туралы;
14. Аурулар және оны емдеу туралы;
15. Тамақты және ауыз суды пайдалану туралы;
16. Шамандар туралы.

Алтыншы тарауда Орта Жүз қазақтарының әртүрлі рулық бөлімдерінің таралулары туралы жан-жақты мәліметтер беріледі.

Автордың қазақ халқының этнографиясы бойынша өзіне дейінгілермен салыстырғанда әлдеқайда ауқымды мәселелерді қамтығандығы жұмыстың атынан да байқалады.

Андреевтің бұл жұмысынан басқа, ХҮІІІ ғасырдың аяғындағы «Қырғыз-қайсақтар туралы қысқаша сипаттама» деп аталатын өзге қолжазбасы да этнографтар үшін өте құнды. Онда 1782 – 1796 жылдары Қазақ даласындағы тарихи оқиғалар баяндалады.

ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап Кіші және Орта жүздерді қосып есептегенде, Қазақ даласы Ресей империясының ажырамас және құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастайды. Сондықтан осы кезден бастап қазақ халқы туралы этнографиялық мәліметтер жалпылама сипаттағы еңбектердің мазмұнына міндетті түрде енгізілетін болды. Солардың қатарында Ф.А.Полуниннің «Ресей мемлекетінің географиялық лексиконы» (1773 ж.) деп аталатын еңбегін және орыс этнографы, орыс тарихнамасының демократиялық бағыттағы жазушысы М.Д.Чулковтың шығармаларын атауға болады.

«Орыс наным-сенімдерінің сөздігі» (1782 ж.) атты еңбегінде Чулков Н.П.Рычков және И.Г.Георги материалдары бойынша қазақ тойларының салт-дәстүрлері, жерлеу мен садақаларындағы әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдерін айтарлықтай дәрежеде нақты сипаттап, мәліметтер келтіреді. Қазақ халқының этнографиясы үшін Чулковтың «Ресей коммерциясына тарихи шолу» (1785 ж.) атты еңбегі де маңызы болып табылады, онда автор қазақ халқы жөнінде этнографиялық мәліметтер келтіреді.

Қазақ халқына қызығушылық танытқандардың бірі А.Н.Радищев (1749 – 1802 ж.ж.) болды. Сібірде жер аударылуда болған кездерінде (1791 – 1796 ж.ж.) жазылған оның Г.Ф.Миллердің «Сібір тарихы» атты еңбегінің материалдарының негізінде жазылған «Сібірді қолға түсіру жөніндегі қысқаша баяндаулар» деп аталатын мақаласы Сібір халқының этникалық құрамын зерттеуге арналады. Мақаласында автор қазақтарды «татарларға» (түркі тілдес халықтарға) жатқызады.

«Қытай саудасы туралы хат» (1792 ж.) деп шартты түрде аталған келесі бір еңбегінде қазақтардың мал шаруашылығы өнімдерінің орыс саудасындағы ролі туралы баяндайды.

Жасалған шаралар мен жазылған еңбектерге қарамастан, ХҮІІІ ғасырдағы орыс ғылымының қазақ халқын зерттеудегі ең басты кемшіліктерінің бірі қазақтың халықтық поэзиясы, эпосы, фольклоры туралы мәліметтердің жоқтығы болды.

1.5. ХҮІІІ ғасырдың аяғы – ХІХ ғасырдың басындағы этнографиялық зерттеулер.

ХҮІІІ – ХІХ ғасырлардың аралығында Орта Азия елдері және Қазақ даласымен сауданы кеңейту және экономикалық және саяси байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ осы елдердің табиғи байлықтарын пайдалануға мүдделі болған патша үкіметі бұл елдерге бірқатар елшіліктер мен экспедицияларды жібереді. Олар қазақ халқы туралы этнографиялық материалдардың одан әрі жинақталуына жанамалай әсерін тигізеді. Осы елшіліктер мен экспедициялардың мүшелері жазған кітаптар, мақалалар мен жазбалар этнография ғылымы үшін елеулі қызығушылықты туғызады. Бірақ ХІХ ғасырдың бірінші он жылдықтарына жататын арнайы этнографиялық әдебиеттің жоқтығы бұл деректемелерді этнография мүддесіне өте сыни тұрғыда пайдалануды қажет етеді.

1792 жылы Ташкент билеушісі Жүніс қожа Сібір желісінің басшылығына өзара сауданы кеңейту туралы ұсыныс жасайды. Жүніс қожаның ұсыныстары патша үкіметінің мүддесіне толық сәйкес келді, сондықтан үкімет Ташкентке елшілік жіберуді ұйғарады. Елшілікке өлкені жан-жақты танып-білу және әлі де толық таныс емес Қазақ даласы туралы да мәлімет жинап қайту тапсырылады. Бұдан үкіметтің қазақ даласы туралы мәлімет жинау мүмкіндігін қолдан шығармайтындығын көруге болады.

Құрамына А.С.Безносиков және Т.С.Бурнашев кірген орыс елшілігі 1794 жылы Омбы, Троицк, Торғай өзені, Арал бойы, Бұхара маршруты бойымен Ташкентке бағыт алады. Бірақ жергілікті билеуші оларды Ташкентке өткізуден бас тартқандықтан, елшілер Бұхарадан Ресейге кері оралады.

Бір жыл бұрын Хиуада тілмаш Холмогоровтың басшылығымен орыстың әскери дәрігері Бланкеннагель болып қайтады. Олар Хиуаға Арал бойындағы далалар арқылы өтеді, ал Ресейге келесі жылы Маңғышлақ арқылы оралады. 1795 жылы Бурнашев пен Безносиков Ташкентке өтуге тағы да әрекеттенеді, бірақ Қырғыз даласынан 500 шақырым жүргеннен кейін боранның кесірінен кері қайтады. Тек 1796 жылы ғана Д.Телятников, А.С.Безносиков және аудармашы Я.Быковтың құрамында орыс елшілігі Орта Жүздің сұлтаны Бөкейдің басшылығымен мақсаттарына жетеді.

Орыстардың Орта Азияға келесі елшілігі 1800 жылы болды, ол Ташкентке Жүніс қожаның жергілікті табиғи байлықтарды игеру үшін көмек беру туралы өтініші бойынша дайындалады. Елшілікті тау-кен инженерлері Т.С.Бурнашев, М.Поспелов басқарады.

Олардың жолжазбалары екі бөлімнен тұрады. Оның біріншісі «Қырғыз-қайсақтар мекендейтін жерлердің орналасқан жерінің жағдайы және қасиеті, бүкіл даланы кезіп өткендегі олардың қажеттілікке жарауының сипаты» деп

аталады, ол Қазақ даласының және оның тұрғындарының географиялық және этнографиялық сипаттамасына арналады.

Жолжазбалардың келесі бөлімінде авторлар қазақтарға тек бір тарауды ғана арнаған, ол «Үлкен Орданың қырғыз-қайсақтары» туралы деп аталады. Осылайша жазбаның үштен екі бөлігі қазақтарға арналады. Бұл патшалы Ресейдің Қазақ даласына және оның халқына деген қызығушылығының қаншалықты деңгейде болғандығын көрсетеді, осы ел туралы үкімет жаңа мәлімет алудың кез-келген мүмкіндігін жібермеген.

Қазақтар туралы неғұрлым қызықты материалдарды әскери отрядтың қарауындағы сауда керуенімен бірге аттандырылған Я.Гавердовскийдің Бұхараға барған елшілігі табыс етеді. Гавердовскийдің басшылығындағы елшілік пен керуен 1803 жылы орыс шекарасынан 300 шақырым жерде тоналады. Гавердовский және оның қасына ерген дәрігер Үлкен Савва, аудармашылар Биктяшев пен М.Бекчуриндер қазақтарға тұтқынға түсіп, бірақ уақыт өткеннен кейін ғана Ресейге оралады.

Өзінің осы сәтсіздігін Гавердовский ауқымды қолжазбасында баяндайды. Қазақ халқы туралы қызықты мәліметтерді оның әріптесі, бір жылдай тұтқында болған медицина докторы Үлкен Савва (1769 – 1827 ж.ж.) да жинақтайды. Ол қазақтардың арасында болғанында әртүрлі үй тапсырмаларын орындайды, сырқаттарды емдеп, қазаққа тән тірлік кешеді. Қазақтың ауызекі сөйлеу тілін үйреніп, шаруашылық және этнографиялық терминдердің сансыз түрлерін есте сақтайды, Сырдария бойы қазақтарының көптеген өзіндік ерекшеліктері мен салттарын түсінеді. Бұл туралы оның 1822 жылы жарияланған «1803 және 1804 жылдары қырғыз-қайсақтарда тұтқында болғандағы Үлкен Савваның басынан кешкен хикаяларының жазбаларынан» көруге болады.

Гавердовский елшілігінің сәтсіздіктерінен соң патша үкіметі бірнеше жылдар бойы Орта Азиялық Қосөзен аралығының, Қазақ даласының және оның халықтарының жаратылыстанушылық-географиялық, этнографиялық және әскери зерттеу үшін қарулы керуендер мен ірі экспедицияларды ұйымдастырудан бас тартуға мәжбүр болады. Бірақ деректі материалдарды жинау тоқтамайды. Орта Азиялық көпестер жабдықтаған керуендер Ресейге келуін жалғастыра береді. Сонымен қатар, патша үкіметінің Кіші және Орта Жүздердегі позициялары да нығая береді. Патша шенеуніктері қазақ ауылдарында болып қайтады, ал қазақтар орыс бекіністерінде, қалаларында, айырбас сарайларында, селолары мен станицаларында болады.

1807 – 1823 жылдардың өн бойында Қазақ даласын саудагер Мұртаза Фейзуллин аралап, патша шенеуніктеріне қазақтар туралы көптеген қызықты мәліметтерді жеткізеді. Оның 1851 жылы Я.В.Ханыков жариялаған Ташкенттен Петропавлға дейінгі талданған маршрутында, әсіресе, өзбек халықтарымен көрші тұрып жатырған, мал шаруашылығын астық өсірумен ұштастырған жартылай көшпелі Түркістан қазақтары туралы қызықты мәліметтер келтіріледі. Сонымен қатар Фейзуллин Орта Жүзді және қырғыздарды Ресеймен жақындастыруға да барынша жұмыстанған. 1822 – 1823 жылдары ол П.Пинегин бастаған семейлік көпестермен бірге Жетісуда болып, жергілікті халықты орыс бодандығын

қабылдауға үгіттейді, Омбыға қазақ және қырғыз депутаттарының аттандырылуына қол жеткізеді.

XIX ғасырдың екінші он жылдығына таман қазақтардың этнографиясын зерттеу үшін Қазақ даласына орыс адамдарының бірнеше елшіліктері келеді. 1811 жылы Бұқтырма бекінісінен жолай қазақ ауылдарында азиялық көпес бейнесінде саяхат жасап жүрген тілмаш Путинцев болып қайтады. Путинцевтің назарын жиі аударған негізгі мәселе қазақтардың кәсібі, тұрмысының сыртқы көрінісі, жай құқығы, көші-қондарының орналасқан жерлері, сауда байланыстары, ру-тайпалық құрылымы, жергілікті географиялық атаулар, Қазақ даласын зерттеу үшін неғұрлым қызықты топонимикалық мәліметтер болды. Қазақ халқының заттай, әсіресе, рухани мәдениеті туралы көптеген мәселелерді ол назардан тыс қалдырады.

Путинцевтің жазбаларынан келесі орыс тілмашы Филипп Назаровтың еңбектері айтарлықтай ерекшеленеді. Ф.М.Назаров (1785 ж. шамасында дүниеге келген) қазақтарға жақсы таныс болды. Ол ұзақ уақыт Петропавл бекінісінде қызмет жасайды және орыс-қазақ қарым-қатынастарының дамуында айтарлықтай роль атқарады. Ол қазақ және өзбек халықтары туралы этнографиялық материалдарды жинайды, олар автордың «Азияның орта бөлігіндегі бірқатар халықтар және жерлер туралы жазбаларына» енеді.

Ол өзінің алдына Қазақ даласы мен Орта Азиялық Қосөзен аралығының халықтары туралы этнографиялық және әскери-барлау мәліметтер жинау міндетін қояды. Назаров жергілікті тілді білуді этнографиялық зерттеу жұмыстары барысында толық нәтижеге жетудің маңызды құралы деп есептейді. Бірақ ғылыми бағдарламасы және басшылықтың тарапынан қолдаушысы болмағандықтан, Назаров қазақ халқының толық этнографиялық сипаттамасын бере алмайды. Ол билер сотын, феодалдық әдет-ғұрыптарды, қазақтардың үйлену жоралғыларын, жерлеу мен ас беру кезіндегі салттар мен дәстүрлерді, заттай мәдениеттің жекелеген бөлшектерін, халықтық ойындарды, бұрынғылар туралы эпикалық әңгімелерді, күрестерді, ат жарыстарын, бүркітпен аң аулауды, садақтан атуды, саздық аспаптарда ойнауды, қыздардың әндерін жоғары дәлдікпен және жан-жақты сипаттап жазады. Қазақ халқының саздық мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын ашып көрсетуде Назаровқа басымдық тән. Оның еңбегіндегі ерекше материалдары өзіндік ғылыми мәнін сақтап қалады.

Бірқатар ілгерілеушіліктерге қарамастан, Қазақстанды этнографиялық зерттеу әлі де шектеулі сипат алды. Бұл кезде Ресей Батыс еуропадағы істермен алаңдаулы болғандықтан, Шығыстағы іздестірулерін шектей тұрады.

Орыс ғалымдарының қазақ халқының этнографиясы бойынша ғылыми зерттеулерінен бізге тек XIX ғасырдың бірінші жартысына жататын белгісіз автордың «Қырғыз даласы туралы ескертпелер» деп аталатын еңбек қана танымал. Еңбек 1855 – 1856 жылдары ғана жарық көреді. Оның «Өмір сүру тәртібі, адамгершілік, заңдар және сенім» деп аталатын төртінші тарауында жылдың әр түрлі маусымындағы қазақ халқының өмір тіршілігі, қазақ халқының ауылдарға, бөлімдерге, руларға топталуы, әлеуметтік бөліністері, басқару, барымта, әскери ұйымдар, «патриархалдық әдет-ғұрыптардың құлауы», әскери өнер, қару-жарақ, діні қарастырылады. Алайда, автор баяндаған этнографиялық

материалдар жалпылама, нақтыланбаған сипат алады. Сонымен қатар автор «патриархалдық ғұрыптардың құлауы», «қанмен кек алу», «рулық байланыстар» туралы айта отыра, қазақтардың өміріндегі алғашқы қауымдық институттардың ролін шектен тыс жоғары қояды, олардың феодалдық құрылым жағдайына қайта бейімделгендігін көре алмайды.

Егер, XIX ғасырдың басындағы ғылыми-зерттеу еңбектерде қазақ халқының этнографиясы бойынша жарияланғандар аз болса, бұл кездегі жинақтаушы тарихи-этнографиялық, географиялық және статистикалық еңбектердің барлығында дерлік қазақтар туралы міндетті түрде айтылып отырды. Қазақтар туралы қысқаша этнографиялық мәліметтер Ішкі істер департаментінің белгісіз қызметкерінің үкіметтің тапсырмасы бойынша жазған «Сібір және онда мекендеуші халықтар туралы бірнәрселер» (1806 ж.) деп аталатын көлемді мақалада кездеседі.

Е.Ф.Зябловскийдің «Ресей империясының қазіргі сыртқы жағдайындағы статистикалық жай-күйі» (1808 ж.) деп аталатын кітабының «Бұхара, Қырғыз Ордасы және Хиуамен құрғақтағы сыртқы сауда» деген тарауында орыс көпестері мен қазақтардың арасындағы тауар айырбастары қарастырылады, оның үстіне бұл айырбастың тең емес және отаршылдық тонаушылық сипат алғандығы атап өтіледі.

«Сібірге статистикалық шолуында» (1810 ж.) М.Баккаревич қазақтардың тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын, ру-тайпалық құрылымы мен рулық қоныстарын, көші-қондарын, шаруашылығын қысқаша сипаттайды және қажетті деректемелердің жоқтығынан қазақтардың шығу тегін зерттеудің мүмкін еместігі туралы пікір айтады. Қазақ халқы туралы, әсіресе, 1801 – 1808 жылдары жеті том болып жарық көрген Л.Максимович және А.Щекатовтардың «Ресей мемлекетінің географиялық сөздігінде» молынан кездеседі. Онда Кіші және Орта Жүздердің барлық рулық бөлімшелері шығу тегі, орналасқан жерлері, адам және мал саны, ақсақалдары және жекелеген жағдайларда атақты адамдары көрсетіле отыра, қысқаша сипатталған.

1816 – 1818 жылдары И.Добровольскийдің «Азиялық музыкалық журналында» Ресейдің өзге де орыс емес халықтарымен қатар, алғаш рет қазақтың халықтық әуендерінің де жазбасы пайда болады. Бұл әуендерді жазып алған орыс сазтанушылары елдің барлық халықтарының сазгерлік шығармашылығының жоғары құндылығын атап өтеді.

1811 – 1820 жылдары Қазанда шығарылған Ресейдегі тұңғыш провинциялық газет «Казанские вести» де қазақ халқы туралы мәліметтер жариялап тұрды. 1807 – 1821 жылдары суретші А.О.Орловский (1777 – 1832 ж.ж.) майлы бояумен қырықтан астам этнографиялық суреттер мен картиналарды салады. Оның суреттерінде қазақтарға тән қару-жарақтармен қаруланған, киінген тек ер адамдар, жауынгерлер мен салт аттылар бейнеленеді. А.О.Орловский суреттерінің шығу тарихы белгісіз, себебі ол ешқашан да Қазақ даласында болып көрмеген. Алайда, 1806 жылы ұйымдастырылған халық жасақтарында қызмет атқарған қазақтармен кездесуі мүмкін деген болжамдар ғана бар.

1.6. XIX ғасырдың 20 – 40-жылдарында этнографиялық материалдардың жинақталуы.

XIX ғасырдың 20-жылдарында қазақ халқы туралы жаңа этнографиялық материалдарды жинақтау мен зерттеу орыс ғылымы үшін өзекті міндет болып қала береді. Мұндай міндеттердің туындауына сол кездері царизмнің ортаазиялық Қосөзен аралығына әскери-экономикалық тұрғыда ішкерілеп енуі және қазақ жерлерінің Ресейге қосылуының аяқталуы әсерін тигізді.

Царизмнің Қазақ даласын шикізат пен отарлау аймағына айналдыруға, оның табиғи байлықтарын капиталистік өнеркәсіптің мүддесіне, ең бастысы – Қазақстанды Орта Азиядағы өз жағдайын нығайту үшін стратегиялық мақсатқа пайдалануға ұмтылуы аумақты жан-жақты зерттеуді (әскери, табиғи-географиялық және этнографиялық тұрғыда) талап етті. Орыс географиясының ХVIII ғасырда қол жеткізген бірқатар табыстарына қарамастан, Ресейде Қазақ даласының нақты ірі көлемдегі карталары болмады, толық топографиялық зерттеулер жүргізілмеді.

XIX ғасырдың 20 – 40-жылдарында патша үкіметі Орта Азия мен Қазақ даласына бірқатар сауда және дипломатиялық елшіліктер мен ондаған әскери-ғылыми экспедициялар жібереді. Олардың алдына Каспий теңізінен Қазақ даласының шығыстағы шекараларына дейін созылып жатырған және Сібірдегі бекініс желілерінен оңтүстікке қарай Тянь-Шань мен Памир тауларының сілемдеріне дейінгі ұлан-байтақ кеңістіктің табиғи-географиялық, геологиялық, статистикалық және тарихи-этнографиялық сипаттамасын жасау міндеттері қойылды.

Атақты «Сібір қырғыздары туралы Жарғының» ізімен Батыс Сібірдің генерал-губернаторы П.М.Канцевич жарғыда қаралған шараларды Қазақ даласында жүзеге асыруға кіріседі. 1824 жылы ол полковниктер С.Б.Броневский және Григоровский басқарған әскери экспедициялар ұйымдастырады. С.Б.Броневский әскери шараларды жүзеге асырумен қатар, сапар барысында қазақтардың арасынан этнографиялық материалдарды да жинастырады, болашақта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындалады.

Патша шенеуніктері Орта жүздің рулық құрамын және рулардың таралу аймақтарын жан-жақты зерттейді. Осы мәліметтердің негізінде олар сібір қырғыздары облыстарын жаңадан әкімшілік-аумақтық бөлу жүзеге асырылды.

Отарлаушы мекемелердің шенеуніктері қазақтардың шаруашылығын да, әсіресе, егін шаруашылығын, жан-жақты зерттеуге жұмыстанады. Патша үкіметінің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы келесі бір маңызды шарасы Орынбор ведомствосындағы қазақ далаларына жүргізілген 1820 – 1824 жылдардағы және Сібірге 1827 – 1841 жылдардағы геодезиялық суретке түсірулері болды. Осымен бір мезгілде этнографиялық карталар да жасалады, ал географиялық карталарға жиі этнографиялық нысаналар да, мәселен, көші-қон жолдары, ру-тайпалық топтардың шекаралары, олардың қыстақтары мен жазғы жайлаулары, енгізіліп отырады.

1820 – 1840 жылдары қазақ халқы туралы этнографиялық материалдардың жинақталуында бұрынғыша Қазақ даласына орыс адамдарының сауда,

дипломатиялық және әскери-барлаушылық мақсаттармен болған сапарлары елеулі роль атқарады.

Ғылымға Орынбордан Бұхараға дейінгі керуен жолдарында көшіп-қонып жүрген қазақтар туралы аса қызықты мәліметтерді Негри дипломатиялық іс-шарасының (миссия) (1820 ж.) мүшелері, бас штабтың полковнигі Е.К.Мейендорф, натуралист Э.А.Эверсман, іс-шараның хатшысы және тілмашы П.Л.Яковлевтер береді.

Е.К.Мейендорф (1796 – 1865 ж.ж.) өзінің жолжазба журналында (*бұл журнал оның 1826 жылы Парижде француз тілінде жарияланған «Арал және ежелгі Яксарт теңіздерінен шығысқа қарай созылып жатырған далалар арқылы 1820 жылғы Орынбордан Бұхараға дейінгі саяхат» деп аталатын көлемді кітабының бірінші бөлімін құрады*) қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-жораларын, олардың тыныс-тіршілігін, тамағы мен оны дайындау тәсілдерін, киік пен қабан аулауын, барымтасын, әйелдер мен қазақ ауылдарындағы орыс тұтқындарының жай-күйін, қазақ даласындағы басқаруды сипаттап жазады, сонымен қатар қазақтың лирикалық әндерінен мысалдар келтіреді. ХІХ ғасырдағы орыс авторларының ішінде алғашқылардың бірі болып Мейендорф қазақтар мен қырғыздардың екі бөлек халық екені және әдебиетте олардың дұрыс аталуын қалпына келтіру керектігі жөніндегі қорытындыға келеді. Алайда, ол өзінің көзқарастарын еңбектерінде жүйелі түрде пайдаланбайды.

Қазақ халқы туралы көптеген этнографиялық мәліметтерді (көшпелі тіршіліктің, әдеттегі құқықтың сипаттамасы, ертегілердің үлгілері) Эверсманның неміс тілінде жарық көрген күнделігінен де табуға болады. Медицина докторы, «Орынбор өлкесінің шынайы тарихы» (1850 – 1866 ж.ж.) атты үш томдық еңбектің авторы Э.А.Эверсман (1794 – 1860 ж.ж.) 1820 жылдан 1828 жылға дейін Орынборда дәрігерлік тәжірибемен айналысады, ал кейін 1860 жылдан Қазан университетінде ботаника мен зоологиядан сабақ береді. Ол қазақ ауылдарын жиі аралайды. 1825 жылы Ф.Ф.Берг экспедициясының құрамында ол Үстіртте, ал 1827 жылы Г.С.Карелинмен бірге Бөкей ордасында болады.

1825 жылы Ұлы жүз бен Солтүстік Қырғыздарға қарай полковник Шубин басқарған әскери экспедиция бағыт алады. Оның құрамында ерекше тапсырмамен дәрігер Зибберштейн де болды. Ол өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Орта Азиямен сауда байланыстарын орнатуға қажет мәліметтерді, сонымен қатар Ұлы жүз қазақтарының рулық құрылымы мен таралу аймақтары, кәсібі, әдет-ғұрыптары, салттары, саудамен айналысулары және пайдалы қазбаларды өңдеулері жөнінде деректер жинастырады.

1829 – 1830 жылдары Семейден Сырдария өзенінің аңғарларына қарай Н.И.Потанин саяхат жасайды. Оның «Қырғыз даласы және Қоқан хандығы» (1831 ж.) деп аталатын еңбегі ғылымға Ресейге әлі толық таныс емес Сырдария қазақтары жөнінде құнды тарихи-этнографиялық мәліметтер береді.

1820 – 1830 жылдары Қазақ даласының батыс бөлігінде Сыртқы істер министрлігінің қызметкері, артиллерия офицері Г.И.Карелин (1801 – 1872 ж.ж.) саяхат жасайды. Карелиннің алғашқы саяхаты 1826 – 1827 жылдарға сәйкес келеді, бұл жылдары ол Эверсманмен бірігіп, Ішкі Бөкей ордасына сапар жүргізеді. 1828 – 1830 жылдары Карелин Жәңгір ханның ордасында тұрып, Ішкі

Бөкей ордасының ірі масштабты картасын және оның халқының этнографиялық сипаттамасын құрастырады. Ғылыми тұрғыда Карелиннің Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларына экспедициясы үлкен мәнге ие болды. Ол 1832 – 1836 жылдары жүргізілді. Экспедиция экономикалық және әскери-саяси мақсаттармен қатар, ғылыми мәнге де ие болды: Каспий теңізінің, Ембі өзенінің сағасының зерттелуі, адай қазақтарының зерделенуі жүзеге асырылды. Карелиннің Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауларына (1836 ж.), Жетісуға, Жоңғарияға, Алтай және Саянға (1840 – 1847 ж.ж.) жасаған экспедицияларының этнографиялық нәтижелері болған жоқ.

Орынбор қазақтарын этнографиялық зерттеу тарихында Орынборда 1807 жылдан 1884 жылға дейін қызмет атқарған Г.Ф.фон-Генс (1786 – 1845 ж.ж.) те біраз үлес қосады. Білім бойынша әскери-инженер болған Генс қызметінің алғашқы жылдарында жыл сайын Қазақ даласының табиғи қазба байлықтарына барлау жұмыстарын жүргізеді. 1815 – 1816 жылдары Генс кен орындарын барлау экспедициясының құрамында сол кезде аз танымал болған Торғай мен Тобыл арасындағы кеңістіктің геологиялық-географиялық сипаттамасын құрастырады.

Г.Ф.Генс қазақ халқының тарихы, этнографиясы, лингвистикасы, фольклоры және экономикасы жөнінде артына айтарлықтай мол қолжазбалық мұра қалдырады. Солардың қатарында «Халықтың шығу тегі және бөлімдері» деп аталатын жазбасын атауға болады, онда автор қазақ теміндерінің елеулі мөлшерін, бірқатар этнографиялық аңыздарын пайдалана отырып, Кіші жүздің рулары, ру-тайпалық құрылымы және таралу аймақтары жөнінде жазады.

Қазақ халқы туралы этнографиялық материалдарды 1839 – 1840 жылдары қыста сәтсіз аяқталған Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийдің Хиуаға жорығына қатысушылар да жинастырады.

Әсіресе, XIX ғасырдың 40-жылдарында Қазақ даласына көптеген орыс ғылыми экспедициялары ұйымдастырылады. 1840 – 1841 жылдары Жоңғарияға А.И.Шренк саяхат жасайды. 1841 жылы полковник И.Ф.Бларамберг және дәрігер А.Ягмин Орынбордан Сырдария өзеніне саяхат жасайды. 1852 жылы Бларамберг Қазақ даласын топографиялық суретке түсірудің басшысы, ал 1853 жылы Ақмешітті нығайтуға бағытталған жорыққа қатысушы болды. Өзінің этнографиялық, статистикалық және табиғи-географиялық материалдарын ол 1856 жылы жариялайды.

Қызықты этнографиялық материалдарды Хиуа жорығына қатысушы және Бларамбергтің серігі А.Ягмин де жинастырады. Оны дәрігер ретінде негізінен, «тарихи тұрғыдағы қырғыз-қайсақтардың медициналық түсініктерінің жай-күйі», қазақтардың ауру-сырқаулары, олардың антропологиялық келбеті, қымызды емдік мақсаттарға пайдалануы туралы мәселелер қызықтырады.

1841 – 1843 жылдары Қазақ даласына Н.Ханыков, А.Леман, Никифоров, Г.И.Данилевски, Ф.И.Базинерлер де саяхат жасайды.

Хиуаға жорықтың басында тұрған Г.И.Данилевский Хиуа хандығында көшіп-қонып жүрген қазақтардың саны, рулық құрамы және рулық таралу аумақтары жөнінде мәліметтер жинайды. Оған дейін Хиуа қазақтары туралы ешкім жазбағандықтан оның мәліметтерінің құндылығы артады. Данилевский жорығының келесі мүшесі, Петербург Ботаникалық бағының қызметкер Базинер

өзінің жолжазбаларында қазақтың киіз үйін, молаларын, шабындықтарын, ауылдарын сипаттап жазады.

Қазақтың поэзиялық фольклорын жоғары бағалаған және оның қазақ этнографиясын зерттеудегі маңызын түсінген тұңғыш орыс авторларының бірі, қазақ тілінің білгірі И.Беленицын болды. Ол «Қозы Көрпеш және Баян Сұлу» поэмасын орыс тіліне аудару туралы жоғары жақтарға өтініш жолдайды. Алайда патша үкіметінің шенеуніктері поэманы орыс тіліне аударудан ұзақ уақыт бас тартады. Дегенмен өзінің талаптарында берік тұрған Беленицын ақыры 1834 жылы поэманың орыс тіліне аударылуына қол жеткізеді. Сонымен қатар Беленицын аталмыш жырды алғаш хатқа түсірген орыс авторы болып та саналады.

Баспадан жарық көрген материалдар мен зерттеулер орыс адамдарының ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын зерделеудегі жұмыстарының толық нәтижесін бере алмайды.

ХІХ ғасырдың 20 – 40-жылдарындағы зерттеушілердің қазақ халқының тұрмысы туралы мәселелерді қарастырулары тар және шектеулі болды. Олар негізінен қазақтардың ру-тайпалық құрылымы мен таралу аумақтарын, тұрмысының сыртқы ерекшеліктерін зерттеумен ғана шұғылданады. Халық шығармашылығы, қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысының маңызды тұстары оларды шын мәнінде қызықтырмайды.

1.7. Г.И.Спасский, Н.Я.Бичурин, А.И.Левшин, В.И.Дальдің еңбектері.

ХІХ ғасырдың бірінші жартысында орыс шығыстануы елеулі өрлеулерді басынан кешіріп жатты. Капитализмнің дамуы және Ресей мен өзге де еуропалық мемлекеттердің отарлаушылық саясатының жандануы ХІХ ғасырдың басында Шығыс елдерін зерттеу үшін ірі ғылыми экспедицияларды ұйымдастыруға итермеледі.

1818 жылы Академия ғылымында Азиялық мұражайдың ашылуымен орыс ғалымдары Шығысты зерттеуге мүмкіндік беретін құнды базаға ие болады. А.В.Болдырев (1780 – 1842 ж.ж.), А.И.Левшин, Г.И.Спасский, О.И.Сенковский (1800 – 1853 ж.ж.), Н.Я.Бичурин, М.А.Казем-бек (1802 – 1870 ж.ж.), И.Н.Березин (1818 – 1896 ж.ж.) қазақ халқының этнографиясын зерттеу тарихында үлкен роль атқарды.

Қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеу саласында Г.И.Спасский көп еңбек сіңірді (1784 – 1864 ж.ж.). 1818 жылы Спасский Петербургта «Сибирский вестник» журналының негізін (1825 – 1827 ж.ж. «Азиатский вестник») салады және онда жартысын өзі, жартысын И.П.Шангин, Ф.М.Назаров, т.б. өзге де саяхатшылар жазған Сібір мен Қазақ даласының халықтары туралы көптеген материалдар мен зерттеулерді жариялайды.

Өзінің Қазақ даласының солтүстік және солтүстік-шығыс бөліктеріне жасаған ерте саяхаттарының нәтижесін «Сібірдегі ежелгі қирандылар туралы», «1809 жылғы оңтүстік Алтай тауларындағы саяхаттар», «Егістікті жасанды суландыру туралы» деген мақаласында баяндайды. Соңғы мақаласында

қазақтардағы жасанды суландыру тәсілдері туралы айтылады және қазақтардың шығыры жан-жақты суреттеледі.

1820 жылы Спасский тұңғыш рет қазақ ертегісі «Едігені» және «Үлкен, Орта және Кіші Орданың қырғыз-қайсақтары» монографиялық зерттеуін жариялайды, онда Ұлы жүз туралы мәліметтері, көп нәрсені уәде еткенімен, мазмұны таяз. Есесіне, негізінен әдеби, сонымен қатар ауызекі және мұрағат материалдарына негізделген Орта және Кіші жүздердің этнографиялық сипаттамасы айтарлықтай жеткілікті.

Автор этнографиялық мәселелерді кеңінен қамтиды. Оның жұмысы ғылыми материалдардың және нақты қорытындылардың молдығымен ерекшеленеді. Мәселен, ХҮІІІ ғасырдың, тіпті ХІХ ғасырдың бірінші жартысының көптеген авторлары қазақтар мүлдем егін шаруашылығын білмеген, айналысса да, айтарлықтай мән бермеген деп тұжырымдады. Жергілікті жерде қазақтың егін шаруашылығын зерделеген Спасский бұл мәселе туралы өзгеше пікірде болды. Ол: «далада көшіп жүрген бірбе-бір халықтың астық өсірудегі жетістіктері қырғыздармен тең келмейді. Олардың еңбекқорлығы ең құрғақ құмды жердің өзін құнарлыға айналдырады... Бір сөзбен айтқанда, қырғыздардың егін шаруашылығы қаншалықты назар аудару құрметіне ие болса, соншалықты еліктеуге тұрарлық».

Сонымен қатар біраз мәселелерде қажетті деректемелердің және арнайы білімінің жоқтығынан, Спасский қате тұжырымдар жасайды. Мәселен, Енисей қырғыздарын ол қазақ халқының бір бөлігі деп есептейді.

Қазақ халқының этнографиясы бойынша Спасскийдің соңғы жұмысы 1826 жылы оның «Сібір және оның аралдарының географиялық және статистикалық сипаттамасы» деген шығармасының бір тарауының бірінде жарияланған «Қырғыз-қайсақтар» деп аталатын очеркі болып табылады.

Спасский жоғарыда аталған материалдары мен өзге авторлардың зерттеулерінен басқа, «Үлкен сызба Кітабын», ежелгі түркілердің руникалық ескерткіштерін де жариялады. Оның сіңірген еңбегі жаңа бастап келе жатырған ғалымдардың назарын қазақтың тарихи-этнографиялық материалдарын зерттеу мен жинаудың қажеттілігіне аударуға тырысуы болды.

ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы орыс Шығыстануындағы ірі өкілдердің бірі Н.Я.Бичурин (1777 – 1852 ж.ж.) болды. Оның «Орта Азияда мекендеуші халықтар туралы мәліметтердің жинағы» (1851 ж.) деп аталатын үш томдық еңбегі Орта Азияны қоныстанған және қазақ халқының этногенезіне қатысқан ежелгі тайпалардың тарихын зерттеуде елеулі роль атқарды.

Бичуриннің тарих ғылымының айналымына шығыстық деректемелерді қосу үшін күресі және осы іске қосқан елеулі үлесі, оның халықтардың шығуы туралы библиялық теорияны, нәсілшілдік пен Тянь-Шаньның үйсін тайпаларына қатысты пангермандық теорияны өткір сынауы қазақ халқының тарихи этнографиясының маңызды мәселелерін зерттеуде үлкен мәнге ие болды. Ол сонымен қатар, Азия халықтарының этникалық құрамын анықтап алмай тұрып, ұлттық тарихқа және бірқатар шығыс халықтарының атауларына жек көрінішпен қараған, оларды жай татарлар деп атауды жалғастыра берген батыс еуропалық авторларды да өткір сынға алады.

Қазақ халқының этнографиялық зерттелу тарихына айтарлықтай үлес қосқандардың бірі Батыс Сібір отаршыл әкімшілігінің қызметкері генерал-майор С.Б.Броневский (1786 – 1858 ж.ж.) болды. 1826 – 1832 жылдары ол Москва ауыл шаруашылық Қоғамының органы «Земледельческий журналда» қосымша қызмет жасайды. Соған орай оның зерттеулері негізінен қазақ халқындағы егіншілік пен отырықшылық мәселелеріне арналады.

1829 – 1830 жылдары Броневский өзінің негізгі еңбегі «Генерал-майор Броневскийдің Орта орданың қырғыз-қайсақтары туралы жазбаларын» аяқтап, жариялайды. Онда автор негізгі назарды қазақтардың шаруашылығын, олардың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, рухани мәдениетін сипаттауға аударады, бірақ заттай мәдениеті туралы мүлдем қарастырылмайды.

Қазақ халқын зерттеудегі орыс этнографиясының күрделі жетістіктері Орыс географиялық қоғамының негізін салушылардың бірі А.И.Левшиннің (1799 – 1879 ж.ж.) есімімен байланысты. 1820 жылы Левшин екі жылға Орынбор мен Оралға ауыстырылады. Осы екі жылдың ішінде ол қазақ ауылдарын жиі аралайды, жан-жақты жазбалар жүргізеді, Орынбор мұрағатының істерін зерделейді және қазақ халқының тарихы мен этнографиясы бойынша үлкен ғылыми материал жинайды.

Левшиннің қазақ халқы туралы алғашқы ғылыми жазбалары «Жолжазбалар», «Кіші қырғыз-қайсақ ордасының ханымен кездесу» 1820 жылы басылып шығады. Соңғысында қазақтардың қонақ қабылдауы мен қазақтың суырып салма әндерінің орындалуы сипатталады. 1823 – 1824 жылдары оның «Көне Сарайшық қаласы туралы хабарлары» және «Орал казактарының тарихи және статистикалық шолулары» деген очеркі жарық көреді, одан *қазақ* терминінің талдануы мен қазақтардың Орал казактарына мәдени ықпалы туралы мәліметтер алуға болады. 1825 жылы Левшин «Қырғыз-қайсақтардағы ағарту туралы: қазақ ордаларының сипаттамасынан үзінділер» деген мақаласын жариялайды.

1827 жылы «Қырғыз-қазақ халқының есімдері туралы және оның шынайы және жабайы қырғыздардан айырмашылығы» деген өте маңызды мақаласымен баспаға шығады. Мақалада ол қазақтардың нағыз атауы және оларға *қырғыз* атауының қолданылуы мен оның бұдан әрі сақталып қалуының негізсіз екендігі туралы қағидалы мәселені қояды.

Левшиннің «Қырғыз-қайсақ, немесе қырғыз-қазақ ордалары туралы этнографиялық хабарлар» деген жаңа мақаласы 1831 жылы жарық көреді. 1832 жылы «Қырғыз-қайсақ, немесе қырғыз-қазақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деп аталатын Левшин еңбегінің толық басылымы жарыққа шығады. Левшиннің монографиясы дереу қалың көпшіліктің танымына ие болады. Ш.Уәлиханов Левшинді қазақ халқының Геродоты деп атады, ал еңбегін ғылым үшін аса бағалы деп есептеді.

Левшин монографиясының бірінші бөлімі Қазақ даласының географиясына, екіншісі – тарихына, үшіншісі – этнографиясына арналған. Еңбектің екінші бөлімі этнографиялық тұрғыда қазақ халқының этногенезі мәселесін қоюымен ерекше қызықты. Мұнда автор ғылымда алғаш рет, орыс және батыс еуропалық деректемелерді жүйелей отыра, мүмкіндігінше ХҮІ ғасырдың ортасынан бастап – ХҮІІІ ғасырға дейінгі қазақ халқының тарихын бір ізге келтіреді. Бірақ шын мәніндегі шығыс деректемелеріне сүйенудің мүмкіндігін иемдене алмайды.

Монографияның тарихи бөлімінде Левшин барлық қазақ жүздерінің тарихын қамтуға тырысады, бірақ қолында жеткілікті деректер болмағандықтан, Ұлы Жүзге қатысты оның бұл мақсаты жүзеге аса қоймайды.

Монографияның этнографиялық бөлімі 32 тараудан тұрады, оларда қазақ халқының этнографиясы бойынша барлық негізгі мәселелері қамтылады.

Левшиннің кітабы жарыққа шыққаннан кейін ұзақ уақыт баспада қазақ халқының этнографиясы бойынша бірде-бір ірі зерттеу пайда бола қоймайды.

Бірақ қысқаша мазмұндағы этнографиялық көріністі мақалалар қоғамдық-саяси және әдеби газеттер мен журналдарда жиі жарияланып тұрған. Мәселен, С.Яроцкийдің «Халықтық қырғыз медицинасы» (1836 ж.) атты мақаласында бірқатар шынайы мәліметтер келтіріледі. П.А.Словцовтың «Сібірдің тарихи шолуы» атты екі томдық (1838 – 1844 ж.ж.) еңбегінде қазақтардың ХҮІІ – ХҮІІІ ғасырларда Сібір халықтарымен өзара қарым-қатынасының тарихы қарастырылады.

Қазақ халқының этнографиясын зерттеу саласында неғұрлым жан-жақты еңбек еткендердің бірі, танымал орыс ғалым-диалектологы, этнографы және жазушысы В.И.Даль (1801 – 1872 ж.ж.) болды. Ол «Орынбор өлкесінің жаратылыстанушылық шығармаларының музеумінің» негізін қалаушылардың бірі болды. 1839 жылы Дальдің тікелей ықпалымен музеум этнографиялық коллекциялармен толық бастайды, ал осы «музеумнің» негізінде Кеңес дәуірінде Қазақстанның орталық мұражайы ұйымдастырылады.

Қазақ даласынан жинастырған этнографиялық материалдарының негізінде Даль «Қырғыздарда қолданылатын ... ерекше әдісі» деп аталатын мақаласын және тек әдеби ғана емес, ғылыми мәні де бар бірнеше повестерін, әңгімелерін жазады. Этнографиялық материалдарының негізгі бөлігі 30 – 40 – жылдары, кейін өзі жойып жіберген, мемуарына енеді.

Дальдің шығармаларының ішінен қазақ халқының этнографиясы үшін шынайы оқиғалардың негізінде жазылған «Бекей мен Мәулене» (1836 ж.) повесі үлкен қызығушылық туғызады. Автордың өзге шығармаларындағы тәрізді, мұнда да негізгі тақырыптан ауытқушылық көп кездеседі, бірақ осы арқылы да қазақ халқының тұрмысы мен әдет-ғұрыптары толық және шынайы тұрғыда сипатталады.

Автордың тірі кезінің өзінде «қырғыздардың әдет-ғұрпы мен тұрмысының ең тамаша көрінісі» деп қарастырылған «Бекей мен Мәулене» повесі қазақ халқының тарихи этнографиясын зерттеу үшін кеңінен қолдануға болады. Бұндай пікірді Дальдің келесі повесі «Майна» (1843 ж.) туралы да айтуға болады, ол толықтай қазақ әйелінің жағдайын сипаттауға арналады. Дальдің қазақтар тақырыбына жазған повестерін кезінде замандастары өте жоғары бағалады.

Даль қазақтар халқымен жиі араласып тұрады. 1833 жылдың жазында Орынборға келісімен, ол Орал, Гурьев, Бөкей Ордасына аттанады. Осы жолда ол 2500 шақырым жерді атпен аралайды. Орыс ғалымы қазақтардың арасында беделге тез ие болады. Ол өзінің қазақтарға достық пиғылымен жақын болды, жергілікті әлеуметтік-экономикалық қатынастарды жақсы түсінуімен ерекшеленеді.

II ТАРАУ. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ДАМУЫ.

2.1. Орыс географиялық қоғамының құрылуы және оның 1845 – 1861 жылдардағы қызметі.

ХІХ ғасырдың ортасы орыс этнографиясының тарихындағы елеулі кезең болып табылады. 1845 жылы Ресейде этнографиялық бөлімі бар Орыс географиялық қоғамы (ОГК – РГО) құрылды.

Орыс географиялық қоғамы өзінің өмір сүруінің екінші жылында-ақ Орта азиялық Қосөзен аралығы мен Қазақ даласын географиялық және этнографиялық зерттеуге баса назар аударады. Бұған қоса 1847 – 1861 жылдар аралығында Қоғам қазақ халқы туралы материалдар мен зерттеулердің айтарлықтай көлемін жариялайды. Олардың авторлары негізінен Қоғамның мүшелері және ішінара Қазақ даласында қызмет етіп жатырған шенеуніктер болды.

1846 жылы Қоғам Петербург пен Орынбордың мұрағаттарында сақтаулы Орта Азияның географиясы бойынша материалдарды талдауға кірісу, сондай-ақ бірқатар авторларды жұмыстарының қолжазбаларын жариялауға тапсыруын сұрау туралы шешім қабылдайды.

Осы жылы Я.В.Ханыковтың ұсынысымен жалпы география Бөлімі Қазақ даласының жаңа, соның ішінде этнографиялық, картасын жариялау туралы шешім қабылдайды.

Орыс географиялық қоғамының қазақтар туралы жариялаған алғашқы жұмыстары Я.В.Ханыков пен М.И.Иваниннің мақалалары болды.

Я.В.Ханыков (1818 – 1862 ж.ж.) он бес жылдай уақыт бойы тек қана Қазақ даласы және Жетісудың бассейнінде жатқан елдер мен Орта азиялық Қосөзеннің географиясын зерттеумен айналысқан талантты орыс географы және картографы болды. 1839 жылы қазақ халқы туралы статистикалық және этнографиялық мәліметтерді қолдана отырып, ол өзінің алғашқы ғылыми еңбегі «Орынбор өлкесінің географиялық шолуын» жазады. Оның екінші жұмысы «Ішкі қырғыз ордасының 1841 жылғы жай-күйінің очеркі» тарихи-этнографиялық тұрғыда жазылған және автордың дербес ізденістерінің нәтижесі болып табылады. Онда Ішкі Бөкей ордасының ру-тайпалық құрылымының толық кестесі келтіріледі, әрбір рулық бөлімдердің қысқы және жазғы жайылымдарының орналасқан орындары мен халықтың, малдың, саздан және ағаштан тұрғызылған тұрғын-жайлардың саны көрсетіліп, сауданың жай-күйі мен орданың тарихы баяндалады.

Келесі жылдары Ханыков тек карта жасау және баспа ісімен ғана айналысады. Ол «Ішкі және Кіші орда қырғыздарының жерлерінің картасын» (1845 ж.), «Арал теңізінің және Хиуа хандығының төңірегімен бірге картасын» (1851 ж.) және «Орта Азияның солтүстік-батыс бөлігінің қосымшалармен бірге картасын» (1855 ж.) құрастырады. Осылардың ішінде екіншісіне Арал теңізін орыс адамдарының зерттеуі бойынша күрделі «Түсіндірме қағазын» (1851 ж.) жазады.

Я.В.Ханыков өзінің алғысөздерімен М.Тевкелевтің, В.Гладышевтың, И.Муравиннің, М.Поспеловтың еңбектерін және К.Миллердің картасын баспаға дайындап, жабдықтайды.

Орыс географиялық қоғамының келесі бір мүшесі М.И.Иванин (1801 – 1874 ж.ж.) 1835 жылдан 1855 жылға дейін үзілістермен Орынбор өлкесінде алдымен, офицер, кейін Ішкі Бөкей ордасының Уақытша кеңесінің кеңесшісі және басқарушысы болып қызмет жасайды.

Иваниннің неғұрлым қызықты еңбегі Кіші Жүздің сол кезде аз зерттелген рулық бөлімі – адай туралы этнографиялық мәліметтер келтірілген «1846 жылғы Маңғышлақ түбегіне сапар» деп аталатын мақаласы болып табылады. Автор Маңғышлақтың барлық түкпірінде болып қайтады, жергілікті жермен танысады, пайдалы қазбаларды барлаумен айналысады, жергілікті қазақтар және түркімен халқының бөлігімен жақын танысады. Ол суландырмалы егін шаруашылығының дамуына және қазақтардың түбектің шөлді және суы аз жерлерін игеруіне назар аударады. Оны қазақтардың рухани мәдениеті, қонақжайлылығы, ұлттық ойындары, сырқаттары мен медициналық танымдары, наным-сенімдері, қожаларға, ата-баба аруақтарына табынулары қызықтырады.

1848 – 1849 жылдары Арал бойы қазақтары туралы қызықты мәліметтерді Арал теңізін суретке түсіруді жүргізген А.И.Бутаковтың (1816 – 1869 ж.ж.) экспедициясы жинайды. Бұл экспедицияны әскери ведомство ұйымдастырғанмен, оның ғылыми нәтижелерін Орыс географиялық қоғамы жариялайды.

А.И.Бутаков пен оның серігі А.И.Макшеев оңтүстік және шығыс Арал бойында қазақтар суландырмалы егіншілікке негізделген жартылай отырықшы шаруашылықпен, ал солтүстікте мал шаруашылығымен айналысты, - деген тұжырым жасайды. Арал теңізінің аралдарының ішінен олар тек Барсакелместі ғана игереді. Теңіздің қыста қатпайтын тұстарындағы қалған аралдар қазақтарға таныс болмады.

Экспедицияның құрамына Бутаковтың ұсынысымен экспедицияның құрамына суретші ретінде енгізілген Ұлы украин ақыны Т.Г.Шевченко Арал теңізінің көрінісінің және этнографиялық суреттердің альбомын жасайды. Қазір Киевтің мұражайында сақтаулы тұрған Шевченконың суреттері төмендегі мазмұндардан тұрады: «Қазақ баласы пеш жағуда», «Қазақтар оттың алдында», «Киіз үйдегі қазақтар», «Атты қазақ», «Қазақ баласы пеш алдында қалғуда».

А.И.Бутаковтың, А.И.Макшеевтің еңбектерінің және Т.Г.Шевченконың суреттерінің ғылыми құндылығы олардың нақтылығы мен мақсаттылығы болып табылады.

Орыс географиялық қоғамының қолдауымен Қазақ даласына алғашқы ғылыми сапарды 1850 жылы этнограф П.И.Небольсин (1817 – 1893 ж.ж.) жасады. 1850 – 1851 жылдары ол Орынборда, Оралда, Астраханда және көптеген қазақ ауылдарында болып қайтады.

Осы саяхаты кезінде ол кейін монографиялары мен ғылыми еңбектеріне негіз болған бай этнографиялық және статистикалық материалдар жинайды. Солардың арасында «Ресейдің Орта Азиямен саудасының очеркі» неғұрлым жоғары бағаға ие болды. Оның «Қырдағы керуендер» деп аталатын тарауы қазақ халқының этнографиясына арналды және 1852 жылы жеке мақала болып жарық көреді.

Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салттары, олардың кәсібі мен тұрмыс тіршілігі туралы мәлімет беретін саяхатшының өзге еңбектерінің қатарында «Еділдің төменгі сағасының очерктері», «Бұхаралықтардағы, қырғыздардағы, башқұрттардағы және қалмақтардағы күрес», «Өткіншінің әңгімелері» (1854 ж.) деп аталатындарын атауға болады. Оның «Ембіліктердің құда түсу мен үйлену кезіндегі салттары туралы жазбалар» (1851 ж.) деген мақаласы жарияланбастан қалады.

Өкінішке орай, Небольсин өз материалдарын әртүрлі басылымдарда жүйесіз сипаттаумен шектеледі (1852 – 1854 ж.ж.). Келесі жылдары ол бұл тақырыптарға арнайы соқпаса да, қазақ халқына әрдайым қызығушылығын танытып отырады.

«Сібір ведомствосындағы қырғыз далаларындағы сауда мен өнеркәсіп туралы» (1855 ж.) деген мақаласында Г.В.Колмогоров қазақтың үй өнеркәсібінің және қолөнерінің өнімдерін сипаттады, алғаш рет қазақ қолөнершілерінің еңбек шарты мен тұрмыстық қатынасына тоқталады. Ол үш жыл қазақтардың арасында болып, мәселені жақсы меңгереді.

1856 – 1857 жылдары Қазақ даласының шығыс және оңтүстік-шығыс шет жақтарында танымал орыс ғалымы Семенов-Тянь-Шаньский (1827 – 1914 ж.ж.) болып қайтады. Оның басты мақсаты Тянь-Шаньды зерттеу болды, сонымен қатар ғалымды жергілікті этнография да қызықтырады.

Семенов өзінің Тянь-Шаньға саяхаты туралы толық есеп берген жоқ. Ол Географиялық қоғамға бірнеше хат жазумен және жолжазбаларынан үзінді жариялаумен ғана шектеледі. Бірақ елу жыл өткен соң өзінің мемуарының екінші томында осы саяхатын, соның ішінде, қазақ ауылдарын аралауын толық сипаттап жазады.

Семеновтың мемуарында Жетісу қазақтарының тұрмысын, шаруашылығын, заттай және рухани мәдениетін сипаттайтын көп мәліметтер келтірілген. Әсіресе, оның билер сотын сипаттап жазуы ерекше қызықты, онда «орданың бүкіл тағдырын қолында ұстап тұрған жеке тұлғалармен ғана емес, жергілікті қырғыз құқығы және олардың дүниетанымдарымен де» жақынырақ танысуды қалаған автордың өзі қазақтардың ұсынысы бойынша субарбитр ретінде қатысып отырады.

Семенов сот істерінің – қазақ қызының қаламаған адамына тұрмысқа шығудан бас тартуының пайда болуын жан-жақты сипаттап жазады, барлық билерге мінездеме беріп, кімнің қандай үлесі үшін би бола алатындығын анықтауға тырысады.

Саяхатшыны Жетісудың археологиялық ескерткіштері, Ұлы Жүздің және оның жекелеген рулық бөлімдерінің тарихы мен шығу тегі деген мәселелер де қызықтырады.

П.П.Семеновтың қасына еріп жүрген Томскіден шыққан суретші П.М.Кошарев қазақ және қырғыз халықтарына арналған этнографиялық альбом құрастырады. Альбом жақсы құжаттандырылған және қысқаша түсіндірмелермен жабдықталған.

Тянь-Шаньға этнографиялық саяхаттардың осы материалдары, сонымен қатар А.И.Левшиннің, П.И.Кеппеннің, Е.В.Вельямин-Зерновтың және өзгелердің еңбектерін П.И.Семенов көптеген мақалалары («Қырғыз-қайсақтар және

қырғыздар», «Үлкен орда», «Ішкі қырғыз ордасы», «Кіші орда», «Орынбор қырғыздарының облысы», «Орта орда») қазақтарға арналған «Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігін» (1863 – 1885, 5 т.) құрастыруда кеңінен пайдаланады. Семенов Қазақ даласы мен оның халқын географиялық және этнографиялық тұрғыда зерттеу саласындағы көптеген ғылыми бастамалардың ұйымдастырушысы және дем берушісі болды, қазақ халқы туралы сенімді мәліметтердің таралуына және олар туралы жаңа ғылыми еңбектердің жариялануына септігін тигізеді.

Өкінішке орай, сол жылдары Қазақ даласына арнайы этнографиялық экспедициялар жүргізілмеді. Географиялық экспедициялар этнография ғылымының сұраныстарын толық қанағаттандыра алмады. Орыс географиялық қоғамының тексеру комиссиясының 1858 – 1859 жылдары Қоғам экспедицияларының этнографиялық зерттеулерге айтарлықтай мән бермей отырғандығы туралы айыптаулары тегін емес еді. Нәтижесінде, қалыптасқан жағдайды біраз ретке келтіру үшін Қоғам Түркістан өлкесі мен Жетісуға, Орта Азияның этнографиялық тұрғыда айтарлықтай зерттелген аудандарына В.В.Радловты жібереді. Орыс географиялық қоғамы өзінің провинциялық тілшілеріне ғылыми көмек көрсетіп отырады. Қоғам оларды бағдарламалармен, нұсқаулармен жабдықтады және Қоғамға түскен ғылыми еңбектердің талдануына тартып отырады.

Қажетті жағдайларда Қоғам Орынбордан карталарды, мұрағат материалдарын сұратып отырады және отарлаушы өкіметтерден жергілікті өлкетанушылардың ғылыми ізденістеріне қолдау көрсетулерін талап етеді.

Орынбор, Омбы және Қазақ даласынан түскен бірқатар тарихи-этнографиялық және географиялық материалдар «ОГҚ-ның (РГО) жаршысында» жарияланады. Оларда, әсіресе, Ембі мен Түркістандағы қазақтардың суландырмалы егіншілігін сипаттауға ерекше мән беріледі.

XIX ғасырдың ортасында Орынбор Петербургтан кейінгі Ресейдегі қазақ халқының этнографиясын зерттеудің екінші ірі орталығына айналады. Осы кезде Орта Азия мен Қазақ даласында жүзеге асырылған көптеген орыстың ғылыми бастамаларының көпшілігі Орынбормен байланысты болды. Мәселен, 1857 – 1862 жылдары Орынборда Москва және Қазан мұражайлары үшін қазақтың этнографиялық заттарының айтарлықтай мөлшері жиналады.

Орынбор және Самара генерал-губернаторлықтарының шенеуніктерінің арасында XIX ғасырдың 50-жылдарында қазақ халқының этнографиясы мәселесін зерттеумен айналысқан біраз жоғары білімді адамдар болды. В.В.Григорьев, В.В.Вельяминов-Зернов, А.А.Бобровниковтардың есімдері шығыстанушылар ретінде кеңінен танылды.

В.В.Григорьев (1816 – 1881 ж.ж.) мемлекеттің шет аймақтарындағы патша үкіметінің отарлаушылық саясатын қолдаушылардың бірі болды. Ол қазақтар мен Орта Азия халықтары туралы өзіндік ерекшеліктері бар тарихи-этнографиялық материалдар жинастырады. Орынбор шекаралық комиссиясының мұрағатының бай қорларын пайдаланып, олардан таныс емес қолжазбаларды жарыққа шығарады, қазақ ауылдарындағы өзінің бақылауларын және саяхатшылармен, көпестермен және халық өмірінің білгірлерімен болған әңгімелерді жазып алады.

Бұл материалдар оның 1860 – 1870 жылдары көптеген еңбектерінің негізіне алынды. Орынборда ол «Хиуа хандығының сипаттамасы және оған Сарайшықтан баратын жолдар» деген қолжазбасын баспаға дайындайды. Ол Қазақ даласының батыс бөлігінің ерте тарихының бірқатар мәселелерін қамтыды.

Григорьевтің замандасы Шығыс тарихы бойынша талантты орыс тарихшысы В.В.Вельяминов-Зернов (1830 – 1904 ж.ж.) болды. Ол 1851 – 1856 жылдары Орынборда қызмет етеді және үкіметтің тапсырмасы бойынша «филологиялық және этнографиялық бақылаулар» жүргізу үшін қазақ ауылдарында жиі болып қайтады. Ол әсіресе, Шығыс деректемелерімен терең айналысады.

1856 жылы Петербургқа келгеннен кейін В.В.Вельяминов-Зернов Қасым хандығының тарихын зерттеуді бастайды және осымен бірге ол қазақ халқының ерте тарихымен айналысып кетеді. 1864 жылы ол өзінің ізденістерінің нәтижесін «Исследования о касимовских царях и царевичах» деген еңбегінің екінші бөлімінде баяндайды.

В.В.Вельяминов-Зерновтың «Исследование о касимовских царях и царевичах» деген еңбегі (2-бөлімі) ХҮ – ХҮІІ ғасырлардағы тарихтың көптеген шырғалаң мәселелерін қарастырған күрделі және құнды монографиялық жұмыс болып табылады. Кітаптың басты деректемелерінің қатарында «Бабырнама» (1520 – ж.ж.), «Хабиб-ас-сийар» (1523 ж.), «Тарих-и-Рашиди» (1541 – 1547 ж.ж.), «Шайбанинама» (ХҮІ ғ.), «Тарих-и Хайдари» тәрізді Шығыстың керемет қолжазбаларын пайдаланады. Ол Шығыс деректемелерінен қазақтарға қатысты маңызды тұстарын сол күйінде көшіріп алып, оны өзінің шығармаларына қолжазбаның тілінде де, орыс тілінде де қосады. Осы құнды деректемелердің ғылыми айналымға енуі ғалымның қазақ халқының тарихнамасына қосқан елеулі үлесі болып табылады.

Кітапта қазақтардың үш жүзге бөлінуінің себептері де қарастырылады. Қазақ халқы мен мемлекеттілігінің құрылуына байланысты ішкі саяси оқиғалармен қатар, кітапта алғаш рет қазақтардың Ноғай ордасымен, Орта Азиялық хандықтармен, Моғолстан және Сібір хандықтарымен қарым-қатынастары туралы да сипатталады.

В.В.Вельяминов-Зернов қазақ халқының тарихының, әсіресе, оның этногенезі мәселесінің талдануына елеулі үлес қосқан ірі орыс шығыстанушысы болды.

50-жылдары Омбыда қазақ халқының фольклорын және тұрмысын зерттеуге терең қызығушылық танытқан шығыстанушы Н.Ф.Костылецкий (1818 – 1869 ж.ж.) тұрды. Н.Ф.Костылецкий қазақтың халық шығармашылығы оның тұрмысының толық көрінісін береді және оны мұқият, жан-жақты зерттеу керек, деп есептеді.

Орыс географиялық қоғамының және орыс шығыстануының тарихымен қазақтың ұлы ғалымы, этнограф және ағартушысы Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835 – 1865 ж.ж.) есімі тығыз байланысты. Ш.Уәлиханов қазақ халқының этнографиясы мен фольклортануының талдануына елеулі үлесін қосты. Ол әртүрлі этнографиялық мәселелерді зерделеді және көптеген құнды аяқталған және аяқталмаған этнографиялық зерттеулер қалдырды.

Ш.Уәлихановтың еңбегі, әсіресе, Орта Жүз қазақтарының тарихын зерделеуде ерекше. XIX ғасырдың ортасына дейін ғылымда, ХҮІІІ ғасырдың ортасында-ақ айтылып қалған, Орта Жүздің этникалық топтары мен қырғыздар қазақтардан бөлек тұратын ерекше бір халықты құрайды деген қате пікір үстем болып тұрады. 1855 – 1859 жылдардағы мұқият зерттеулерінің нәтижесінде Ш.Уәлиханов көлемді материалдар жинап, ғылымдағы осы олқылықтың орнын толтырады.

Ш.Уәлихановтың қазақ халқының шығу тегінің мәселесі бойынша айтқандары мен зерттеулері де зор маңызға ие болады. Ол қазақ халқының тарихнамасында бірінші болып этнография мен фольклордың мәліметтерін жоғары бағалады, қазақ шежірелерін, аңыздарды, мақалдарды қазақ халқының қалыптасуын, этникалық аумағын, шаруашылығын, тілі мен мәдениетін зерттеудегі орны толматпайтын деректемелер ретінде қарайды. Ғалымның ежелгі тарихты зерттеу үшін этнографиялық және фольклорлық деректемелердің мәні туралы пікірлері «Жоңғария очерктерінде», «Оңтүстік Сібір тайпалары туралы жазбаларында», «Қырғыз шежіресінде» көрініс табады.

Ш.Уәлиханов этнографиялық және фольклорлық деректемелерді іздестіруге, жинақтауға, зерттеуге, оларды сынауға және автордың түсіндірмелерімен бірге жариялауды дайындауға және ғылыми деректемелік талдаулар жасауға ерекше мән беріп қарады. Оның мұндай жұмыстары «Сот реформасы туралы жазба», «Қырғыз шежіресі», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары», «ХҮІІІ ғ. батырлар туралы тарихи әңгімелер», «Шона батыр» деген мақалары мен жазбаларында көрініс табады. Ол сонымен қатар «Орақтың әндері», «Абылайдың әндері» деген фольклорлық шығармаларды баспаға дайындайды. Олардың көбі толықтай тарихи-этнографиялық ой қорыту мен әртүрлі этнографиялық және фольклорлық деректемелерді талдаудың негізінде жазылып, оқырманды ғалымның шығармашылық зертханасына алып келеді, оның ғылыми жұмысының әдістерін сипаттайды және теориялық тұрғыда өте маңызды болып табылады.

Ш.Уәлиханов сонымен қатар, қазақ халқының тарихы мен этнографиясы бойынша өзіне дейін ғылымда белгісіз болған жазбаша деректемелерді, соның ішінде орыс (әдеби және мұрағаттық) деректемелерін, тауып, зерделеді және оларды өзінің еңбектерінде кеңінен пайдаланады.

Ш.Уәлихановтың еңбектерінде қазақ халқының құрамын құраған әртүрлі ру-тайпалық топтардың тарихы бойынша көптеген мәліметтер келтіріледі, бірақ ол тайпалардың бірқатарын, мәселен, үйсіндер, наймандар мен өзгелерді моңғол тайпаларынан шықты, деп қате тұжырымдар жасайды.

Қазақтың антропологиялық кескінінің, этникалық аумағының, тілінің, шаруашылығының және мәдениетінің қалыптасуы туралы мәселелер де Ш.Уәлихановтың назарынан тыс қалмайды.

Ш.Уәлихановтың шығармаларында қазақ халқының заттай және рухани мәдениетіне де сипаттама беріледі. Оның «Қырғыздардың ежелгі замандардағы қарулануы және олардың әскери сауыт-саймандары», «Қазақтың халықтық поэзиясының формалары туралы», «Қырдағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары» деген мақалалары үлкен ғылыми қызығушылықты тудырады.

Ш.Ш.Уәлихановтың қазақ халқының этнографиялық зерделенуіне қосқан үлесі шексіз. Оның жинаған ғылыми материалдары және қорытындыралы күні бүгінге дейін маңызы мен мәнін жойған жоқ. Оның еңбектері қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысының одан әрі зерттелуінің тарихына үлкен ықпалын тигізді.

2.2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми қоғамдардың Қазақ халқының этнографиясын зерттеуі.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресейдегі этнография ғылымының дамуына орыстың революциялық пиғылдағы демократтарының ықпалы әсер ете бастайды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Орыс географиялық қоғамының 1868 жылы Орынбор және 1877 жылы Батыс-Сібір бөлімдерінің, сондай-ақ Түркістан өлкесінде ғылыми қоғамдардың құрылуына байланысты қазақ халқын этнографиялық зерделеудің бастамасы біртіндеп осы қоғамдарға өтеді. Бірақ ОГҚ да Азиялық Ресейдің этнографиясымен шұғылдануын тоқтатпайды. Сондықтан арасында Қазақ даласы мен көршілес елдерге ғылыми экспедицияларды аттандыруды жағастыра береді және жекелеген ғалымдардың зерттеулеріне қолдау көрсетіп отырады. Сонымен қатар өзге қоғамдардың ғылыми шараларына белсене қатысады. Солардың қатарында танымал болғандары Қоғам ұйымдастырған Г.Н.Потаниннің экспедициясының нәтижелері болды. Н.Н.Балкашиннің Орта жүздің қазақтарына, А.Н.Красновтың Жетісуға, С.Г.Рыбаковтың Торғай облысына сапарлары да елеулі мәнді иемденді. Сонымен қатар ОГҚ (РГО) өз басылымдарының беттерінде қазақ халқына арналған тарихи-этнографиялық еңбектердің жариялануына қолдау көрсетіп отырады. ОГҚ басылымдарында Н.А.Абрамовтың, Г.Н.Потаниннің, А.И.Макшеевтің, Н.А.Аристовтың, М.А.Мироппиевтің еңбектері жарық көреді.

Еңбектердің көбінің авторларына этнографиялық материалдарды жинақтаудың болмауы, нақты сипаттамалар бере алмаушылықтар тән болды. Олардың бірқатары (Г.Н.Потанин, А.А.Ивановский) субъективті көзқарастар танытып, қазақтар туралы жағымды пікірлерді жазса, келесілері (В.Д.Тронов) қазақтар «тіршілік үшін күресте өзінің орнын неғұрлым әлді, мәдениетті көршілеріне беру керек» деген шовинистік көзқарастарды дәріптейді.

Қазақ халқының этнографиясы бойынша маңызды материалдарды 1865 – 1866 жылдары А.К.Гейнс (1834 – 1892 ж.ж.) жинастырады. Қазақ халқының заңдық әдет-ғұрыптарын бас штабтың офицерлері Л.Мейер және Н.И.Красовскийлер, шенеуніктер Ш.М.Ибрагимов және Г.С.Загряжскийлер зерделеді. Ибрагимовтың «Қырғыз соты туралы ескертпелер» деп аталатын мақаласы ғалымдардың тарапынан жоғары қолдауға ие болып, ОГҚ-ң 1878 жылы шығарған «Халықтық заңдық әдет-ғұрыптардың жинағының» бірінші томына енгізіледі.

1876 жылы Д.Я.Самоковасов (1843 – 1911 ж.ж.) «Сібірдегі жатжерліктердің әдеттегі құқығының жинағын» шығарады. Оған кезінде М.М.Сперанскийдің бұйрығымен жиналған материалдар енгізіледі.

Қазақ даласының келесі бөлігінде, Орынбор қырғыздарының облыстарында «заң күші бар әдет-ғұрыптарды» шенеуніктер жинастырады. Олардың арасында ерекше жұмыс атқарған Т.А.Сейдалин болды.

Аталған жұмыстардың барлығының арасында И.А.Козловтың «Қырғыздардың әдетегі құқығы» атты шағын мақаласы сипаттамасы жағынан ерекшеленеді. Онда Қазақ даласының барлық аудандарының материалдарының негізінде қазақтардың әдеттегі құқығын сыни тұрғыда талдауға және әдетке орыс заңының ықпалын орнатуға әрекеттер жасалады.

Қазақтардың заңдық әдет-ғұрыптарын неғұрлым жан-жақты зерделеуді ХІХ ғасырдың 80-жылдарында Түркістан өлкесінің офицерлері Сырдария облысының әскери губернаторы Н.И.Гродековтың бастамасымен қолға алады.

1887 жылы Гродеков жиналған материалдарды «Сырдария облысының қырғыздары және қара-қырғыздары» атты кітапта жариялайды. Оған таза заңдық сипаты бар, этнографиялық мәліметтер беретін материалдармен қатар, батырлар жыры, аңыз-әңгімелер, мысалдар, жұмбақтар, мақалдар мен мәтелдер де енгізіледі.

Қазақтың жекелеген әдеттегі құқықтарының шығу тегін зерттеу барысында сол кездегі орыс авторлары бірқатар өрескел қателіктерге жол береді. Мәселен, Ф.И.Леонтович қазақ барымтасын Шыңғысханның «Ясасымен» сәйкестендіреді.

Осылайша, ХІХ ғасырдың 60 – 90-жылдарындағы орыс ғалымдарының айтарлықтай атқарған жұмыстарына қарамастан, қазақтардың заңдық құқығының жалпылама жинағы ешбір жерде жарық көрмейді.

Соған орай орыс баспасөзінде осы мәселе бірнеше рет көтеріледі. 1897 жылғы «Қырғыз соттары» деп аталатын мақалада Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөліміне Қазақ даласындағы отаршыл әкімшілікпен бірігіп осындай заңдардың жинағын құрастыру туралы тапсырма беріледі. Мұндай жұмыстарға қазақ халқының тұрмысы мен салтын жақсы меңгерген адамдарды тарту туралы да атап өтіледі. Ал қазақтардың заңдық әдет-құқықтарының тәжірибелік мәніне келгенде, орыс авторлары олардың сол кездегі қазақ ауылдарының жай-күйіне сәйкес келмейтіндігін баса атап көрсетеді.

Ресейдегі этнографиялық зерттеулерді жандандыруға 1867 жылы Москва университетінің жанынан жаратылыстану, антропология және этнография қызығушыларының Қоғамы ұйымдастырған орыс этнографиялық көрмесінің маңызы зор болды.

Көрмеге Шыңғыс Уәлихановтың, Семей округінің аға сұлтаны Арынғазы Ханқожиндердің сый ретінде әкелген қазақтың этнографиялық экспонаттары да қойылады.

Жоғарыда аталған қоғамның жалпыресейлік ауқымда өзге де көрмелер, мәселен, политехникалық (1872 ж.), антропологиялық (1879 ж.), ұйымдастырылады. Солардың барлығында да қазақтың этнографиялық экспонаттары қойылады.

Қоғамның атқарған жұмыстарының қатарында оның мүшелерінің бірқатарының Түркістан мен Қазақ даласына ғылыми мақсатта экспедициялар ұйымдастыруларын атап өтуге болады. 1868 – 1870 жылдары Қоғамның А.П.Федченко бастаған экспедициясы жұмыс жасаса, ал, 1887 – 1888 жылдары

Бөкей ордасында А.Н.Харузин саяхаттайды. 1887 – 1889 жылдары Семей облысына А.А.Ивановский келеді, 1890 жылы Ембі уезінде М.А.Леванский болып қайтады.

1876 жылы Петербургте шығыстанушылардың Үшінші Халықаралық съезі өтеді. Съезге Азиялық Ресей халықтарының өкілдері де шақырылады.

Съездің ашылуына Кавказ, Түркістан, Батыс және Шығыс сібір халықтарының делегаттары келеді. Солардың қатарында ұлттық киіммен келген қазақтың оқыған азаматтары А.Ниязов, Жанайдаров, Жайықпаев, Жарқыновтар да болды. Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің мүшесі С.А.Жантөрин жинаған жинақтар мен Орынбор делегациясы қаражаттың жоқтығынан съезге келе алмайды. Оның есесіне, Батыс Сібір қазақтары әкелген этнографиялық жинақ, соның ішінде киіз үй ұйымдастырылған көрмеден көрнекті орын алады және съезд делегаттарының назарын аударады.

Қазақ халқының этнографиясына қатысты мәселелер съездің Сібір және Орта Азия бөлімдері бойынша қарастырылды. Осы бөлімде А.П.Словцовтың «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері туралы» атты жазбасы, Золотовтың «ХҮІІІ ғасырдағы Батыс Сібірдің әскери шекарасы» және «Омбының бұрынғы азиялық мектебінің тарихи очеркі» делінетін екі хабарламасы тыңдалады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында орыс ғалымдарының қазақ халқының этногенезі мәселесіне қызығушылығы артады. Олар аталған мәселені толық аша алмаса да, жекелеген тұстарын өз зерттеулеріне қарастырып, деректемелік негізін құрайды. Ш.Уәлихановтан және В.В.Вельяминов-Зерновтардан кейін бұл мәселемен айналысқандардың қатарында Ы.Алтынсарин, Г.Н.Потанин, Н.Н.Балкашин, А.Н.Харузин, Н.А.Аристовтар болды.

1882 жылы ОГҚ Бөлімінің мәжілісінде Н.Н.Балкашин өзінің зерттеулерінің негізгі мақсаты «қырғыздардың кім екенін анықтау» екенін атап өтеді. Осы мақсатта ол түп-деректерді, фольклорлық, этнографиялық және орыс пен шығыстық жазба материалдарды зерделеумен айналысады. Алайда өзінің зерттеулерін аяғына дейін жеткізбейді.

Қазақ халқының шығу тегі туралы алғашқы арнайы еңбектердің бірінің авторы этнограф А.Н.Харузин болды. Ол өзінің Бөкей ордасының этнографиясы және антропологиясы туралы жазған еңбектерімен танылады. Алайда, сол заманның өзге зерттеушілері тәрізді Харузин де өзінің міндетін қазақ халқының қалыптасуының «бастамасын» орнату ғана деп біледі. Вельяминов-Зернов аударған М.Хайдардың хабарларына сүйене отырып, ол қазақ халқы саяси одақ ретінде ХҮ ғасырдың ортасынан ерте пайда болған жоқ,- деген тоқтамға келеді. Осылайша, Харузин этникалық үрдістің шынайы мәнін түсінуден аулақ болды.

Орыс ғылыми әдебиетінде атақты шығыстанушы және этнограф Н.А.Аристовтың да еңбектері ерекше орын алады. 1868 жылдан 1889 жылға дейін ол Жетісуда қызмет жасайды.

Сол жылдардың өзінде-ақ Аристов қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын жақсы меңгере бастайды.

Аристов Түркістан өлкесінде көптеген саяхаттарға шығады. Ол Жетісу облысының барлық өңірінде дерлік болып, бірнеше рет Ташкентке де барады. Қызмет бабында жүрген кездерінің өзінде де қазақтың рулық шежірелерін

жинастырып, рулардың таралу аумақтары, рудың таңбалары туралы мәліметтерді жинастырып жүреді. Этнографиялық және фольклорлық материалдарды ол халықтың этногенезін зерттеу үшін қажет ең құнды түп-дерек деп есептейді.

Н.А.Аристовтың алғашқы ғылыми еңбектері «Туркестанские ведомости»-де жарияланады. Оларда Ресейдің Орта Азиядағы саясатының бірқатар мәселелері, қазақ, қырғыз және ұйғыр халықтарының өзара қарым-қатынасы қарастырылды. Ұлы жүз қазақтары мен Жетісу облысының халқын құрап отырған қырғыздардың этникалық құрамын анықтауға арналған алғашқы ірі еңбегін автор Верныйдан кеткеннен кейін жазады және 1894 жылы жариялайды. Одан әрі өзінің ғылыми зерттеулерін жалғастыра және кеңейт отыра, ол бүкіл түркі тілдес тайпалар мен халықтардың этникалық құрамы туралы елеулі еңбек жазады.

Өзінің еңбектерінде Н.А.Аристов қазақ халқының саны және этникалық құрылымы туралы қолда бар жазба, этнографиялық, фольклорлық және антропологиялық мәліметтерді жинастырады, бірқатар ру-тайпалық топтардың ежелгі замандардан басталатын тарихын сәтті жүйелейді, олардың шығу тегі туралы дұрыс болжамдар айтады. Қойылған мәселелер толық шешімін таппаса да, Аристов еңбегінің құндылықтары осында болды.

2.3. Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің құрылуы және оның қызметі.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің Шығыстағы ірі саяси және мәдени орталығы ретінде Орынбор қазақ халқының этнографиялық тарихын зерттеуде маңызды роль атқаруын жалғастыра берді. 1867 жылдан кейін қаланың саяси мәні біраз құлдырайды, бірақ мәдени және ғылыми қатынастарда Географиялық қоғамның бөлімінің арқасында біраз өрлейді.

Бөлімді құруды ұйымдастырушылардың қатарында Ы.Алтынсарин, В.Н.Игнатъев, П.Н.Оводов, А.О.Пальчевский, Л.Н. және В.Н.Плотниковтар, А.А. және А.А. Тиллолар болды.

1850 – 1860 жылдары Орынбор өлкесінде қазақ этнографы М.С.Қ.Бабажанов (1832 ж.т. – 1898 ж. шамасында қ.б.) өмір сүрді және жұмыс жасады. Ол 1851 жылы Орынбор кадет корпусының Азиялық бөлімін бітіреді.

50-жылдардың аяғында ол өзінің бастамасымен Географиялық қоғаммен тығыз байланыс орната бастайды және Қоғамның атына өзінің мақалаларын, жазбаларын және археологиялық және этнографиялық заттарды жібере бастайды. 1861 жылы оны Қоғамның Кеңесі этнография бөлімінің ұсынысы бойынша өзінің мүше-қызметкерлігіне қабылдайды, ал бір жылдан кейін «Этнография Бөлімінің жұмысына қосқан ... үлесі үшін» күміс медальмен марапаттайды. Бабажанов ғылыми еңбектері үшін ресми сыйлық алған алғашқы қазақ болды. Оның барлық мақалалары мен жазбалары өз кезінде этнография Бөлімінің барлық мәжілістерінде қаралып, жоғары бағаға ие болады.

Бабажановтың алғашқы ғылыми еңбектері танымал орыс этнографы П.И.Небольсинға хат түрінде жазылады, олар автордың рұқсатымен астаналық газеттерде жарияланады. Бабажановтың еңбектерінде қазақтардың өмірінен

әртүрлі мәселелер қамтылады: қазақ халқындағы ағартудың жай-күйі мен тарихы, қазақтардың орыс және Орал казактарымен қарым-қатынасы.

Оның жекелеген еңбектері қазақ аңшылығы мен қазақ шаруашылығындағы жылқы ұстау туралы жазылды. Шағын мақалаларда археологиялық олжалары мен Ішкі орданың шағын оқиғалары, сонымен қатар қазақтың мақалдары мен мәтелдерінен зерттегендерінің нәтижелері туралы баяндалады.

Бабажанов орыс ағартуы мен мәдениетінің, қазақ және орыс халықтарының жақындасуының белсенді жақтаушысы болады.

Сұлтан М.Г.Тяукін (1813 – 1894 ж.ж.) де этнограф болды. Ол орыс ағартуы мен мәдениетінің жақтаушысы және Орынбор кадет корпусының Азиялық бөлімінде тәрбиеленуші тұңғыш қазақ ретінде танымал. Тяукін Орыс географиялық қоғамымен, Қазанның ежелгі және этнография мұражайымен тығыз байланыста болады және Еркін экономикалық қоғамның мүшесі болды. Ол жоғарыда аталған қоғамдар үшін қазақтың этнографиялық заттарын жинайды, анықтамалар беріп, этнографиялық мақалалар жазады. Оларда қазақтардың кәсібін, нарықпен байланысын, үй кәсіпшіліктерін және қолөнерін, тұрғын-жайлардың құрылысын және ішкі жабдықталуын сипаттады.

Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімін құру туралы шешім 1867 жылы мамырда қабылданады, бірақ құрылтай жиналысы тек 1868 жылдың қаңтарында ғана шақырылады. Генерал-губернатор Н.А.Крыжановскийдің сөзінде бөлімнің міндеттері айтылады: өлкенің өндіргіш күштерін оның табиғи байлықтарын орыс капитализмінің мүддесіне сәйкес игеру мақсатында зерттеу және жергілікті халықты орыстандыру. Осылайша, өлкені этнографиялық тұрғыда зерттеу өкіметтің отарлаушы саясатының мүддесіне бағындырылады.

Қоғамның Орынбор бөлімі төрт бөлімшеден тұрды, олардың бірі басында төрағасы Н.П.Георгиевский тұрған этнографиялық бөлімше болды.

Қоғамның алғашқы мүшелерінің қатарында В.Н.Плотников, Т.Сейдалин, Н.М.Бекчурин, Р.Г.Игнатъев, И.А.Киреевский, А.И.Оводов, А.О.Пальчевский, Л.Н.Плотников, А.А.Тилло тәрізді қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысының білгірлері болды. Сәл кейін бөлімге Ы.Алтынсарин, Б.Дауылбаев, С.А.Жантөрин кіреді.

Орынбор бөлімі қазақхалқының этнографиясын зерттеуде айтарлықтай жұмыс жасайды. Бөлімнің тапсырмасы бойынша оның мүшелері, негізінен орыс шенеуніктері мен сауатты және оқыған қазақтар қазақтардың салттарын, халық ауыз шығармашылығының туындыларын, тұз өндіру шаруашылығы мен әдістері туралы мәліметтерді, жинап, жазып алады, халық санағын жүргізу және жазғы-қысқы жайылыстарын, көші-қон жолдарын, су бұлақтарын, рулардың орналасуын картаға түсірумен айналысады.

Бөлімнің мүшесі И.А.Киреевский Үстірт атауы туралы шағын мақала жазады. Онда тұңғыш рет Қазақ даласының географиялық атауларының жазылуы қазақша айтылуына сәйкес келуі керек, соның ішінде, ең алдымен Каспий және Арал теңіздерінің аралығындағы жотаның атауы бұрын қабылданғандай *Усть-урт* және *Усть-юрт* деп емес, *Үстірт* (*Устюрт*) деген бір сөзбен жазылуы тиіс деп баса көрсетіледі.

1872 жылы бөлім Орынбор өлкесінің этнографиясы, тарихы, статистикасы, жаратылыстануы бойынша үздік еңбектерге сайыс жариялайды.

Орынбор бөлімінің ең көрнекті қайраткерлерінің бірі атақты қазақ ағартушысы, педагог, жазушы және этнограф Ы.Алтынсарин (1841 – 1889 ж.ж.) болды. Қазақ халқының этнографиясын зерттеуді Алтынсарин ерте бастайды және оған қызығушылығын өмір бойы сақтап қалады. Ол ғылыми материалдарды жүйелі түрде жинап отырады, қазақтар туралы орыс этнографиялық-тарихи әдебиетін жақсы білді және олардың оң және теріс жақтарын көре білді. Ғалым ретінде ол ғылымның алдына өзекті мәселелерді қоя біледі және оларды шешу үшін өзінің үлесін қосуға талаптанады.

Алтынсариннің алғашқы ғылыми еңбектері «Орынбор ведомствосының қырғыздарындағы құда түсу мен үйлену кезіндегі салттардың очеркі», «Орынбор ведомствосының қырғыздарындағы жерлеу мен ас беру кезіндегі салттардың очеркі» 1866 – 1868 жылдары жазылып, 1870 жылы орынбор бөлімінде жарық көреді.

1872 – 1873 жылдары Алтынсарин өзі жинаған қазақ әндерінің жинағын жан-жақты түсіндірмелерімен баспаға дайындайды, бірақ жарияламайды. Келесі жылы Орынбор бөлімі Алтынсариннің қазақ халқының этнографиясын зерттеудегі өлшеусіз еңбегі үшін өзінің мүше-қызметкері етіп сайлайды. Бірақ жұмысына байланысты бөлімдегі белсенді іс-әрекетінен кетуге мәжбүр болады.

1876 – 1879 жылдары Алтынсарин өзі жинаған этнографиялық материалдарының негізінде қазақ мектептеріне арнап «Қырғыз хрестоматиясын» құрастырады. Онда әртүрлі тақырыптар қамтылады: қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салттары, діни нанымдары мен дәстүрлері, олардың тұрмыс-тіршілігі мен кәсібі.

Алтынсаринді этнограф ретінде сипаттау үшін оның көсемсөздік мақалалары үлкен маңызға ие болады. 1880 жылы «Қырғыз даласындағы ашаршылыққа байланысты» деген мақаласында ол қазақ халқының тұрмыс тіршілігі, шаруашылығы, мәдениеті мен тұрмысы туралы жалпы сипатама береді.

Өзінің жарияланған мақалаларында Алтынсарин этнографиялық зерттеулерді жүргізудің, ғылыми материалдарды жинау мен халықтың мәдени деңгейін, ерекшеліктерін, ұлттық ерекшелігі мен келешегін анықтаудың әдістемесі жөнінде көптеген ой-пікілер мен идеялар айтады.

Алтынсариннің замандасы және бірге қызмет жасаған талантты орыс суретші-этнографы, Қоғамның Орынбор бөлімінің мүшесі В.Н.Плотников (1832 – 1875 ж.ж.) болды.

1858 – 1862 жылдары Плотников өзінің негізгі еңбегі – қазақ халқының тарихи этнографиясын зерттеуге үлкен мүмкіндік беретін қазақтардың тұрмысы бойынша этнографиялық альбомын ұсынады.

Плотниковтың жарияланған еңбектерінің қатарына оның Алтынсариннің жұмыстарына сыни пікірлері және 1870 – 1872 жылдары жарық көрген қазақтың үйлену жоралғылары мен ас берулерін сипаттауы жатады. Бұл жұмыстар оны қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысының жақсы білгірі ретінде танытады.

Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің белсенді мүшесі сұлтан Т.А.Сейдалин (1837 – 1901 ж.ж.) болды. Ол қазақ зиялыларының орыс білімі мен мәдениеті үшін күрескен өкіліне жатты.

Қоғамның Орынбор бөлімінің мүшесі бола отырып, Сейдалин Алтынсариннен кейін екінші болып, бөлімге өзінің «Торғай өзенінің бассейні бойындағы астық өсірудің дамуы туралы» деп аталатын қызықты этнографиялық мақаласын ұсынады.

Сейдалин қазақтың заңгерлік салттарын зерттеуде өте үлкен еңбек сіңіреді. Қазақ фольклорының зерттелуіне де көп назар аударады. Өзі жинап және орыс тіліне аударған қазақ поэзиясының үлгілері 1874 және 1875 жылдары С.А.Жантөриннің материалдарымен бірге баспада пайда болады.

Орынбор кадет корпусының Азиялық бөлімінің тәрбиеленушісі және Орынбор бөлімінің шын мәніндегі мүшесі С.А.Жантөрин (1837 жылы туған) де танымал этнограф болды. 1876 жылы ол Торғай облысының көптеген ауылдарын аралай жүріп, Шығыстанушылардың конгресі үшін этнографиялық заттардың үлкен мөлшерін жинайды. Бірақ қаражатының жоқтығынан бұл коллекцияны Петербургқа жеткізе алмайды. Жантөриннің ғылыми жұмыстарының қатарында оның қызықты этнографиялық материалдардың негізінде жазған «Қырғыз жылқы шаруашылығының очерктері» деп аталатын мақаласы танымал.

Өте қабілетті этнографтардың бірі Орынбор бөлімінің мүше-қызметкері Б.Дауылбаев болды. Оның өмірбаяны белгісіз. 1881 жылы Дауылбаев «Торғай облысы Николай уезінің қырғызының 1830 жылдан 1880 жылға дейінгі өмірі туралы әңгіме» деген мақаласын жариялайды және бұл үшін Орыс географиялық қоғамының күміс медалін алады. Ол мұндай марапатқа ие болған Бабажановтан кейінгі екінші және соңғы қазақ болды. Оның мақаласы қазақ халқын этнографиялық зерттеудің тарихында ерекше орын алады. Онда елу жыл ішіндегі қазақтардың мәдени-тұрмыстық деңгейдегі неғұрлым елеулі өзгерістері баяндалады. Қазақтарға арналған мұндай этнографиялық зерттеулер 1917 жылға дейінгі әдебиеттерде сирек болды. Б.Дауылбаев сонымен қатар 1894 жылы жарық көрген қазақтың мақалдарының жинағының да авторы болып табылады.

2.4. Оңтүстіктегі қазақтардың зерттелуі және түркістандық ғалымдар мен өлкетанушылардың қызметі.

XIX ғасырдың 50-жылдарының аяғы – 60-жылдарының басында Ресейдің Орта Азиядағы саясаты түпкілікті өзгереді. Егер 1856 – 1857 жылдары патша үкіметі өзінің Орта азиялық хандықтармен қарым-қатынасын шиеленістіргісі келмесе және ғалымдарға олардың шекараларына жақындауға рұқсат берілмесе, 1859 жылдың өзінде-ақ ол Сырдария әскери желісін Верный бекінісімен біріктіру және Қоқан хандығының құрамына кірген Оңтүстік Қазақстанның елеулі аумағын иемденуді дереу қолға аул жөніндегі пікірге ойыса бастайды. Бұл жоспарлар 60 – 70-жылдары жүзеге асырылды. 1867 жылы орталығы Ташкент қаласы болған Түркістан генерал-губернаторлығы құрылады. Оған Сырдария және (Түркістан) және Жетісу облыстары енді.

Түркістанның қосылуы және осында патша үкіметінің өз үстемдігін нығайту саясаты, жергілікті халықты отаршылдық қанауы осы аумақты табиғи- тарихи және этнографиялық тұрғыдан неғұрлым мұқият және жедел зерттеуді талап етті.

Орта азиялық Қосөзен аралығы мен Закаспийді ғылыми тұрғыда зерттеу 1858 – 1859 жылдары Н.П.Игнатъевтің Хиуа мен Бұхараға бара жатырған дипломатиялық сапары және В.Д.Дандевильдің Каспий теңізінің шығыс жағалауын шолуға жасалған экспедициясының барысында жүргізіледі. Оларға қазақ және түрікмен халықтары туралы тарихи-этнографиялық мәліметтерді жинастырған шенеунік М.Н.Галкин қатысады.

Жетісуға 60-жылдары офицерлер А.Ф.Голубев, М.И.Венюков, А.П.Проценко (1863 ж.), М.Путинцев (1865 ж.), В.А.Полторацкий (1867 ж.) саяхат жасайды. А.Ф.Голубевтың (1832 – 1866 ж.ж.) саяхаты 1859 және 1860 жылдарға жатады. Ол П.П.Семеновтың нұсқауы бойынша Жетісудың астрономиялық маңызды 16 пунктін анықтайды және жергілікті қазақ халқы туралы этнографиялық мәліметтер жинайды.

М.И.Венюков (1832 – 1901 ж.ж.) 1859 – 1860 жылдары әскери экспедиция мен топографтардың партиясын басқарады. Өзінің көптеген еңбектерінде Ұлы жүз қазақтарының, әсіресе, шекара бойында көшіп-қонып жүрген қазақтардың этнографиялық сипаттамасын береді.

60-жылдардың аяғында патша үкіметі жаңа өлкені зерделеу үшін Түркістанға П.И.Пашино мен А.И.Макшеевті жібереді, ал Орыс географиялық қоғамы В.В.Радловтың саяхатын қолдайды.

П.И.Пашино (1838 – 1891 ж.ж.), білім бойынша шығыстанушы, 1866 жылы «Түркістан мен көрші Орта азиялық хандықтар туралы барлық қажетті мәліметтерді жинау үшін» Ташкентке жіберіледі. Бірақ екі айдан кейін оны «Түркістан өңірінде қызмет жасауға сенімсіз адам» ретінде Ташкенттен шығарып жібереді.

Пашиноның жергілікті халыққа дұрыс көзқарасы патша үкіметінің сатраптарын қанағаттандыру қоймайды. Оның жергілікті халықпен байланыс жасауы қатал бақылауға алынады. Қолайсыз жағдайларға қарамастан, П.И.Пашино «1866 ж. Түркістан өлкесі» (1868 ж.) деп аталатын кітаптың мазмұнын құраған этнографиялық және статистикалық материалдарды жинап үлгереді.

Түркістанға А.И.Макшеевтың (1822 – 1892 ж.ж.) саяхаты 1867 жылы болды. Ол алғаш рет Түркістан өлкесінің халқының саны мен ұлттық құрамы, сонымен қатар Сырдария және Жетісу қазақтарының этникалық құрылымы туралы шамамен мәліметтер жинайды.

1868 жылдың басында В.В.Григорьев, П.П.Семенов және Ф.Р.Остан-Сакен Орыс географиялық қоғамы тексеру комиссиясының ескертулерін қатерге ала отырып, Қоғамның Кеңесіне Түркістан өлкесін зерделеуге бара жатырған В.В.Радловқа Орта азиялық этнографияның бірқатар мәселелерін зерттеуге тапсырма беру жөнінде ұсыныстар енгізеді. Қарама-қайшылықты пікірлерге кез болғанымен, Радловтың 1868 – 1869 жылдардағы Түркістан өлкесіне саяхаты ғылыми тұрғыда нәтижелі және пайдалы болады.

В.В.Радлов (1837 – 1918 ж.ж.) өзінің саяхаттарын 1859 жылдан бастайды. 10 – 12 жылдың ішінде түркі тілдес халықтардың лингвистикасы, археологиясы және этнографиясы бойынша бай материалдар жинап үлгерді. Осы материалдар бойынша жазылған оның еңбектері арқылы ол орыс түркітануының атасы атанады. Оның атақты «Түркі тайпаларының халықтық әдебиетінің үлгілері» (1870 ж.) деп аталатын еңбегінің үшінші томы қазақтарға арналған. Оның алғысөзінде автор қазақ халқының тұрмысына, тілі мен әдебиетіне сипаттама береді.

Өзге зерттеулерінде В.В.Радлов түркі тілдес халықтардың, соның ішінде, қазақтардың, этногенезі мәселесін зерделеу мақсатында археологиялық материалдарды жазба деректермен байланыстыруға тырысады.

Түркі тілдес халықтардың этнографиялық сипаттамасы оның 60-жылдардағы саяхаттарының нәтижесінде жазылған «Сібірден» деп аталатын екі томдық еңбегінде беріледі, еңбек 1884 және 1893 жылдары екі рет неміс тілінде жарық көреді. Орыс тілінде ол тек 1887 жылы «Оңтүстік Сібір және Жоңғарияның түркі тілдес халықтарына этнографиялық шолу» деп аталатын шағын брошюра шығарады.

Қазақтар және өзге де түркі тілдес халықтар туралы В.В.Радловтың жинаған этнографиялық материалдары олардың жарияланған кезінен бастап жоғары бағаға ие болады. Бірақ бұл материалдарды ғалымдар жеткілікті өндеп, зерттемеді.

В.В.Радлов табиғи жағдайларға байланысты Қазақ даласының елеулі бөлегінде тек көшпелі шаруашылықтың дамуы ғана мүмкін және оларды отырықшылыққа күштеп көшіру әрекеттері халықтың санының азаюына алып келеді, деп есептейді. Ислам дінінің роліне келгенде, Радлов бір жағдайларда бұл діни ілімнің қазақ халқына игі ықпалын мақтаса, екіншісінде сынайды.

1867 – 1868 жылдары және 1869 – 1870 жылдары Түркістанда орыс суретшісі В.В.Верещагин (1842 – 1904 ж.ж.) саяхат жасайды. Оны К.П.Кауфман Орта Азия халықтарының этнографиясы бойынша альбом құрастыруға шақырады.

Өзінің қазақтарға арнаған негізгі туындыларын Верещагин 1867 жылы Орынбордан Ташкентке барған сапарында жасайды. Бұл суреттердің қазақтың ұлттық киімдерінің жекелеген элементтерін зерделеуде құны өте жоғары.

Қазалыдан 25 шақырым жерде Сырдария өзенінің төменгі ағысының бойымен Верещагин Жанкент қаласының қирандысына қазба жұмыстарын жүргізіп, қазақ молаларын қарастырады. Ол Жанкент қирандысынан табылған қазақтың бірқатар молаларының, кесенелерінің, құмыралар мен кірпіштен жасалған бұйымдардағы оюлардың, қым құбырлардың қалдықтарының суреттерін салады.

Жанкент қирандысы мен Арал бойындағы өзге де архитектуралық және археологиялық ескерткіштерді 1867 жылы П.И.Лерх зерделейді. Оны бұл аймаққа Археологиялық комиссия мен ғылым Академиясы баспасөзде жарық көрген В.В.Стасовтың мақаласынан кейін жібереді. Автор мақаласында Жанкент қирандыларын зерттеудің қажеттіліктері туралы атап өтеді.

Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуымен бірге Ташкент қаласы Орта Азияның халқы мен табиғи байлықтарын ғылыми зерттеудің ірі орталықтарының біріне айналады. XIX ғасырдың екінші жартысында мұнда

ғылыми қоғамдар, кітапханалар, баспаханалар пайда болады, газеттер мен кітаптар жарық көре бастайды, жергілікті маман ғалымдар пайда болып, олардың қатысуымен ғылыми экспедициялар ұйымдастырылады. Жаңа аймақты тез игеріп алуға мүдделі болған отаршыл әкімшілік орыс ғалымдарының өлкені зерттеуге бағытталған жұмыстарына әрдайым қолдау көрсетіп отырады.

Ғылыми ізденістердің нәтижелері бірінші саны 1870 жылы 28 сәуірде жарыққа шыққан «Туркестанские ведомости» газетінде алғаш рет жарияланады.

Газетті ұйымдастыру туралы мәселені алғаш рет Орта азиялық және өзге де шығыс халықтары жөнінде көптеген мақалалардың авторы болған статист С.А.Идаров көтереді. 1868 жылы 2 ақпанда С.А.Идаров Түркістан статистикалық комитетіне жергілікті баспасөздің қажеттілігі туралы айтылған арнайы хатпен шығады.

Түркістан статистикалық комитеті 1868 жылы 7 ақпанда С.А.Идаровтың ұсынысын қолдайды және генерал-губернаторға тиісінше жазбаша хатпен шығады.

Газеттің редакторы Н.А.Маев 1874 жылға дейін тікелей генерал-губернатор Кауфманның қадағалауымен жұмыс жасайды.

Газетке қосымша айына төрт рет (екі рет қазақ тілінде және екі рет өзбек тілінде шығып тұрған) «Туркестанская туземная газета» шығарылып тұратын болды. Соңғы басылымның міндеті жергілікті халықты үкіметтік және әкімшілік жарлықтармен таныстырып отыру, сонымен қатар Ресейдің географиясы туралы жалпы деңгейде хабардар ету болды. Газеттің тұңғыш редакторы Ш.М.Ибрагимов болды. Газет беттерінде оның қазақ халқының этнографиясы туралы көптеген мақалалары жарық көреді. 1883 жылы «Туркестанская туземная газета» өз алдына дербес орыс және өзбек тілдерінде шыға бастайды.

«Туркестанские ведомости» газеті генерал-губернаторлық кеңсесінің ресми органы болса да және оның беттерінде әлеуметтік мәселелер көтерілмесе де, газет Түркістанды ғылыми зерделеу мен қоғамдық пікірдің өріс алуына үлкен ықпалын тигізеді. Бұған редакторы Н.А.Маевтың және соның төңірегіндегі орыс ғалымдарының айтарлықтай ықпалы болады.

Газеттің алғашқы сандарында Түркістан өлкесі халқының саны, жергілікті халықтардың таралу аймағы мен ұлттық құрамы, малдың саны және әртүрлі уездер мен болыстардағы жайылымдық алқаптардың көлемі туралы статистикалық мақалалар жарық көреді.

Газеттің көптеген тілшілері мен қызметкерлері қазақ халқының этнографиясын зерттеумен шындап айналысады. Солардың қатарында Н.А.Маевты, А.П.Хорошхинды, Ш.М.Ибрагимовты, Г.С.Загряжскийді, Н.А.Аристовты, П.М.Зенковты, Г.А.Арендаренконы атауға болады.

23 жыл бойы «Туркестанские ведомости» газетін басқарған Н.А.Маевтың (1835 – 1896 ж.ж.) Түркістан өлкесіне саяхаттары мен ғылыми іс-әрекеті табысты болады. Түркістан этнографиясының дамуына, өлкетанушылық және этнографиялық жұмыстардың жарық көруіне барынша қолдау көрсетеді. Оның басшылығы кезінде газет беттерінде қазақ халқы туралы соңғы этнографиялық әдебиеттерге жүйелі түрде шолулар беріліп отырады.

Н.А.Маев қазақ халқының тарихын және этнографиясын зерделеу мәселесімен ерте айналыса бастайды. Оның алғашқы күрделі еңбектерінің бірі «С.-Петербургтан Ташкентке дейінгі жолсерік»-те (1870 ж.) көшпелі тұрмыс тіршілігі, қазақтардың ру-тайпалық бөлінісі, қырғыз және қарақырғыз атауларының шығу тегі мәселелері қарастырылады.

Маевтың өз саяхаттарының нәтижесі бойынша жазылған өзге еңбектерінде Қазақ даласының табиғатын, археологиялық және архитектуралық ескерткіштерін сипаттады және қазақ халқы туралы мәліметтер келтіреді. Соның ішінде оның «Ташкенттен Құлжаға дейін» деген мақаласында Ш.Уәлихановтың моласы сипатталады.

Н.А.Маев ортаазиялық ирригацияның техникасының мәні мен роліне де ерекше мән береді. Н.А.Маев жергілікті ғылыми қоғамдардың, соның ішінде Түркістан статистикалық комитетінің, жұмыстарына белсене араласады. Ол Түркістан және өлкесінің статистикалық және медициналық-статистикалық зерттелеуі туралы бағдарламалар құрастырады.

Түркістандық ғалымдардың көтерген бастамаларының бірі Қызыл-құм қазақтарын этнографиялық зерделеу болды. 1872 жылы мұнда этнограф А.П.Хорошхин (1842 – 1875 ж.ж.) болып қайтады. 1869 – 1874 жылдары оның отыздан астам мақалалары жарық көреді. 1876 олар жеке жинақ болып басылып шығады. А.П.Хорошхиннің «Орынбордан Қазалыға дейін», «Қазалыдан Ташкентке дейін», «Ташкенттен Токмаққа дейін», «Жетісу очерктері», «Орта Азия халықтары», «Қызыл-құмдар», «Қызыл-құм күнделігі», т.б. мақалаларында қазақ этнографиясына назар аударылады. Әсіресе, осылардың арасында 1872 жылы жазылған «Қызыл-құм күнделігінде» қазақ халқының этнографиясына неғұрлым жоғары қызығушылық танытылады. Тарихи очеркінде автор қазақтардың қызыл-құмды қоныстануы туралы қазақ аңыздарын келтірсе, этнографиялық очеркінде – оның халқы, ру-тайпалық құрылымы, таралу аумағы, саны және жергілікті қазақтардың кәсібі туралы деректер келтіреді. Олардың құдықтары, оларды қазу әдістері, тазалауы және пайдалануы туралы өз алдына жеке сипатталады.

«Туркестанские ведомости»-дің тұрақты қызметкері қазақ халқының тұрмыс мен мәдениеті туралы жақсы білген Г.С.Загряжский болды. Өзінің «Перовск уезінің очерктері» атты көлемді мақаласында автор қазақтардың Сырдарияның режимін жақсы білгенін және өзеннің арнасынан асуын суландырмалы егіншілікте тиімді пайдаланғаны туралы жазады. «Шу және Сырдария аңғарларының көшпелі халқының тұрмысы» атты келесі мақаласының құндылығы қазақтардың үй кәсіпшілігінің, сонымен қатар бірқатар қолөнерінің бұйымдары мен техникасын жан-жақты сипаттауында болды. Г.С.Загряжский қазақ халқының заңдық әдет-ғұрыптарын да зерделейді. Алайда, өзінің еңбектерін қазақтар мен қырғыздарға қатар арнағандықтан автор оларға жалпылама сипаттама береді.

«Туркестанские ведомости» газетінде Г.А.Арендаренконың мақалалары жарық көреді. Тәжіктердің, өзбектердің және қазақтардың жергілікті дәстүрі мен этнографиясынан жақсы хабардар болған Арендаренко осы халықтардың

мәдениеті мен тұрмысын қатар қоюға және олардың өзара қарым-қатынасын анықтауға әрекеттер жасайды.

«Түркістан уезінің ирригациясы», «Қырғыздар туралы мәселеге», «Қарнақ қыстауы» атты мақалаларында Г.А.Арендаренко Түркістан уезіндегі суландырмалы егіншіліктің жай-күйіне сипаттама береді.

1872 жылы Түркістанда «Русский Туркестан» деп аталатын жинақ баспаға дайындалады. Оған түркістандық ғалымдардың этнография, техника, ауыл шаруашылығы және табиғат тарихы туралы жазған ғылыми еңбектері енгізіледі. Түркістандық ғалымдар 1873 жылғы Хиуа жорығымен байланысты экспедицияларға да қатысады. Хиуа оазисі сол кезде Түркістанның ең аз зерттелген бөліктерінің бірі болды. Сондықтан қалыптасқан ахуалды, яғни орыс әскерлерінің Хиуаға басқыншылығын ғылыми экспедицияларды ұйымдастыру үшін пайдалану туралы шешімге келеді. П.И.Лерх олар үшін арнайы нұсқау дайындайды.

Хиуа оазисіне экспедиция ғылымға көптеген құнды материалдар береді. Оған қатысушылар Оңтүстік Арал өңірі және Әмударияның төменгі сағасында мекендеген қазақтардың тұрмысы мен мәдениетін зерделейді. Осы тұрғыда, әсіресе, А.В.Каульбарстың еңбегі құнды болып табылады.

1873 жылғы экспедицияның материалдары бойынша Каульбарс «Әмударияның төменгі сағаларының 1873 жылғы өз зерттеулерім бойынша сипаттамасы» атты үлкен монография жазады. Оның екі бөлімі толықтай қазақтарға арналады. Әмударияның атырауын мекендеген қазатардың жалпы саны шамамен 43 – 45 мың деп көрсетіледі.

1874 жылы Түркістанда Орыс географиялық қоғамының Әмудария экспедициясы жұмыс жасайды. Ол ерекше бағдарламаны басшылыққа алады. Бағдарламада экспедицияның бесінші этнографиялық-статистикалық отряды үшін халықтың тайпалық құрамын, тілін және халық шығармашылығының ескерткіштерін, сыртқы ортаны, адамдардың физикалық қасиеттері мен денсаулығын зерделеу, сонымен қатар тұрғын-жайын, үй жабдықтары, киімін, аяқ киімін, қару-жарағын, тамағын, кәсібін, қолөнерін, саудасын, отбасы тіршілігін, жер иеліктерін, халыққа білім беруін зерделеу, елді-мекендердің тізімін құрастыру туралы қарастырылады.

Әмудария экспедициясының этнографиялық-статистикалық отрядының мүшесі суретші Н.Н.Каразин (1842 – 1908 ж.ж.) қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетін зерделейді. Әрі этнограф, әрі суретші және жазушы болған Каразин ортаазиялық халықтардың тұрмысын сипаттайтын кескіндер жасайды, очерктер, повестер мен романдар жазады, этнографиялық және фольклорлық материалдарды жинайды. Этнографиялық суреттер оның барлық шығармаларының мазмұнын құрайды. Солардың арасында «Орынбордан Ташкентке дейін» (1886 ж.) деп аталатын альбомы ерекше қызығлықты болды.

Мәдениеттің, ғылымның және ағарту ісінің дамуы Түркістандағы жергілікті зиялылардың санының өсуіне әсерін тигізеді. 1879 жылы Ташкентте мұғалімдер семинариясы ашылады. Ол жергілікті халықтан мұғалімдер даярлауы тиіс болды.

1883 жылы семинарияның тәрбиеленушісі қазақ Ишмұхаммед Букин «Қырғыздардағы дене және ақыл-ой тәрбиесі» деген мақаласын жариялап, «Орыс-

қырғыз және қырғыз-орыс сөздігін» шығарады. Семинарияның келесі тәрбиеленушісі Хұдабай Құстанаев 1894 жылы «Перовск және Қазалы уездері қырғыздарының этнографиялық очерктері» атты брошюра жариялайды.

Орынбор тәрізді Сібір қырғыздары облысында да XIX ғасырдың екінші жартысында этнограф-қазақтар болды. Солардың қатарында Шыңғыс Уәлихановты атауға болады. XIX ғасырдың 40-жылдарында Шыңғыс Уәлиханов Шекаралық комиссия төрағасының жарлығына сәйкес қазақ фольклорының туындыларын жинайды. Шыңғыс Уәлихановтың өзі бірде-бір этнографиялық еңбектер жарияламайды. Бірақ оның жинаған материалдарын Шоқан мен Потанин кеңінен пайдаланады. Шыңғыс Уәлиханов XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі барлық орыс көрмелеріне қатысады, оларға аса құнды экспонаттарды жіберіп отырады.

Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы жақсы білгендердің бірі Шоқан Уәлихановтың нағашысы Мұса Шорманов болды. Оның алғашқы және атақты жобаларының бірі «Подполковник Шормановтың Баянауыл приказын жою туралы қызметтік хаты» деп аталды. 1864 жылы Шоқанмен бірігіп дайындалған бұл жоба халықтың мүддесін көздеді және қазақтарға қыстаулар мен орманды алқаптарды бөліп беру туралы ұсыныстар енгізді.

М.Шорманов қазақ балаларының орыс мектептерінде міндетті түрде білім алуларын және олардың болашақта азаматтық қызметтерге араласу құқықтарын бекіту туралы да ұсыныстар енгізеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың мәдениеті туралы сыр шертетін экспонаттар орыстың барлық жәрмеңкелеріне, сонымен қатар 1867 жылы халықаралық жәрмеңкеге де қойылады.

Осылайша, түркістандық ғалымдар 1870 – 1880 жылдары қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын зерделеуде елеулі жұмыстар атқарады. Олар қызықты және ғылыми маңызды материалдарды жинайды және бірқатар өзекті этнографиялық мәселелерді зерттейді. Түркістандық ғалымдардың жазған тарихи-этнографиялық әдебиеттері ондаған жекелеген монографиялық, журналдық және газеттік еңбектердің мазмұнын құрайды. Осы еңбектердің арқасында орыс және дүниежүзілік қоғамдастық алғаш рет Сырдария, Хиуа, Қызыл-құм қазақтары туралы түсініктерге ие болады. Түркістандық ғалымдардың еңбектері негізінен сипаттаушылық тұрғыда жазылса да, олардағы мәліметтердің ғылым үшін маңызы жоғары болды.

Қазақ ауылдарында болған және онда біраз уақыт өмір сүрген көптеген орыс авторлары кейін өз бақылауларының және алған әсерлерінің нәтижесін мұқият, қоспасыз сипаттап жазады. Олар Түркістан халқының ұлттық құрамын, олардың тілін зерделейді.

Сонымен қатар сол кезде үстемдік құрып тұрған жартылай ресми этнографияның Түркістан халқының мәдениеті мен тұрмысын зерттеуге өктем көзқараспен қараған тұстары да болды, жергілікті халықтың мұң-мұқтажына немқұрайлы қарап, өкімет орындарын олардың ирригациялық қондырғыларын және неғұрлым құнарлы алқаптарын тартып алуға, отаршылдық езгіні күшейтуге шақырады; қазақтарды қырғыздардан, тіпті өзбектерден де ажыратпайды.

Түркістан өкіметтері де отарлаушылық саясаттың мүддесіне пайдалану үшін өлкені ғылыми зерттеуге белгілі деңгейде қолдау көрсетіп отырады. Әсіресе, олар патша үкіметінің үстемдігін орнату және нығайту үшін жергілікті заңдық құқықтарды зерттеуге және отарлаушылық аппаратты күшейтуге көп мән береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

XIX ғасырдың ортасында орыс ғалымдары қазақ халқын этнографиялық зерттеу саласында үлкен жұмыстар жасайды. Татищевтің, Рычковтың, Адреевтің, Левшиннің еңбектерінің арқасында орыс және әлемдік ғылым қазақ халқы туралы ауқымды және шынайы мәліметтерге ие болады. ХҮІІІ ғасырдың 30-жылдарынан бастап, яғни Кіші және Орта жүздер Ресейдің бодандығын қабылдағаннан кейін, қазақ халқы орыс ғылымының ерекше және өсе түскен нысанасына айналады. XIX ғасырдың бірінші жартысында ізденістер кеңейіп, тереңдейді және қазақтар туралы этнографиялық мәліметтер жинақтала береді, бұл мәліметтерді Ресей халықтарының өмірін бейнелеуге тырысқан орыс жазушылары да пайдалана бастайды.

Бірақ XIX ғасырдың ортасына дейін этнография мен фольклортану жеке ғылым ретінде даралана қоймады. 1725 жылы ғылым Академиясының ашылуы Ресейдегі этнографиялық зерттеулердің дамуында елеулі роль атқарды. Орыс ғалымдарына бірқатар ғылыми-теориялық мәселелерді шешімін табудың және Қазақ даласына ғылыми экспедицияларды ұйымдастырудың мүмкіндігі туады. Алайда этнографиялық материалдар жағымсыз идеялық-методологиялық позиция тұрғысында қарастырылады.

Әсіресе, қазақ халқының рухани мәдениеті нашар зерттелді. Патша үкіметі мен дворяндық тарихнама халық өмірінің осы маңызды тұсымен шұғылданбағанымен қоймай, оның ұлттық мәдениетінің өрлеуін әрдайым тұншықтырып тастауға тырысады. Бұл жағдай көптеген авторлардың еңбектеріне үлкен із тастайды. XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ фольклорының бірде-бір шығармасы жарияланбады. Қазақтардың ауыз әдебиеті болмаған немесе назар аударуға тұрмайды деп жарияланды. Реакциялық авторлар қазақ халқына «жабайы», тіпті мәдени дамуға қабілетсіз халық ретінде қарады. Өз кезегінде бұны әшкерелеген Ш.Уәлиханов болды.

ХҮІІІ ғасырдың 30-жылдарынан бастап қазақтарды өзінің төл атауымен атауды да доғарады.

Царизмнің реакциялық әрекеттеріне қарамастан, орыс ғалымдары қазақ халқының этнографиясын мұқият және объективті түрде зерттеуге тырысады. Олар қызықты материалдар жинақтайды, ал ХҮІІІ ғасырдың аяғында жай термешіліктерден жинақтаушы еңбектерге ауысады.

Қазақ халқын этнографиялық зерттеу демократиялық және реакциялық, ашық шовинистік бағыттардың идеологиялық күресі жағдайында жүреді.

Ал XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ этнографиясының зерттелуінде тек орыс ғалымдары ғана емес, қазақ ойшылдары да өздерінің зор үлестерін қоса бастады. Бұған 1867 жылы Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің құрылуының септігінің тигендігін жоққа шығаруға болмайды.

Әсіресе, XIX ғасырдың 70-жылдары Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің ең жарқын кезеңі болып табылады. Онда еңбектері Ресейде қазақ халқын этнографиялық зерттеу тарихындағы жарқын беттерінің бірін құрайтын Ы.Алтынсарин, М.С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, С.А.Жантөрин, В.Н.Плотников тәрізді талантты этнографтар қызмет жасады. Этнографиялық зерттеулер саласына қосқан ерекше үлестері үшін күміс медальға ие болған алғашқы қазақ М.С.Қ.Бабажанов болса, Б.Дауылбаев екінші және соңғы қазақ болды. Олардың еңбектерінің Қазақ халқының өзге елдерге танылуында үлкен роль атқарып, қазақтың жеке тарихында да, этнографиялық зерттелуінің тарихында да маңызын ешқашан жоғалтпайтындығы ақиқат.

Ал XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Ресейде қазақ халқының этнографиялық зерттелуі құрамына қазақ ауылдары кірген әкімшілік бірліктердің облыстық және өлкелік орталықтарында шоғырланды. Осылайша орыс ғылымының қазақ халқының этнографиясын зерттеу жөніндегі жұмыстары одан әрі жалғаса берді.

Маңызды оқиғалардың тізбегі:

1. 1714 – 1717 ж.ж. – А.Бекович-Черкасский және И.Д.Бухгольц экспедициялары;
2. 1733 – 1743 ж.ж. – Бірінші академиялық экспедиция жұмыстарының арнаулы бағдарлама-нұсқау бойынша жүргізілуі;
3. 1737 ж. – геодезист Алексей Норовтың Кіші және Орта Жүздердің жерлері енген өлкенің алғашқы картасын құрастыруы; оы кезден бастап қазақ жерлері барлық орыс карталарында белгілене бастайды.
4. 1738 – 1739 ж.ж. – Кіші және Орта Жүздердің ауылдарында Татищевтің арнайы тапсырмасымен офицер Карл Миллердің болуы;
5. 1742 – 1743 ж.ж. – Карл Миллердің қазақ ауылдарында екінші рет болуы;
6. 1740 – 1741 ж.ж. – Қазақ этнографиясын зерттеуге зор үлесін қосқан Д.В.Гладышев пен И.Муравин экспедицияларының жүргізілуі;
7. 1744 ж. – П.И.Рычковтың «Орынбор қаласының сипаттамасы» деп аталатын алғашқы ғылыми еңбегінің жарық көруі;
8. 1759 ж. – П.И.Рычковтың «Орынбор тарихы» атты еңбегінің жарық көруі;
9. 1768 – 1774 ж.ж. – Екінші академиялық экспедиция жұмысының ұйымдастырылуы;
10. 1769 ж. – қазақ ауылдарына П.С.Палластың келуі;
11. 1773 ж. – П.С.Палластың «Ресей империясының әртүрлі провинцияларына саяхат» атты еңбегінің жарық көруі;
12. 1772 ж. – Н.П.Рычковтың «Капитан Николай Рычковтың 1771 жылғы қырғыз-қайсақ даласына саяхатының күнделікті жазбалары» атты кітабын жариялауы;
13. 1771 ж. – И.Люттовтың жинақталған географиялық және этнографиялық мәліметтердің негізінде Орта Азия, Қазақ далалары және олармен көршілес елдердің картасын құрастыруы;
14. 1773 ж. – Ф.А.Полуниннің «Ресей мемлекетінің географиялық лексиконы» деп аталатын еңбегінің жариялануы;
15. 1782 ж. – М.Д.Чулковтың «Орыс наным-сенімдерінің сөздігі» атты еңбегінің жарық көруі; онда қазақ тойларының салт-дәстүрлері, жерлеу мен садақаларындағы жоралғылары, наным-сенімдері туралы мәліметтер келтіріледі.
16. 1785 – 1790 ж.ж. капитан И.Г.Андреевтің қазақ халқының этнографиясы бойынша тұңғыш арнайы еңбек жазуы;
17. 1785 ж. – Қазақ халқының этнографиясы үшін маңызды болып табылатын М.Д.Чулковтың «Ресей коммерциясына тарихи шолу» атты еңбегінің жарық көруі;
18. 1822 ж. – «1803 және 1804 жылдары қырғыз-қайсақтарда тұтқында болғандағы Үлкен Савваның басынан кешкен хикаяларының жазбалары» деп аталатынның жариялануы;
19. 1807 – 1823 ж.ж. – Қазақ даласын саудагер Мұртаза Фейзуллин аралап, патша шенеуніктеріне қазақтар туралы көптеген қызықты мәліметтерді жеткізуі;
20. 1806 ж. – Ішкі істер департаментінің белгісіз қызметкерінің «Сібір және онда мекендеуші халықтар туралы бірнәрселер» атты мақаласының жариялануы;

- 21.1808 ж. – Е.Ф.Зябловскийдің «Ресей империясының қазіргі сыртқы жағдайындағы статистикалық жай-күйі» деп аталатын кітабының жарық көруі; оның «Бұхара, Қырғыз Ордасы және Хиуамен құрғақтағы сыртқы сауда» деген тарауында орыс көпестері мен қазақтардың арасындағы тауар айырбастары, бұл айырбастың тең емес және отаршылдық тонаушылық сипат алғандығы атап өтіледі.
- 22.1810 ж. – М.Баккаревичтің «Сібірге статистикалық шолу» атты еңбегінің жарық көруі;
- 23.1801 – 1808 ж.ж. – Л.Максимович және А.Щекатовтардың «Ресей мемлекетінің географиялық сөздігі» атты 7 томдық еңбегінің жарық көруі;
- 24.1811 ж. – Бұқтырма бекінісінен жолай қазақ ауылдарында тілмаш Путинцевтің болып қатйтуы;
- 25.1855 – 1856 ж.ж. – белгісіз автордың «Қырғыз даласы туралы ескертпелер» деп аталатын еңбегінің жарық көруі;
- 26.1816 – 1818 ж.ж. – И.Добровольскийдің «Азиялық музыкалық журналында» алғаш рет қазақтың халықтық әуендерінің де жазбасының пайда болуы;
- 27.1811 – 1820 ж.ж. – Қазанда Ресейдегі тұңғыш провинциялық газет «Казанские вестидің» шығарылуы; онда қазақ халқы туралы да материалдар жарияланып тұрды.
- 28.1807 – 1821 ж.ж. – қазақтарға тән қару-жарақтармен қаруланған, киінген тек ер адамдар, жауынгерлер мен салт аттылар бейнелеген суретші А.О.Орловский суреттерінің салынуы;
- 29.1826 ж. – Парижде француз тілінде Е.К.Мейендорфтың «Арал және ежелгі Яксарт теңіздерінен шығысқа қарай созылып жатырған далалар арқылы 1820 жылғы Орынбордан Бұхараға дейінгі саяхат» деп аталатын көлемді кітабының жарық көруі;
- 30.1850 – 1866 ж.ж. – Э.А.Эверсманның «Орынбор өлкесінің шынайы тарихы» атты үш томдық еңбегінің жарық көруі;
- 31.1825 ж. – Ұлы жүз бен Солтүстік Қырғыздарға қарай полковник Шубин басқарған әскери экспедиция бағыт алуы;
- 32.1829 – 1830 ж.ж. – Семейден Сырдария өзенінің аңғарларына қарай Н.И.Потаниннің саяхат жасауы;
- 33.1831 ж. – Н.И.Потаниннің «Қырғыз даласы және Қоқан хандығы» атты еңбегінің жариялануы;
- 34.1820 – 1830 ж.ж. – Г.И.Карелиннің Қазақ даласының батыс бөлігіне саяхаты;
- 35.1826 – 1827 ж.ж. – Г.И.Карелиннің алғашқы саяхаты;
- 36.1828 – 1830 ж.ж. – Г.И.Карелиннің Ішкі Бөкей ордасының ірі ауқымды картасын, оның халқының этнографиялық сипаттамасын құрастыруы;
- 37.1832 – 1836 ж.ж. – Г.И.Карелиннің Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауларына экспедициясы;
- 38.1815 – 1816 ж.ж. Генстің Торғай мен Тобыл арасындағы кеңістіктің геологиялық-географиялық сипаттамасын құрастыруы;
- 39.1820 ж. – Г.И.Спасскийдің тұңғыш рет қазақ ертегісі «Едігені» және «Үлкен, Орта және Кіші Орданың қырғыз-қайсақтары» атты монографиялық зерттеуін жариялауы;

- 40.1826 ж. – қазақ халқының этнографиясы бойынша Г.И.Спасскийдің «Сібір және оның аралдарының географиялық және статистикалық сипаттамасы» атты шығармасының бір тарауында «Қырғыз-қайсақтар» деп аталатын очеркінің жариялануы;
- 41.1829 – 1830 ж.ж. – С.Б.Броневскийдің негізгі еңбегі «Генерал-майор Броневскийдің Орта орданың қырғыз-қайсақтары туралы жазбаларын» аяқтап, жариялауы;
- 42.1834 ж. – қазақтың поэзиялық фольклорын жоғары бағалаған, қазақ тілінің білгірі И.Беленицынның талабымен «Қозы-Көрпеш және Баян- Сұлу» жырының орыс тіліне аударылуы;
- 43.1820 ж. – А.И.Левшиннің «Жолжазбалар», «Кіші қырғыз-қайсақ ордасының ханымен кездесу» атты қазақ халқы туралы алғашқы ғылыми жазбаларының басылып шығуы;
- 44.1823 – 1824 ж.ж. – А.И.Левшиннің «Көне Сарайшық қаласы туралы хабарлары» және «Орал казактарының тарихи және статистикалық шолулары» деген очерктерінің жарық көруі;
- 45.1825 ж. – А.И.Левшиннің «Қырғыз-қайсақтардағы ағарту туралы: қазақ ордаларының сипаттамасынан үзінділер» атты мақаласын жариялауы;
- 46.1827 ж. – «Қырғыз-қазақ халқының есімдері туралы және оның шынайы және жабайы қырғыздардан айырмашылығы» атты мақаласының баспаға шығуы;
- 47.1832 ж. – А.И.Левшиннің «Қырғыз-қайсақ, немесе қырғыз-қазақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты еңбегі;
- 48.1836 ж. – В.И.Дальдің қазақ халқының этнографиясы үшін шынайы оқиғалардың негізінде «Бекей мен Мәулене» повесін жазуы;
- 49.1845 ж. – Ресейде этнографиялық бөлімі бар Орыс географиялық қоғамының (ОГК – РГО) құрылуы;
- 50.1847 – 1861 ж.ж. – Қоғамның қазақ халқы туралы көлемді материалдар мен зерттеулерді жариялауы;
- 51.1846 ж. –Я.В.Ханыковтың ұсынысымен жалпы география Бөлімі Қазақ даласының жаңа картасын жариялау туралы шешім қабылдауы;
- 52.1845 ж. – Я.В.Ханыковтың «Ішкі және Кіші орда қырғыздарының жерлерінің картасын» құрастыруы;
- 53.1848 – 1849 ж.ж. – А.И.Бутаков экспедициясының Арал теңізін суретке түсіруі;
- 54.1850 – 1851 ж.ж. – Қазақ даласына алғашқы ғылыми сапарды жасаған этнограф П.И.Небольсиннің саяхаты;
- 55.1851 ж. – Я.В.Ханыковтың «Арал теңізінің және Хиуа хандығының төңірегімен бірге картасын» құрастыруы;
- 56.1855 ж. – Я.В.Ханыковтың «Орта Азияның солтүстік-батыс бөлігінің қосымшалармен бірге картасын» құрастыруы;
- 57.1855 ж. – «Сібір ведомствосындағы қырғыз далаларындағы сауда мен өнеркәсіп туралы» атты Г.В.Колмогоровтың мақаласы; мақалада алғаш рет қазақ қолөнершілерінің еңбек шарты мен тұрмыстық қатынасына тоқталады.
- 58.1856 – 1857 ж.ж. – Қазақ даласының шығыс және оңтүстік-шығыс шет жақтарында орыс ғалымы Семенов-Тянь-Шаньскийдің болып қайтуы;

- 59.1857 – 1862 ж.ж. – Орынборда Москва және Қазан мұражайлары үшін қазақтың этнографиялық заттарының жиналуы;
- 60.1851 – 1856 ж.ж. – В.В.Вельяминов-Зерновтың Орынбордағы қызметі;
- 61.1856 ж. – В.В.Вельяминов-Зерновтың Қасым хандығының тарихын зерттеуді бастауы;
- 62.1864 ж. – В.В.Вельяминов-Зерновтың «Исследования о касимовских царях и царевичах» атты еңбегі;
- 63.1835 – 1865 ж.ж. – қазақтың ұлы ғалымы, этнограф және ағартушысы Шоқан (Мұхаммед-Қанапия) Шыңғысұлы Уәлиханов;
- 64.1876 ж. – Д.Я.Самоковсовтың «Сібірдегі жатжерліктердің әдеттегі құқығының жинағын» шығаруы;
- 65.ХІХ ғ. 80-ж.ж. – Н.И.Гродековтың бастамасымен қазақтардың заңдық әдет-ғұрыптарын неғұрлым жан-жақты зерделеудің жүргізілуі;
- 66.1887 ж. – Н.И.Гродековтың жинаған материалдарды «Сырдария облысының қырғыздары және қара-қырғыздары» атты кітапта жариялауы;
- 67.1867 ж. – жаратылыстану, антропология және этнографияға қызығушылар Қоғамының ұйымдастырған орыс этнографиялық көрмесіне Шыңғыс Уәлиханов, Арынғазы Ханқожиндердің сый ретінде әкелген қазақтың этнографиялық экспонаттарының қойылауы;
- 68.1887 – 1888 ж.ж. – А.Н.Харузиннің Бөкей ордасына саяхаты.
- 69.1887 – 1889 ж.ж. – А.А.Ивановскийдің Семей облысына келуі;
- 70.1890 ж. – Ембі уезінде М.А.Леванскийдің болып қайтуы;
- 71.1894 ж. – Н.А.Аристовтың Ұлы жүз қазақтары мен Жетісу облысының халқын құрап отырған қырғыздардың этникалық құрамын анықтауға арналған алғашқы ірі еңбегін жазуы;
- 72.1832 ж. – 1898 ж. шамасында қ.б. – қазақ этнографы М.С.Қ.Бабажанов
- 73.1841 – 1889 ж.ж. – қазақ ағартушысы, педагог, жазушы және этнограф Ы.Алтынсарин;
- 74.1866 – 1868 ж.ж. – Ы.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосының қырғыздарындағы құда түсу мен үйлену кезіндегі салттардың очеркі», «Орынбор ведомствосының қырғыздарындағы жерлеу мен ас беру кезіндегі салттардың очеркі» атты алғашқы ғылыми еңбектерінің жазылуы;
- 75.1880 ж. – Ы.Алтынсариннің «Қырғыз даласындағы ашаршылыққа байланысты» атты мақаласы;
- 76.1858 – 1862 ж.ж. – В.Н.Плотниковтің қазақтардың тұрмысы бойынша этнографиялық альбом құрастыруы;
- 77.1837 – 1901 ж.ж. – Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің белсенді мүшесі сұлтан Т.А.Сейдалин;
- 78.1874 – 1875 ж.ж. – Т.А.Сейдалиннің жинаған және орыс тіліне аударған қазақ поэзиясы үлгілерінің С.А.Жантөрин материалдарымен бірге баспада пайда болуы;
- 79.1881 ж. – қабілетті этнографтардың бірі, Орынбор бөлімінің мүше-қызметкері Б.Дауылбаевтың «Торғай облысы Николай уезінің қырғызының 1830 жылдан 1880 жылға дейінгі өмірі туралы әңгіме» атты мақаласын жариялауы; бұл үшін ол Орыс географиялық қоғамының күміс медалін алады.

- 80.**1859 және 1860 ж.ж. – А.Ф.Голубевтың Жетісудың астрономиялық маңызды 16 пунктін анықтауы және жергілікті қазақ халқы туралы этнографиялық мәліметтер жинауы;
- 81.**1867 – 1868 ж.ж. және 1869 – 1870 ж.ж. – орыс суретшісі В.В.Верещагиннің Түркістанға саяхаты;
- 82.**1867 ж. – П.И.Лерхтің Жанкент қирандысы мен Арал бойындағы өзге де архитектуралық және археологиялық ескерткіштерді зерделеуі;
- 83.**1867 ж. – В.В.Верещагиннің Орынбордан Ташкентке сапары; бұл суреттердің қазақтың ұлттық киімдерінің жекелеген элементтерін зерделеуде құны өте жоғары.
- 84.**1866 ж. – шығыстанушы П.И.Пашиноның «Түркістан мен көрші Орта азиялық хандықтар туралы барлық қажетті мәліметтерді жинау үшін» Ташкентке жіберілуі;
- 85.**1868 ж. – П.И.Пашиноның «1866 ж. Түркістан өлкесі» деп аталатын кітаптың мазмұнын құраған этнографиялық және статистикалық материалдарды жинауы;
- 86.**1867 ж. – А.И.Макшеевтың Түркістанға саяхаты;
- 87.**1868 – 1869 ж.ж. – В.В.Радловтың Түркістан өлкесіне саяхаты;
- 88.**1870 ж. – В.В.Радлов «Түркі тайпаларының халықтық әдебиетінің үлгілері» атты еңбегі; еңбектің үшінші томы қазақтарға арналған.
- 89.**1870 ж. 28 сәуір – «Туркестанские ведомости» газетінің жарыққа шығуы;
- 90.**1868 ж. 2 ақпан – С.А.Идаровтың Түркістан статистикалық комитетіне жергілікті баспасөздің қажеттілігі туралы айтылған арнайы хаты;
- 91.**1872 ж. – А.П.Хорошхиннің «Қызыл-құм күнделігінің» жарық көруі;
- 92.**1874 ж. – Түркістанда Орыс географиялық қоғамының Әмудария экспедициясының жұмыс жасауы;
- 93.**1872 ж. – Түркістанда «Русский Туркестан» деп аталатын жинақтың баспаға дайындалуы;
- 94.**1873 ж. – түркістандық ғалымдардың Хиуа жорығымен байланысты экспедицияларға қатысуы;
- 95.**1883 ж. – семинария тәрбиеленушісі қазақ Ишмұхаммед Букиннің «Қырғыздардағы дене және ақыл-ой тәрбиесі» атты мақаласын жариялауы; «Орыс-қырғыз және қырғыз-орыс сөздігін» шығаруы;
- 96.**1894 ж. – семинария тәрбиеленушісі Хұдабай Құстанаевтың «Перовск және Қазалы уездері қырғыздарының этнографиялық очерктері» атты брошюра жариялауы;

Тесттік тапсырмалары:

\$\$\$ 1. Қай кезден бастап Ресейде «этнография» ұғымы кең тарала бастады?

- A) XX ғ. басы
- B) XIX ғ. аяғы
- C) XVIII ғ.
- D) XVII ғ. аяғы
- E) XX ғ. ортасы

\$\$\$ 2. Ұрпақтар арасында этномәдени ақпаратты таратуды қамтамасыз ету арқылы кеңістік тұрақтылық пен мәдени интерграцияны қамтамасыз ететін функцияның түрі қай функцияға жатады?

- A) Нормативтік
- B) Танымдық
- C) Коммуникативтік
- D) Инструменталдық
- E) Белгілік

\$\$\$ 3. Этностың негізгі ерекше белгілері

- A) Кешендік белгі
- B) Тарихи белгі
- C) Ұжымдық белгі
- D) Физикалық белгі
- E) Жанұялық белгі

\$\$\$ 4. Қидан, меркіт, найман қай аумақты мекендеген?

- A) Қытай
- B) Монголия
- C) Шри-Ланка
- D) Вьетнам
- E) Бангладеш

\$\$\$ 5. Қандай этностарды титульдық халықтар деп атайды?

- A) Өздерінің атымен аталатын, өзіндік мемлекеттік құрылымы бар этностар.
- B) Өзге ұлт мемлекетінің аумағында тұратын және өзіндік этникалық тұрмысын жасаушы этникалық қоғам.
- C) Өздерінің дәстүрлік шаруашылық түрімен айналысатын абориген халықтар
- D) Белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан халық бірлестігі
- E) Барлық жауап дұрыс

\$\$\$ 6. Төменде көрсетілген рулардың қайсысы ұлы Жүзге жатпайды?

- A) Үйсін
- B) Қоңырат
- C) Дулат
- D) Ошақты
- E) Сергелі

\$\$\$ 7. Қазақтардың пайымдауынша қай күн сәтсіз болып саналады?

- A) Дүйсенбі
- B) Сейсенбі
- C) Сәрсенбі, бейсенбі

D) Жұма, Сенбі

E) Жексенбі

\$\$\$ 8. Қай түркі тілдес халықтың тілі қазақ тіліне жақын келеді?

A) Әзірбайжан

B) Түркімен, татар

C) Якут

D) Қырғыз, қалпақ

E) Ұйғыр

\$\$\$ 9. Қымыз бен қойдың сүтін араластырғанда жасалынатын сусын қалай аталады?

A) Қойыртпақ

B) Айран

C) Шалап

D) Шұбат

E) Қатық

\$\$\$ 10. Төменде көрсетілген жануарлардың қайсысы көшпелі өмірге жарамсыздау болып келеді?

A) Жылқы

B) Ешкі

C) Сиыр

D) Қой

E) Түйе

\$\$\$ 11. Қазақстанның қай аймағында тас қашау өнері жақсы дамыған?

A) Жетісу

B) Шығыс Қазақстан

C) Орталық Қазақстан

D) Батыс Қазақстан

E) Солтүстік Қазақстан

\$\$\$ 12. Қай ру Ұлы жүздің көп бөлігін қамтиды?

A) Дулаттар

B) Шапырашты

C) Үйсіндер

D) Қаңлылар

E) Жалайыр

\$\$\$ 13. XIII ғасырға дейін наймандардың этно-саясаттық бірігуі қай аумақты қамтыды?

A) Оңтүстік Қазақстан

B) Моңғолиядан бастап Ертіс пен Жетісуға дейін

C) Жетісу

D) Батыс Қазақстан

E) Сарыарқа

\$\$\$ 14. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстанда көшудің қай түрі қалыптасты?

A) Уақытша

B) Жыл бойы

C) Күштеп көшу

- D) Отырықшы
- E) Меридиандық

\$\$\$ 15. Оңтүстік Қазақстаннан көшпелі түркі тілдес халықтарының арасына ислам дінінің таралуына үлкен үлес қосқан кім?

- A) Қ.А.Яссауи
- B) Әл-Фараби
- C) Ибн Сина
- D) Жүсіп Баласағұн
- E) М.Қашқари

\$\$\$ 16. Көзге көрінбейтін, адамдарға байлық пен дарын сыйлайтын қасиетті пайғамбарды қазақтар қалай атайды?

- A) Диуана
- B) Сүлеймен
- C) Періште
- D) Дәуіт
- E) Қыдыр

\$\$\$ 17. Қай рулар Кіші Жүзге жатады?

- A) Арғын, Дулат
- B) Қыпшақ, Қоңырат
- C) Ошақты, Сіргелі
- D) Адай, Табын
- E) Тобықты

\$\$\$ 18. Суармалы егіншіліктің таралған негізгі аудандары:

- A) Бүкіл Қазақстан
- B) Каспий -Арал бойы
- C) Батыс Қазақстан
- D) Солтүстік Қазақстан
- E) Оңтүстік-Шығыс Қазақстан

\$\$\$ 19. Орталық Қазақстандағы егіншілердің негізгі егіншілік құралы:

- A) Жерағаш
- B) Шоқай ағаш
- C) Имек ағаш
- D) Тісағаш
- E) Омаш

\$\$\$ 20. XIII ғ. дейін Моңғолиядан бастап Ертіс пен Жетісуға дейінгі жерді қандай тайпалар мекендеді?

- A) Үйсін
- B) Найман
- C) Оғыз
- D) Қыпшақ
- E) Қимақ

\$\$\$ 21. Сақтар өздерінің ат мифологиясын немен байланыстырады?

- A) Жермен
- B) Таулармен
- C) Аспанмен

D) Күн және отпен

E) Теңізбен

\$\$\$ 22. Орталық, Оңтүстік және Солтүстік Қазақстандағы киіз үй формасына ұқсайтын құрылыс қалай аталды?

A) Тошала

B) Шошала

C) Киіз үй

D) Шалаш күрке

E) Жалым үй

\$\$\$ 23. Қазақтарда үйленгенде кигізетін бас киім қалай аталады?

A) Бөрік

B) Сәукеле

C) Кимешек

D) Жаулық

E) Тақия

\$\$\$ 24. Ортағасырлық ойшылдарынан кім қазақ халық медицинасына үлкен үлес қосты?

A) Қожа Ахмет Яссауи

B) Әл-Фараби

C) Ибн-Сина

D) Махмуд Қашқари

E) Жүсіп Баласағұн

\$\$\$ 25. Қазақша аты дыбыс шығару ерекшелігінен пайда болған музыкалық инструментті көрсетіңіз:

A) Қыл қобыз

B) Шертер

C) Сыбызғы

D) Домбыра

E) Аса таяқ

\$\$\$ 26. Әртүрлі зергерлік бұйымдарды дайындау үшін зергерге қажет форма жинағы қалай аталды?

A) Қысқаш

B) Қалып

C) Сызғыш

D) Қашау

E) Егеу

\$\$\$ 27. Зергерлік бұйымдарды жасағанда зергерлердің қолданылатын негізгі әдістерді атаңыз:

A) Кестелеп тігу

B) Шиге жайып орналастыру

C) Ыссы су шашып басу

D) Шиге орап тарту

E) Темір бетіне күміспен өрнек салу

\$\$\$ 28. Сырмақтың текеметтен айырмашылығы:

A) Өлшемімен

- B) Жүннің сапасымен
- C) Байларда сырмақ, кедейлерге текемет
- D) Сырмақ мейрам күнінде, ал текемет күнділікті қолданады.
- E) Сырмақ қабырғаға, текемет еденге

\$\$\$ 29. Тасаттық дәстүрін қазақтар не себептен қолданады?

- A) Бала туған кезде
- B) Үй жануары қысыр қалған кезде
- C) Соғысқа дайындық кезінде
- D) Ауырған кезде
- E) Құрғақшылық кезде

\$\$\$ 30. Ежелгі түріктің мифологиялық ата-бабасы:

- A) Аққу
- B) Жылқы
- C) Жолбарыс
- D) Қасқыр
- E) Бүркіт

\$\$\$ 31. Қай ескерткіш бейіт құрылысының жоғарғы этапы болып саналады?

- A) Сандық тас
- B) Күмбез
- C) Сағанатам
- D) Қойтас
- E) Қошқартас

\$\$\$ 32. Киіз басу бұйымдарын шығарудың мозаикалық техникасы Қазақстанның қай бөлігінде?

- A) Оңтүстік-Шығыс Қазақстан
- B) Батыс Қазақстан
- C) Оңтүстік Батыс Қазақстан
- D) Орталық Қазақстан
- E) Батыс Қазақстан

\$\$\$ 33. Революцияға дейінгі уақытта қазақтардың тұрмысында не көп таралған?

- A) Сырмақ
- B) Түскиіз
- C) Текемет
- D) Қалауыш
- E) Палас

\$\$\$ 34. Қазақстанның қай аймағы ежелден кілем өндіру аймағы

- A) Алтай, Тарбағатай
- B) Жетісу
- C) Сырдария бассейні
- D) Ертіс және Үшім өзендерінің бассейні
- E) Оралдың төменгі жағы

\$\$\$ 35. Қазақтардың кілем шығару өнерінің шектес халықтардың кілем шығару өнерінен айырмашылығы қандай?

- A) Мақта шикізатымен

- B) Қой жүні шикізатымен
- C) Зығыр шикізатымен
- D) Жібек шикізатымен
- E) Кендір шикізатымен

\$\$\$ 36. Ежелгі түрік киіз үйі қашан пайда болды?

- A) II мың жылдық ортасында
- B) б.э.дейінгі I мың жылдық ортасында
- C) I мың жылдық ортасында
- D) I мың жылдық басында
- E) I мың жылдық аяғында

\$\$\$ 37. Ақтөбе облысында шым үйлерді қалай атайды?

- A) Жер кепе
- B) Жер үй
- C) Қазба үй
- D) Жер төле
- E) Шошалы

\$\$\$ 38. XVIII ғ. дейінгі қазақ даласына маталар қай жақтан әкелінді?

- A) Шығыс Түркістаннан
- B) Европадан
- C) Жоңғариядан
- D) Ресейден
- E) Кавказдан

\$\$\$ 39. Ұзын лентадан жасалған теңгелермен әшкерленген қыздардың бұрымына байланатын бұйым қалай аталады?

- A) Қапсырма
- B) Шолпы
- C) Шашбау
- D) Түйреуіш
- E) Өмірше

\$\$\$ 40. Қарсыласын жеңу мақсатында жылқы үстіндегі жарыс спорттың қай түріне жатады?

- A) Аламан бәйге
- B) Сайыс
- C) Аударыспақ
- D) Жорға жарыс
- E) Алтын қабак

\$\$\$ 41. Аспан жорықтарының қайсысы кез-келген жыл мезгілінде басты бағдар болып табылады?

- A) Темірқазық
- B) Жеті қарақшы
- C) Үркер
- D) Шолпан
- E) Құс жолы

\$\$\$ 42. Шаманның басты рәсімдік құралы:

- A) Домбыра

- B) Қобыз
- C) Сыбызғы
- D) Шертер
- E) Жетіген

\$\$\$ 43. Таң алдында шығатын жұлдыздың аты қандай?

- A) Үркер
- B) Сүмбіле
- C) Шолпан
- D) Қос жұлдыз
- E) Үш арқар

\$\$\$ 44. «Райымбек» қай рудың ұраны?

- A) Дулат
- B) Үйсін
- C) Арғын
- D) Албан
- E) Шекті

\$\$\$ 45. Қазақстанның қай аймағында халық ең аз орналасқан?

- A) Батыс
- B) Оңтүстік
- C) Шығыс
- D) Солтүстік
- E) Орталық

\$\$\$ 46. Төменде көрсетілген саяси орталықтардың қайсысы қазақ халқының қалыптасуының алғашқы аумағы болды?

- A) Алтын Орда
- B) Мауреннахр
- C) Моғолстан
- D) Көк Орда
- E) Ақ Орда

\$\$\$ 47. Ұлттық спорттың қай түрлері Орталық Азияның, Қазақстанның, халықтарында кездеседі?

- A) Сайыс
- B) Күміс алу
- C) Аударыспақ
- D) Көкпар тарту
- E) Алтын қабал

\$\$\$ 48. Металдан, ағаштан, бамбуктан, сүйектен, арқаннан жасалатын доға тәрізді формасы бар құралды қалай атайды?

- A) Сыбызғы
- B) Қобыз
- C) Домбыра
- D) Шаңқауыз
- E) Шертер

\$\$\$ 49. Бас киімге тігілген әйел бұйымы:

- A) Өңірше

- B) Алқа
- C) Тамақша
- D) Тұмарша
- E) Сырға

\$\$\$ 50. Кеуде бұйымына жататын бұйым:

- A) Білезік
- B) Қапсырма
- C) Шашбау
- D) Шолпы
- E) Өңірше

\$\$\$ 51. Мына рулардың қайсысы Кіші Жүзде көп кездеседі?

- A) Найман
- B) Байұлы
- C) Әлімұлы
- D) Жетіру
- E) Қыпшак

\$\$\$ 52. Қандай сословие тек өзінің шежіресін Пайғамбардан бастайды?

- A) Би
- B) Батыр
- C) Төленгіт
- D) Төре
- E) Қожа

\$\$\$ 53. Хандардың ұрпақтары деп кімді атайды?

- A) Төленгіт
- B) Қожа
- C) Төре
- D) Батыр
- E) Би

\$\$\$ 54. Ұлы Жүз қазақтарының орналасқан жерлері:

- A. Торғай даласынан Шығыс Қазақстанға дейін
- B. Жоңғар Алатаудан Батыс Алтайға дейін
- C. Ертіс пен Ішім өзендерінің бассейні бойында
- D. Жетісу, Іле өзені бассейні бойында, Шу және Талас өзендерінің отасында.
- E. Сырдарияның төменгі және орта ағысынан бастап Орал және Тобылға дейін.

\$\$\$ 55. Қай рулық бөліну Орта жүзде ірі болды?

- A. Арғын
- B. Керей
- C. Қоңырат
- D. Наймандар
- E. Қыпшақтар

\$\$\$ 56. Түйе сүтінен жасалатын сусын қалай аталады?

- A) Қымыз
- B) Қатық
- C) Айран
- D) Ірімшік

Е) Шұбат

\$\$\$ 57. Қазақ халқының айтарлықтай бөлігінің, әсіресе Оңтүстік аудандар мен Жетісуда егіншілікке өту қай уақыттан басталады?

А) XIX ғ. ортасында

В) XIX ғ. аяғында

С) XVIII ғ. ортасында

Д) XVIII ғ. басында

Е) XV ғ. басында

\$\$\$ 58. Түрік пен араб халықтары қандай антропологиялық нәсілге жатады?

А) Аралас

В) Австралоид

С) Негроид

Д) Монголоид

Е) Европеид

\$\$\$ 59. Түрік, азербайжан, татар, түркімен қандай тілдік жанұяға жатады?

А) Алтай

В) Семито-хамит

С) Дравид

Д) Кавказ

Е) Финн-угор

\$\$\$ 60. Сібір халықтары қандай тілде сөйлейді?

А) Палеоазиаттық

В) Алтайлық

С) Үнді арийлық

Д) Монғол

Е) Семиттік

\$\$\$ 61. Автохтондық халық деп кімді атайды?

А) Басқа ұлттардың халқын

В) Жергілікті халық

С) Көшпенді халық

Д) Отырықшы халық

Е) Біріккен халық

\$\$\$ 62. Түріктердің этникалық тарихы қай ғалымның еңбегінде көп қарастырылған?

А) Н.Масанов

В) С.Ақынжанов

С) Л.Гумилев

Д) Ж.Ибрагимов

Е) М.Тәгімов

\$\$\$ 63. Ислам діні қашан пайда болды?

А) IX ғ.

В) VII ғ.

С) III ғ.

Д) б.з.б V ғ.

Е) I ғ.

\$\$\$ 64. Ірі ру-тайпалық бөлінудегі орта жүздегі арғындардың басшысы:

- A) Ақжол, Қарақожа, Аманжол
- B) Райымбек, Байсуан
- C) Бахтияр
- D) Қарасай
- E) Жауатар

\$\$\$ 65. «Қырық бытыр» жыры қай халықтың жыры?

- A) Өзбек
- B) Ноғай
- C) Қалмақ
- D) Татар
- E) Чуваш

\$\$\$ 66. Сібір халықтары арасында қандай діни наным-сенімдер кеңінен тарайды?

- A) Тәңірге сену
- B) Магия
- C) Тотемизм
- D) Шаманизм
- E) Анимизм

\$\$\$ 67. Қазақтарда қолөнер қай кезден бастап, натуральды шаруашылықтан бөлініп, өзіндік салаға айналды?

- A) XIX ғ. басында
- B) XIX ғ. II жартысы
- C) XVII ғ. басында
- D) XVIII ғ. ортасы
- E) XVIII ғ. аяғы

\$\$\$ 68. Ағаш шебері қандай құралдарды пайдаланады?

- A) Жіп
- B) Ине
- C) Тас
- D) Шертер
- E) Қашау

\$\$\$ 69. Орталық Қазақстанда Сырдарияның орта ағысынан оңтүстікте Солтүстік Қазақстандағы Орал тауларының етегінде орналасқан ру-тайпа:

- A) Байұлы
- B) Жетіру
- C) Әлімұлы
- D) Найман
- E) Керей

\$\$\$ 70. Кіші Жүздегі Байұлы ру-тайпа бірлестігінің құрамына қандай тайпалар кірді

- A. Шекті, Шөмекей
- B. Табын, Тама
- C. Байбақты, Жаппас
- D. Қаракесек, Қарасақал

Е. Төлеу, Кердері

\$\$\$ 71. Кете, шөмекей, төртқара тайпалары қандай ірі ру-тайпа бірлестігінің құрамына кіреді?

- А. Байұлы
- В. Әлімұлы
- С. Жетіру
- Д. Найман
- Е. Керей

\$\$\$ 72. Орта Жүздің негізгі тайпалары:

- А. Адай, Беріш, Шеркеш
- В. Төртқара, Кете, Шөмекей
- С. Найман, Арғын, уақтар
- Д. Шапырашты, албандар, дулаттар
- Е. Суан, Жалайыр, Ошақты

\$\$\$ 73. Орта Азияда кеңінен тараған «қарабайыр» ұрпақтары жылқыларды негізінен қай жерлерге жайды?

- А. Батыс Қазақстан
- В. Орталық Қазақстан
- С. Шығыс Қазақстан
- Д. Оңтүстік Қазақстан
- Е. Солтүстік Қазақстан

\$\$\$ 74. Орталық Қазақстандағы жүні қалың қой тұқымы қалай аталды?

- А) Зайсандық
- В) Жетісулық
- С) Адайлық
- Д) Еділбай
- Е) Солтүстік

\$\$\$ 75. Қай кезден бастап көшпелі жылқы шаруашылығы Қазақстан халқының негізгі ісі болып табылды?

- А) XV-XVII ғ.ғ.
- В) Б.з.д. III м.ж.
- С) Б.з.д. I м.ж. ортасы
- Д) Б.з. I м.ж. ортасы
- Е) VII-VIII ғ.ғ.

\$\$\$ 76. «Қаптағай» қай рудың ұраны?

- А) Арғын
- В) Дулат
- С) Найман
- Д) Қыпшак
- Е) Керей

\$\$\$ 77. Қай ғасырда Қазақстанда оқу орындарының – мектептердің, медреселердің саны өсті және көптеген жазушылар қазақтар арасында исламның күшеюі туралы жазды?

- А) XVII ғ. аяғы
- В) XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы

- C) XVIII ғ. басы
- D) XX ғ. ортасы
- E) XVI ғ. ортасы

\$\$\$ 78. Төмендегі тайпалардың қайсысы Кіші Жүзге жатпайды?

- A) Қаракесек
- B) Қоңырат
- C) Әлім
- D) Кете
- E) Тама

\$\$\$ 79. Жылдың кез-келген мезгілінде киюге болатын қай киім әмбебап киім болып есептелінді?

- A) Ішік
- B) Шапан
- C) Тон
- D) Кебенек
- E) Көйлек

\$\$\$ 80. Ноғай халқының негізгі жыры:

- A) «Қамбар-батыр»
- B) «Алпамыс»
- C) «Қыз-Жібек»
- D) «Манас»
- E) «Қырық батыр»

\$\$\$ 81. Қазақстанның қай аумағында өрнексіз кілем жасау кеңінен таралған?

- A) Жетісу
- B) Орталық Қазақстан
- C) Орал өңірі
- D) Қытаймен шекаралас жерлер
- E) Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Атырау

\$\$\$ 82. Шақша ыдыс неден жасалынды?

- A) Киік мүйізі
- B) Пластикалық мүйізден
- C) Қошқардың мүйізінен
- D) Ірі қараның мүйізінен
- E) Жылқылардың қабырғасынан

\$\$\$ 83. Киізді дайындау үшін қандай нәрселер қолданылады?

- A) Қалыптарға құю
- B) Филигрань
- C) Чеканка
- D) Қашау
- E) Шиге жайып орналастыру

\$\$\$ 84. Түрлі геометриялық пішінді болып келетін төртбұрышты формадаң тұратын сәулет өнерінің туындысы қалай аталды?

- A) Құлпытас
- B) Қошқар тас
- C) Қой тас

D) Сағанатам

E) Күмбез

\$\$\$ 85. Ру, тайпа немесе басқа да қоғамдық топтардың ішіндегі некеге отыру дәстүрі қалай аталады?

A) Полигамия

B) Эндогамия

C) Полиандрия

D) Промискуитет

E) Экзогамия

\$\$\$ 86. Экзогамия дегеніміз не?

A) Түрлі этникалық түр өкілдерінің арасындағы некеге отыру және жанұя құру

B) Ру, тайпа немесе басқа да қоғамдық топтар арасындағы ішкі некеге отыру дәстүрі

C) Көп әйел алу

D) Көп күйеуге тию

E) Берілген дәстүр адамзаттың алғашқы қоғамдық құрылыс кезіндегі ретсіз жыныстық қатынасы

\$\$\$ 87. Түрлі этникалық топтардың қалыптасу, даму, өзіндік мәдениетін, ұжымдық тәртіп пен қарым-қатынастар заңдылығын зерттейтін қандай ғылым?

A) Тарих

B) Этнография

C) Археология

D) Этнология

E) Антропология

\$\$\$ 88. Түріктердің ежелгі діни наным-сенімдері:

A) Синтоизм

B) Брахманизм

C) Индуизм

D) Ислам

E) Тәңірге сену

\$\$\$ 89. «Манас» эпосы ортаазиялық қандай халықтың эпосы болып саналады?

A) Тәжік

B) Түркімен

C) Қазақ

D) Өзбек

E) Қырғыз

\$\$\$ 90. Түркі тілдес тайпалары туралы деректер бар Орхон-Енисей жазулары қашан пайда болды?

A) III ғ.

B) V ғ.

C) X ғ.

D) VIII ғ.

E) V ғ.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата, 1966.
2. Масанов Э.А. Об этнографическом изучении Казахстана в России до 1845 года. – Алма-Ата, 1959.
3. Масанов Э.А. Домашние промыслы и ремесла казахов: Ист.- этнографический очерк. – М., 1960.
4. Масанов Э.А. Кочевая цивилизация казахов: Основы жизнедеятельности общества. – А.-М., 1995.
5. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд или степей. / Под ред. М.К.Козыбаева. – А., 1996.
6. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. – А., 1993.
7. Брусиловский Е. Қазақ қауымы: Тарихтық және этнографиялық шолу. – А., 1995.
8. Филипп Ефремов. Десятилетнее странствование. – М., 1952.
9. Казахско-русские отношения в XVI – XVIII веках. Т. 1. – А.-А., 1961.
10. Татищев В.Н. Избранные труды по географии России. – М., 1950.
11. Фетисов М.И. Русско-казахские литературные отношения в первой половине XIX в. – А.-А., 1959.
12. Дневные записки плавания А.И.Бутакова на шхуне «Константин» для исследования Аральского моря в 1848 – 1849 г.г. – Ташкент, 1953.
13. Бромлей Ю.В. Современные проблемы этнографии. – М., 1981.
14. Токарев С.А. Истоки этнографической науки. – М., 1978
15. Шалекенов У.Х. Әлем халықтарының этнологиясы. – А., 2002
16. Абиля Е. Этногенез казахов. Опыт системного подхода. Кустанай, 1997.
17. Ақынжанов М.Б. Қазақтардың шығу тегі туралы. – А., 1957.
18. Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – А., 1998.
19. Артыкбаев Ж. Казахское общество: традиции и инновации. – Караганда, 1993
20. Исмагулов О. Этническая антропология казахов. – А., 1982.
21. Қалиев С., Базилов Ж. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және демократ ағартушылары. – А., 1993.
22. Востров В.В. Новые материалы по этнографии казахов – адаевцев. // Тр. Института истории, археологии и этнографии АН Каз. ССР. Т 8. – А.-А., 1960.
23. Востров В.В. Этнографическое изучение казахского народа. // Советская этнография. – 1972. - № 4.
24. Касымбаев Ж.К., Масанов Н.Э. Этногенез казахов в освещении русской этнографии. // Вопросы истории Казахстана в русской дворянско-буржуазной и современной историографии советологов. – А.-А., 1985.
25. Сарсенбаев М.А. Законы и обычаи в истории Казахстана и Средней Азии. // Изв. АН Каз. ССР. Сер. обществ. наук. – 1989. -№ 3. – С. 83 – 90.
26. Тонарев С.А. К методике этнографического изучения материальной культуры. // Советская этнография. – 1970. - № 4. – с. 9.

27. Косвен М.О. Этнографические результаты Великой северной экспедиции 1733 – 1743 г.г. // Сибирский этнографический сборник. Т. 3. – М.-Л., 1961.
28. Материалы и исследование по этнографии казахского народа: Сб. ст. / Ред. Колл.: В.В.Востров, Х.Аргынбаев. – А.-А., Изд-во АН Каз ССР, 1963.
29. Савельев Н.Я. Автобиография исследователей Средней Азии на рубеже XVIII и XIX веков Т.С.Бурнашева. // Краеведческие записки. Вып. 2. – Барнаул, 1959.
30. Аравин П. Русское учение о казахской музыке XVIII – первой половины XIX в.в. // Музыказнание. Вып. VI. – А.-А., 1968.
31. Сарсенбаев М.А. Законы и обычаи в истории Казахстана и Средней Азии. // Изв. АН Каз. ССР. Сер. обществ. наук. – 1989. -№ 3.
32. Абрамзон С.М. Этнографический альбом художника П.М.Кошарова (1857). // Сборник Музея антропологии и этнографии. Т. XIV. – М.-Л., 1953.
33. Кармышева Дж. Х. Земледельческая обрядность у казахов. // Древние обряды, верование и культы народов Средней Азии. – М., 1986.
34. Очерки истории исторической науки в СССР. Т II. – М., 1960.

Мазмұны:

Кіріспе.	3
I тарау. Қазақстанның Ресейге қосылуы қарсаңындағы этнографиялық зерттеулердің дамуы. (XVIII ғасырдың екінші ширегі – XIX ғасырдың ортасы)	
1.1. Қазақ этнографиясы мәселелерінің И.К.Кирилов, В.Н.Татищев, Г.Ф.Миллер еңбектерінде талдануы. (XVIII ғасырдың екінші ширегі).	6
1.2. Орыс адамдарының қазақ даласына сапарлары туралы хабарламалар және есептері. И.П.Рычковтың еңбектері.	11
1.3. Екінші академиялық экспедицияның этнографиялық жұмыстары. (XVIII ғасырдың үшінші ширегі).	14
1.4. Орыс адамдарының XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі Қазақ даласына сапарлары. И.Г.Андреевтің еңбектері.	19
1.5. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басындағы этнографиялық зерттеулер.	23
1.6. XIX ғасырдың 20 – 40-жылдарындағы этнографиялық материалдардың жинақталуы.	27
1.7. Г.И.Спасский, Н.Я.Бичурин, А.И.Левшин, В.И.Дальдің еңбектері.....	30
II тарау. XIX ғасырдың ортасы және екінші жартысындағы этнографиялық зерттеулердің дамуы.	
2.1. Орыс географиялық қоғамының құрылуы және оның 1845 – 1861 жылдардағы қызметі.	34
2.2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми қоғамдардың қазақ халқының этнографиясын зерттеуі.	34
2.3. Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің құрылуы және оның қызметі.	43
2.4. Оңтүстіктегі қазақтардың зерттелуі және түркістандық ғалымдар мен өлкетанушылардың қызметі.	46
Қорытынды.	53
Маңызды оқиғалардың тізбегі.	54
Тесттік тапсырмалар.	59
Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі.	72

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 75 бет 6,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.